

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
дербес білім беру ұйымының

2020 ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

1-бөлім

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ ҚЫЗМЕТІ

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1-ТАРАУ. ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

11	1.1. Зияткерлік мектептерде қашықтан оқытуды ұйымдастыру
15	1.2. Мектептер желісі және оқушылар контингенті
17	1.2. Оқушыларды конкурстық іріктеу
22	1.3. Виртуалды және демалыс мектебі

2-ТАРАУ. ПЕДАГОГ КАДРЛАР

25	2.1. Мұғалімдерді конкурстық іріктеу
27	2.2. Педагог кадрлардың сапалық құрамы
29	2.3. Біліктілікті арттыру жүйесі
40	2.4. Педагог қызметкерлердің қызметін бағалау
41	2.5. Педагог мамандардың жетістіктері

3-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

47	3.1. Білім беру бағдарламалары
59	3.2. Білім беру ресурстары
75	3.3. Тәрбие жұмысы
85	3.4. Қосымша білім беру
91	3.5. Медициналық және психологиялық қызметтердің жұмысы

4-ТАРАУ. ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ

5-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ

- 107 5.1. Оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу
- 111 5.2. Критериалды бағалау жүйесі
- 111 5.3. 5, 10, 12-сынып оқушыларын сырттай жиынтық бағалау
- 113 5.4. Зияткерлік мектептерді аккредиттеу
- 114 5.5. NIS-PROGRAMME білім беру бағдарламасын және NIS сертификатын тану

6-ТАРАУ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 117 6.1. Үлгерім және білім сапасы
- 118 6.2. Халықаралық және республикалық олимпиадалар, конкурстар, конференциялар және ғылыми-зерттеу жұмыстары
- 124 6.3. Халықаралық емтихан нәтижелері
- 127 6.4. Жоғарғы оқу орындарына түсу

ҚОСЫМШАЛАР

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСТАР МЕН ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

ДББҰ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫ МЕН ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

“

Назарбаев Зияткерлік мектептері – жастардың әлеуметтік лифті...

”

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев



2020 жыл, 11 желтоқсан, «Jas Otan» V съезі

Құрметті әріптестер, мұғалімдер, ата-аналар және серіктестер!

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мәселелер мен жетістіктерді талдай отырып, жыл сайын орындалған жұмыстар қорытындысын шығарады.

2020 жыл екіұшты болып, бүкіл әлемдік қоғамдастық үшін бетбұрысты болды, әлем жаңа шындықпен беттесті, алайда бұл жаңа оқу, оқыту және бағалау тәсілдерін жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктеріне айналды.

Пандемия жүйелеріміздің тұрақтылығы, олардың виртуалды кеңістікте орын таба алуы, одан әрі даму мүмкіндігіне қатысты сұрақтарды тудырды. Сонымен қатар, біз жүйенің маңызды компоненттері кез-келген жағдайда өзгеріссіз— қалатынына тағы бір рет көз жеткіздік.

Мектеп білім беру институты ретінде, мұғалім ұрпақтар арасындағы білім, мәдениет және құндылықтардың негізгі жетекшісі ретінде, сонымен қатар білім беру үдерісіне қатысушылар арасында өзара әрекеттестік әрқашан болады. Алайда байланыс үдерісі және оған бейімделу өзгеруі мүмкін.

Жұмысымызды қорытындылай келе, біз білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың бірігуінің арқасында білім беру сапасын жоғалтпай қашықтықтан оқытуды— сәтті енгізіп, жүзеге асыра алдық деген тұжырым жасадық.

Зияткерлік мектептердің оқушылары мен түлектері 2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді—.

2020 жылдың негізгі оқиғалар күнтізбесі



UNESCO Hamdan сыйлығы

UNESCO Hamdan 2020 кешінде «Педагогикалық шеберлік орталығы» әлемнің түрлі елдерінің 190 қатысушысы арасында «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында мұғалімдерді кәсіби дамыту» жобасымен ТОП-10 құрамына кірді.

Қазан



Әлем Мұғалімі - 2020

Зияткерлік мектептердің екі мұғалімі «Әлем мұғалімі - 2020» жаһандық сыйлығының амбассадоры атанды.

Қараша



«Құрмет» ордені

Ел алдындағы ерекше еңбегі үшін республика президенті Қасым-Жомарт Тоқаев желідегі бірінші мектептің - Нұр-Сұлтан қаласының ФМБ Зияткерлік мектебінің тұңғыш директоры - Мейрам Әміржанұлы Жәкеновке «Құрмет» мемлекеттік орденін табыстады.

Желтоқсан



«Тиімді оқыту және сабақ беру» біліктілікті арттыру онлайн-курсы

Югра – Ханты-Мансийск автономиялық округінің 450 педагог қызметкерлері үшін «Тиімді оқыту және оқыту» атты біліктілікті арттыру онлайн-курсы. Курс ACQUIN (Германия) аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету Институтының халықаралық сертификаты бар оқыту әдістемесі мен технологиялары бойынша біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының негізінде әзірленді.



2020-2021 оқу жылында Халықаралық мектепте ағылшын тілінде оқытатын біріншісыныптың ашылуы

Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектептің балабақшасында ағылшын тілінде оқытатын шетел және жергілікті мұғалімі бар мектепалды топ ашылды.

Қараша



«Мың бала» жобасы

Ауылдық жерден қабілетті балаларды қолдау және дамыту үшін «Елбасы академиясы» корпоративтік қорының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның бірлескен күш-жігерімен Ұлттық олимпиада форматында «Мың бала» бірегей жобасы іске асырылды. Ең көп балл жинаған 1000 жеңімпазға дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерде оқыту ұсынылды.

Қараша



«Powered by NIS» жобасы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Powered by NIS» жобасына бастамашылық жасады, ол еліміздің 6 өңіріндегі 14 ауыл мектебінде іске асырылуда. Ауылда білім беру қызметтерін ұсыну жағдайлары мен сапасын жақсарту үшін ұсынымдар әзірленді. Мұғалімдерді оқыту ұйымдастырылды. Демеушілер күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаржылай қолдау көрсетті, жиһаз, сондай-ақ, информатика, робототехника, көркем еңбек кабинеттеріне жабдық сатып алды.

Қаңтар



«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың шығармалары бойынша Тәуелсіз Қазақстанның тарихы» желілік конференциясы.



Ақпан



«Жыл мұғалімі» желілік байқауы

Мектептік педагогикалық шеберлік конкурстарының 20 жеңімпазы қатысқан «Жыл мұғалімі» желілік байқауы. Бас жүлдені Нұр-Сұлтан қ. Зияткерлік мектебінің химия пәні мұғалімі Бейсембаева Дина Тоқтарқанқызы иеленді. Бірінші орынды Семей қ. Зияткерлік мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Рахымжанова Камила Дәуленқызы алды.

Ақпан

ONLINE
МЕКТЕП



«Онлайн-мектеп» білім беру платформасы

«Bilim Land» компаниясымен серіктестікте қашықтықтан оқытуға арналған «Онлайн-мектеп» білім беру платформасы құрылды, onlinemekter.org.

NIS
Назарбаев
Интеллектуальные
школы

BILIM
Land

Қыркүйек



ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

1.1

Зияткерлік
мектептерде
қашықтан оқытуды
ұйымдастыру

1.2

Мектептер желісі
және оқушылар
контингенті

1.3

Оқушыларды
конкурстық
іріктеу

1.4

Виртуалды және
демалыс мектебі

1.1. Зияткерлік мектеп оқушыларын қашықтан оқыту

2020 жылдың 11 наурызында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлемде коронавирустық пандемия жариялады.

Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты (Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлығы мен ҚР БҒМ 2020 жылғы 14 наурыздағы №108 бұйрығы негізінде) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Басқармасы 2020 жылғы 6 сәуірден бастап Зияткерлік мектептердің барлық оқушыларын қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы қашықтан оқытуға көшу туралы шешім қабылдады.

Зияткерлік мектептерде қашықтан оқытуды тиімді ұйымдастыру бойынша туындайтын кез келген мәселелері жылдам шешу мақсатында әдіскерлер, IT және бағалау орталығының мамандары, білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер, психологтар, ДББҰ басшылары қатарынан жұмыс тобы құрылды. ДББҰ жұмыс тобы Зияткерлік мектептердің барлық оқушыларын қашықтан оқытуға көшіруді қысқа мерзімде жүзеге асыруға мәжбүр болды.

Жұмыс тобы Зияткерлік мектептердің қашықтан оқытуға шұғыл көшу кезінде басшылыққа алынатын негізгі талаптарды анықтады, атап айтқанда:

1. Пандемия жағдайында оқушылар мен мұғалімдердің денсаулығын сақтау.

2. Пандемия жағдайында Зияткерлік мектеп оқушыларына сапалы әрі үздіксіз білім беру/оқыту.

3. Пандемия жағдайында оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналар және мектептерге уақытылы техникалық, әдістемелік және психологиялық қолдау көрсету.

Сондай-ақ қашықтан оқытуды енгізу және оған көшу үшін нақты міндеттер анықталды:

1. Қашықтан оқытуды орта мектеп деңгейінде, атап айтқанда, төтенше жағдай кезінде ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесін, сонымен қатар технологияларды тиімді пайдалану тәсілдерін зерделеу.

2. Қашықтан оқыту барысында сапалы білім беруді қамтамасыз ету және қажетті жағдай жасау.

3. Білім беру бағдарламаларын, үлгілік оқу жоспарларын және мектеп кестесін талдау. Қашықтан оқыту форматында меңгеруге болатын пәндер мен сабақтарды анықтау.

4. Пәндер, қосымша сабақтар бойынша оқытудан күтілетін нәтижелерді қашықтан оқыту мүмкіндіктерімен салыстыру.

5. Мектептердің педагогикалық ұжымы мен оқушылардың қашықтан оқыту нысандарын пайдалануға дайындығын қамтамасыз ету.

6. Ата-аналар мен оқушыларды қашықтан оқытудың ауысуы туралы уақтылы хабардар ету.

7. Мұғалімдер мен оқушыларға техникалық қолдау көрсету (қоңырау шалу орталығы).

8. Қашықтан оқытуды білім беру үдерісіне енгізу.

9. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолданып, білім беру үдерісін жүзеге асыру тиімділігіне мониторинг жүргізу және болашақта қажет болған жағдайда оқытудың осы түріне жаппай көшу ұсынымдарын әзірлеу.

10. ДББҰ оқушыларын қашықтан оқытуды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі құжаттардың нормативтік қорын әзірлеу.

2019-2020 оқу жылының 4-тоқсанына дейін Зияткерлік мектептердің қашықтан оқыту жағдайында білім беру қызметін реттейтін мынадай нормативтік құжаттар әзірленді:

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның оқушыларын қашықтан оқыту жағдайындағы білім беру қызметінің ережелері («Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2020 жылғы 27 наурыздағы шешімімен бекітілді, №9 хаттама);

2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі», «Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектеп» филиалдарының оқушыларын қашықтан оқыту туралы нұсқаулықтар («Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2020 жылғы 27 наурыздағы шешімімен бекітілді, №9 хаттама).

Осы мәселеге қатысты халықаралық білім беру тәжірибесін зерделей отырып,

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 38 бұйрығы бойынша «Адамға әсер ететін физикалық факторлар көздерімен (компьютерлер мен бейнетерминалдар) жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес онлайн режимінде сабақтар бейнеконференция форматында жүргізіліп, ұзақтығы 20 минут болып белгіленді. Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі сабақтардың ұзақтығы Халықаралық Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне байланысты 30 минут болып белгіленді.

Зияткерлік мектеп оқушыларын (Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектепті қоспағанда) қашықтан оқытуды ұйымдастыру алаңы ретінде Microsoft Office 365 – Teams бағдарламалық өнімі таңдалды.

Білім беру үдерісіне қатысушылардың барлық санаттары үшін Microsoft Teams алаңында қашықтан оқытуды ұйымдастыруға қатысты нұсқаулық материалдар әзірленді. Зияткерлік мектептердің барлық оқушылары мен мұғалімдері Microsoft Teams тіркеулік жазбаларымен қамтамасыз етілді, оларды мектептердің АТ-мамандары орталықтандырып басқарады. Тіркеулік жазбаларды орталықтандырып басқару және пайдалану құқықтарын шектеу, бірлескен жұмыс пен оқыту үшін ыңғайлы интерфейс пен жан-жақты функционалды, сапалы аудио-бейне-конференциялық байланыс орнатылып, пайдалы қызметтер жиынтығы қазір Teams бағдарламасын барлық Зияткерлік мектептерде ойдағыдай пайдалануға мүмкіндік берді.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектепте қашықтан оқыту Google Meet және Google Classroom қосымшаларының көмегімен Google G Suite for Education базасындағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып жүзеге асырылды. Бұл технологиялар осы мектептің негізгі және жоғары сыныптары Халықаралық Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларымен оқитын болғандықтан таңдалды.

Зияткерлік мектептердің оқушылары, олардың ата-аналары (заңды өкілдері) мен мұғалімдері арасында мониторингтік іс-шаралар өткізілді. Мониторинг қашықтан оқытуға көшудің техникалық мүмкіндіктерін,

қашықтан оқытуға қосылу, бейнеконференция форматында онлайн-сабақтар өткізу жағдайларын: Интернетке, компьютерлік және өзге де техникамен (компьютер/ноутбук/планшет, құлаққап, микрофон, веб-камера) қамтамасыз етілуін анықтауға мүмкіндік берді.

Мониторингтік іс-шаралардан алынған деректер бойынша оқушылар мен мұғалімдерде қашықтан оқыту үшін қажетті компьютерлік техника мен қажетті құралдардың жетіспеушілігін, тұрғылықты мекенжайы бойынша Интернетке қосылу мүмкіндігіне қатысты проблемаларды анықтады. Осы мәселелерді шешу үшін, оқушылар мен мұғалімдерге техникалық қолдау көрсету үшін Зияткерлік мектептердің ноутбуктері уақытша пайдалануға берілді, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушыларға Интернет-пакеті бар 4G модем берілді.

Оқушыны қашықтан оқытуға толық жағдай жасау үшін қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз ету қажеттілігін ата-аналарға түсіндіру мақсатында Microsoft Teams платформасында жиналыстар ұйымдастырылды. Ата-аналарға оқушыны қашықтықтан оқыту үшін үйде жағдай жасауға қатысты кеңестер берілді.

Оқушылар мен мұғалімдерге қашықтан оқытуды Microsoft Teams және Google Classroom алаңдарында ұйымдастырудың ерекшеліктері мен бағдарламалық жасақтамалардың мүмкіндіктері туралы нұсқау берілді.

Оқушылар, мұғалімдер және ата-аналардың қашықтан оқытуға дайындығын тексеру үшін, сондай-ақ Microsoft Teams, Google Classroom платформаларын және үйдегі Интернет жылдамдығын тексеру үшін сынақ сабақтары ұйымдастырылды.

ДББҰ-ның және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің сайтында «Қашықтан оқыту» деген арнайы бөлім ашылды, онда білім беру үдерісінің барлық қатысушылары үшін қашықтан оқытуды туралы өзекті ақпарат және қашықтан оқытуды ұйымдастыруға жауапты адамдардың байланыс деректері орналастырылды.

ДББҰ мектеп қоғамдастығының барлық пайдаланушыларына техникалық және консультациялық қолдау көрсету қызметінің жұмысы ұйымдастырылды. Telegram-бот

(@Teams_manual_bot) іске қосылды, онда Microsoft Teams платформасын пайдалану жөнінде оқыту нұсқаулықтары мен бейнероликтерін табуға, қашықтан оқытуды ұйымдастыруға қатысты ұсынымдар алуға, сондай-ақ әрбір мектептің техникалық қолдау чатына хабарласуға болады.

Консультациялық қолдау көрсету мақсатында ДББҰ-ның «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалының пәндік үйлестірушілері қоңырау шалу орталықтары және Microsoft Teams платформасындағы онлайн-чаттар арқылы мұғалімдерге проблемалық мәселелер бойынша қолдау көрсетті. Мұғалімдер әр пәнге қатысты Microsoft OneDrive қоймасында электрондық деректер базасын жасады: білімді бекітуге арналған материалдар мен қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар, үй тапсырмасы және оқу жоспарына сәйкес әр сабаққа арналған басқа да білім беру ресурстары, оқушыларға әр пәнге қатысты жіктелген ресурстардың электрондық базасын ашып, қолдануға мүмкіндік берілген.

Зияткерлік мектеп мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталған вебинарлар сериясы өткізілді және олар мамыр айында аяқталды. 20 вебинар қашықтан

оқытуды тиімді ұйымдастыруға арналды, атап айтқанда, бір апта мен бір тоқсанға арналған оқу жоспарларын құру, онлайн сабақ барысында оқушылардың назарын барынша сабаққа аударумен жұмыс істеу, онлайн платформаларда оқыту кезінде уәждеме жасау, қалыптастырушы бағалау құралдарын пайдалану, кері байланыс беру жайында айтылды. Кәсіби диалог барысында Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері Зияткерлік мектептердің 7-11 сыныптарында сәуір айында өткізілген 11 пәнді қамтыған 300-ден астам онлайн сабаққа ауқымды бақылау жүргізіп, нәтижелерін талдады.

2020 жылдың маусым-тамыз айларында ДББҰ Орталық аппаратының, орталықтардың, әкімшілік-басқару аппаратының қызметкерлері мен Зияткерлік мектептердің педагог мамандарына арналған АКТ-дағдыларын арттыру, MS Office (outlook, sharepoint, onedrive, onenote, forms, teams) жұмыс құралдарымен, қашықтықтан оқытуға арналған құралдармен, ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін қамтыған онлайн-оқыту ұйымдастырылды. 70 оқыту вебинарлары мен тікелей эфирлерге ДББҰ-ның 2500-ден астам қызметкері қатысты.

Оқыту вебинарларын өткізу кестесі

Кезең	Күні	Оқытудан өтетіндер	Бағдарлама	Оқытулар саны	Қатысу
1	22 маусым - 3 шілде	ОА және орталықтар	Outlook, sharepoint, onedrive, onenote, forms, teams	20	651-ден 250
2	10-12 тамыз	Мектептердегі ӘБК	Outlook, sharepoint, onedrive, onenote, forms, teams	10	495-тен 297
3	21, 24, 25 тамыз	Мұғалімдер	Қашықтан оқытуға арналған қосымша құралдар	36	
4	26, 27 тамыз	Мұғалімдер	teams, class notebook	2	1854
5	28 қазан	ОА, орталықтар және мектептердегі ӘБК	Ақпараттық қауіпсіздік	1	603
6	30 қазан	Мұғалімдер	Ақпараттық қауіпсіздік	1	1003
7	Қыркүйек 2020 - мамыр 2021	Барлық қызметкерлер	MS office бағдарламасымен жұмыс істеу дағдыларын арттыру	8	

Зияткерлік мектептердегі білім беру үдерісі нақты уақыт режимінде (вебинар, топтық бейне-конференц-байланыс, топтық және жеке консультациялар), сондай-ақ уақыт кідірісімен (вебинар жазу, топтық бейне-конференц-байланысты жазу, өз бетінше жұмыс істеуге арналған пәндер бойынша тапсырмалар, жеке кері байланыс беру және т.б.) цифрлық технологияларды қолдана отырып жүзеге асырылды.

Интернет жылдамдығы төмен немесе интернетке қолжетімділігі жоқ елді мекендерде тұратын оқушылар Зияткерлік мектептердің ерекше бақылауында болды. Microsoft Teams-та онлайн-сабақтар мен консультацияларға қатысуды есепке алуды пән мұғалімдері мен кураторлар жүзеге асырды. Кураторлар ата-аналарды (заңды өкілдерді) қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқыту үдерісі туралы, кестедегі өзгерістер туралы, оқушыларға кері байланыс беру туралы, оқыту барысы мен оқу нәтижелері туралы, білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін жағдай жасау қажеттілігі туралы хабардар етіп, оқушылармен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) күнделікті байланысты жүзеге асырды.

2020-2021 оқу жылының бірінші жартыжылдығында Нұр-Сұлтан қаласының Халықаралық мектебінде негізгі және жоғары мектеп оқушылары қашықтан оқытуды жалғастырды, бастауыш мектеп оқушыларының бір бөлігі қашықтан оқытылды, ал екінші бөлігі ата-аналарының жазбаша өтінішімен дәстүрлі жүйе бойынша арнайы жасақталған «кезекші сыныптарда» оқыды.

2020-2021 оқу жылының алдында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарында мұғалімдерге көмек ретінде оқушылардың оқыту нәтижелерін бағалау және сабақ мазмұны бойынша нұсқаулық-әдістемелік материалдар: «Дене шынықтыру», «АӘЖТД», «Өнер» пәндерінен қашықтан оқытуды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Жиынтық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша мұғалімдерге вебинарлар өткізілді, чаттарда, топтарда және басқа да алаңдарда мұғалімдерге күнделікті әдістемелік қолдау көрсетілді.

2020 жылы қыркүйек айының басында Зияткерлік мектептерде оқушыларға уақтылы педагогикалық қолдау көрсету

мақсатында мамандандырылған бағдарламалық жасақтамалар арқылы 2019-2020 оқу жылының 4-тоқсанында қашықтан оқыту қорытындыларына сәйкес пәндер бойынша оқушылардың білімі мен дағдысындағы олқылықтарды анықтауға бағытталған онлайн мониторинг жасалды.

Мониторинг нәтижелері бойынша Педагогикалық өлшеулер орталығының мамандары пәндер мен оқыту мақсаттары (мектеп, параллельдер, сынып, оқушы деңгейінде) бойынша есеп берді. Бұл педагог мамандарға оқушылардың білім алу қажеттіліктерін анықтауға және 2019-2020 оқу жылының 1 тоқсанында қашықтан оқыту барысында оқушылардың білімі мен дағдысындағы олқылықтарды жою жұмыстарының тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Оқушылардың сұраныстарын, сондай-ақ төртінші тоқсанның қорытындыларынан кейін анықталған өзекті тақырыптарды ескере отырып, қашықтан оқыту кезінде балаларды қолдау, отбасылық-тұрмыстық жанжалдардың алдын алу, интернетті шамадан тыс пайдалану, кибербуллинг жөнінде ұсынымдар, жасөспірім кезеңдегі балалардың эмоционалдық жай-күйі жайлы және т. б. тақырыптарда ата-аналарға арналған вебинарлар сериясы өткізілді.

Ата-аналар үшін «Өзгермелі әлемдегі мектеп және отбасы» диалог алаңы ұйымдастырылды, онда олар мектеп әкімшілігі мүшелеріне және жауапты қызметкерлерге қашықтан оқытуды ұйымдастыруға байланысты барлық сұрақтарды қоя алды.

Зияткерлік мектептердің оқушылары, мұғалімдері, сондай-ақ оқушылардың ата-аналары (заңды өкілдері) арасында мектеп желісінде қашықтан оқытуды зерттеудің екі циклі жүргізілді. Зерттеулер негізінде шығарылған қорытындылар әрбір Зияткерлік мектеп, білім беру үдерісінің барлық қатысушылары, ДББҰ, орталықтар мен филиалдардың қызметкерлері үшін қашықтан оқытуды тиімді ұйымдастыру мәселелеріне қатысты әрекет жасау үшін құнды нұсқаулық болып табылады.

Зерттеудің бірінші кезеңі 2019-2020 оқу жылының сәуір айында 2 200 мұғалімнің, 10 607 оқушының және 9 340 ата-ананың қатысуымен өтті.

Деректерді жинаудың екінші кезеңі 2020-2021 оқу жылының 1-тоқсанында өтті, оған 2 087 мұғалім, 9 697 оқушы, 9 833 ата-ана қатысты.

Зияткерлік мектептердің тұрақтылығын арттыру мақсатында ДББҰ мұғалімдерді, оқушыларды және ата-аналарды (заңды өкілдерді) қоса алғанда, білім беру үдерісіне қатысатын барлық қатысушылармен жүргізілетін іс-шараларды тиімді орындап, жауаптарын қабылдау үшін, барлық оқушылардың талап-тілектерін қанағаттандыру үшін, мектептердің білім беру әлеуетін арттыру үшін міндетті шарт болып табылатын жүйелі консультациялық кеңестер ұйымдастырылды.

Қашықтан оқыту білім беру саласында цифрлық технологияларды тиімді қолдандудың болашақта маңызды және қажет екенін көрсетті, оқытуды әрбір оқушының мүддесіне, қарқыны мен қабілетіне бейімдеуге мүмкіндік беретін «жеке тұлғаға

бағытталған оқыту» моделін осы цифрлық технологиялар негізінде құруға болатынын көрсетті.

Індеттен кейін барлығын қалпына келтіру туралы ойлап, біз оқушыларымыз үшін бұрынғы білім беру ортасын барынша қайта жасауымыз керек.

1.2. Мектептер желісі және оқушылар контингенті


2020 жылдың соңындағы деректер бойынша 20 Зияткерлік мектепте 15 302 оқушы (кестені қараңыз) білім алады: Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектепте - 1 309 оқушы, оның ішінде балабақшада - 129 бала, «РФММ» КеАҚ-та - 2 657 оқушы, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалда - 1 357 оқушы оқиды.

1-кесте. Зияткерлік мектептердегі сыныптар саны (2020 жыл, 10 желтоқсандағы дерек бойынша)

Мектептер	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	Барлығы 9+10 (2 жеделдетілген жыл)	9-сынып	10-сынып	11-сынып	12-сынып	Барлығы
Нұр-Сұлтан қ. ФМБ						167	225	1	114	147	139	197	990
Нұр-Сұлтан қ. ХБ						166	143		178	179	132	155	953
Ақтау қ. ХББ						141	142	1	95	71	123	103	676
Ақтөбе қ. ФМБ						116	167		138	77	158	113	769
Алматы қ. ФМБ						188	214		144	165	140	141	992
Алматы қ. ХБН						264	144	4	109	71	155	135	882
Атырау қ. ХБН						137	132	2	118	70	149	112	720
Қарағанды қ. ХББ						144	139		136	83	137	130	769
Көкшетау қ. ФМБ	59	60	56	53	54	144	110		76	65	109	62	566
Қостанай қ. ФМБ						120	117		92	72	83	125	609
Қызылорда қ. ХББ						144	166		115	76	109	95	705
Павлодар қ. ХБН						144	156		95	69	105	101	670
Петропавл қ. ХБН						144	143		78	62	121	129	677
Семей қ. ФМБ						144	142	2	95	69	136	111	699
Талдықорған қ. ФМБ	59	58	55	55	51	143	120		86	75	100	67	591
Тараз қ. ФМБ						119	192		128	70	92	119	720
Орал қ. ФМБ						120	167		110	79	119	112	707
Өскемен қ. ХБН						120	144		90	60	101	100	615
Шымкент қ. ФМБ						142	144		112	80	144	94	716
Шымкент қ. ХБН						120	142		119	91	152	92	716
Барлығы	118	118	111	108	105	2927	3049	10	2228	1731	2504	2293	15302

*Дереккөз: БАББО «Оқушылар контингенті» бөлімі

Оқушылар контингентінің әлеуметтік-экономикалық мәртебесі:



1.3 Оқушыларды конкурстық іріктеу

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушыларын конкурстық іріктеу жүйесі пәндік білімді, функционалдық сауаттылықты және тіл құзыреттілігін тексеру арқылы оқушылардың жаратылыстану-математика ғылымдарын оқудағы қабілеттіліктерін бағалауды және анықтауды қамтамасыз етеді. Іріктеу нәтижесінде NIS-Programme мазмұнын тиімді меңгере алатын (терең академиялық білімді, жан-жақты дағдыларды, үш және одан да көп тілді және т.б. меңгере алатын) және ҚР мен әлемнің жетекші жоғарғы оқу орындарына түсуге қабілетті оқушылар контингенті қалыптастырылады.

Конкурстық іріктеу жүйесінің барлық рәсімдері сапасы, әділдігі, ашықтығы және қауіпсіздігі тұрғысынан халықаралық талаптарға сәйкестігі ДББҰ мен Нидерландтағы Cito B. V. педагогикалық өлшемдер институтының бірлескен қызметімен қамтамасыз етіледі.

Оқушыларды 7-сыныпқа конкурстық іріктеу форматы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 317 қаулысымен реттелген және екі кешенді тестілеуден тұрады: жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеу қабілетін бағалау тесті («Математика» және «Сандық сипаттамалар» бөлімдері) және тілдік тест («Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі»).

Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты оқушыларды конкурстық іріктеу 2020 жылдың 14-15 наурызынан 20-21 маусымына ауыстырылды. Конкурстық іріктеуге 20 084 үміткер қатысты, бұл барлық жылдардағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады (былтырғы жылмен салыстырғанда өсім 14,9%-ды немесе +2 599 адамды құрады).

Республикалық комиссияның 2020 жылғы 14 тамыздағы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының «Өркен» білім беру грантын (бұдан әрі - Грант) беру жөніндегі отырысының қорытындысы бойынша **2 952** адам Грант иегері болды. Республикалық комиссияның 2020 жылғы 15 қазандағы отырысының қорытындысы бойынша Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарында оқуға арналған резервтік тізімдерден қосымша **153** үміткер Грант иегері атанды. 2020-2021 оқу жылында **3 105** оқушы 7-сыныпта оқуға Грант иегерлері болды.

Конкурстық іріктеуге қатысушылардың үлесі еліміздегі 6-сынып оқушыларының жалпы санынан 6,32%-ды құрады¹. Олардың басым бөлігі Алматы (17,4%), Нұр-Сұлтан (13,3%) және Шымкент (13,2%) қалаларынан, аз бөлігі - Петропавл (2,1%), Көкшетау (2,3%) және Қостанай (2,6%) қалаларынан келген үміткерлер.

2-кесте. 2018-19 жылдармен салыстырғанда 2020 жылғы конкурстық іріктеуге қатысты жалпы ақпарат

Тестілеу жылы	Грант иегерлерінің саны	Үміткерлер саны	1 бос орынға үміткерлер саны	Жіберілген үміткерлер саны	1 бос орынға жіберілген үміткерлер саны
2018	2 066	14 795	7,2	9 144 (61,8%)	4,4
2019	2 552	17 485	6,9	9 803 (56,0%)	3,8
2020	2 952	20 084	6,8	12 834 (63,9%)	4,3

¹ Конкурстық іріктеуге қатысатын үміткерлерге қатысты келешек статистикалық деректер 2020 жылғы 14 тамызда 2 952 оқушыға алғаш рет Грант тағайындау нәтижелері негізінде ұсынылды.

2019-2020 оқу жылында конкурс бір бос орынға **6,8 адамды** құрады. Бұл ретте оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға конкурс оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған конкурс көрсеткішінен 1,7 есе артық (тиісінше 8,1 және 4,9 адам). Жекелеген өңірлердегі (Алматы, Нұр-Сұлтан, Қызылорда, Шымкент, Атырау

қалалары) конкурста бір бос орынға 8 адамнан 11 адамға дейін болды.

12 834 оқушы немесе конкурсқа қатысқандардың 64%-ы шекті балл жинап, Республикалық комиссияның қарауына жіберілді (салыстыратын болсақ: 2019 жылы үміткерлердің 56%-ы жіберілді).

3-кесте. Конкурстық іріктеудің кешенді тестілеуі бойынша үміткерлерді әр мектепке бөлінгендегі нәтижелері (ең жоғары балл - 1300)

Зияткерлік мектеп	Ең жоғары балл	Екі күн тестілеуге қатысқан үміткерлер		ҚР қарауына жіберілген үміткерлер		Грант иегерлері	
		Орташа балл	Ең төмен балл	Орташа балл	Ең төмен балл	Орташа балл	Ең төмен балл
Нұр-Сұлтан қ. ФМБ	1 282	882,7	375	935	491	1 164,9	1 106
Нұр-Сұлтан қ. ХББ	1 280	872,7	380	938,2	473	1 175,1	1 122
Алматы қ. ФМБ	1 268	871,3	384	940,1	513	1 176,8	1 129
Алматы қ. ХББ	1 260	818,9	326	899,3	531	1 109,8	1 010
Ақтау қ. ХББ	1 175	715,9	304	824,8	521	1 024,7	925
Ақтөбе қ. ФМБ	1 239	736,7	361	851,6	526	1 047,9	937
Атырау қ. ХББ	1 242	726,7	345	839,4	513	1 034,9	946
Көкшетау қ. ФМБ	1 195	764,9	322	873	574	991,6	816
Қарағанды қ. ХББ	1 187	769,1	288	851,7	518	1 018,5	877
Қостанай қ. ФМБ	1 141	718,5	308	819,5	530	950,8	848
Қызылорда қ. ХББ	1 163	659	270	783,8	487	965,9	876
Орал қ. ФМБ	1 172	728,5	366	825,1	551	1 012,7	899
Өскемен қ. ХББ	1 232	743,7	339	837,6	532	965,1	776
Павлодар қ. ХББ	1 200	741	337	833,4	500	986,6	878
Петропавл қ. ХББ	1 148	717,6	401	811,2	561	897,1	779
Семей қ. ФМБ	1 203	744,3	392	855,7	499	985,2	858
Талдықорған қ. ФМБ	1 236	733,7	296	841,4	508	988,6	855
Тараз қ. ФМБ	1 225	706,2	295	826,1	511	1045,5	907
Шымкент қ. ФМБ	1 238	727,8	305	845,7	505	1080	988
Шымкент қ. ХББ	1 215	710,3	247	827,6	499	1074,7	975
Барлығы	1 282	763,8	247	868,7	473	1 043,3	776

Оқушыларды 7-сыныпқа конкурстық іріктеудің кешенді тестілеуі бойынша үміткерлердің орташа балы 2020 жылы 763,8 (ең жоғары балдан 59,6%) құрады.

Үміткерлердің орташа балының көрсеткіштерінен Нұр-Сұлтан қаласы бірінші болып тұр (882,7 б. және 872,7 б.). Орташа балдың ең төмен көрсеткіштерін Қызылорда қаласының үміткерлері көрсетті (659 б.). Ең жоғары және ең төменгі орташа балл арасындағы айырмашылық 223,7 балды құрады.

Пәндерден ең жоғары балл алғандар:

- математика пәнінен (400 б.) – 115 үміткер (Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары);
- сандық көрсеткіштер бойынша (300 б.) – 3 үміткер Нұр-Сұлтан, Алматы қ. (ФМБ);
- қазақ тілі (бірінші тіл ретінде - Т1) пәнінен (200 б.) – 117 үміткер (Нұр-Сұлтан, Семей, Алматы (ХББ), Тараз қалалары);

- қазақ тілі (екінші тіл ретінде - Т2) пәнінен (200 б.) – Қостанай, Петропавл және Семей қалаларын қоспағанда, барлық қалалардан 113 үміткер;

- орыс тілі (бірінші тіл ретінде - Т1) пәнінен (200 б.) – Нұр-Сұлтан, Алматы (ХББ) қалаларынан 40 үміткер;

- орыс тілі (екінші тіл ретінде - Т2) пәнінен (200 б.) – Атырау, Қостанай және Талдықорған қалаларынан басқа барлық қалалардан 88 үміткер;

- ағылшын тілі пәнін қазақ тілінде оқитын (200 б.) – Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларынан 85 үміткер;

- ағылшын тілі пәнін орыс тілінде оқитын (200 б.) – Қостанай, Өскемен және Петропавл қалаларынан басқа барлық қалалардан 135 үміткер.



2020 жылы 7-сыныпқа конкурстық іріктеу мынадай ерекшеліктермен сипатталды:

- COVID-19 індетіне байланысты конкурстық іріктеуге қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында рәсімдерді ұйымдастыру шарттарына барлық санитариялық нормаларды сақтауға қатысты өзгертулер енгізілді. Балаларға медициналық қызмет көрсету жұмысы күшейтілді, уәкілетті органдармен конкурстық іріктеуден бұрын, іріктеу барысында және іріктеуден кейін жүзеге асырылатын мынадай іс-шаралар келісіп, шешілді:

– үміткерлерді Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларындағы Зияткерлік мектептерде тіркеу барысында тестілеу режимінде рәсімдердің қауіпсіздігі мен ашықтығын қамтамасыз ететін шараларды нығайту үшін үміткерлердің бет-әлпетін тану жүйесі қолданылды. Бұл жүйенің табыстылығы оны келесі жылы толық енгізуді жоспарлауға мүмкіндік берді;

– рәсімдердің біразы қашықтық форматына көшіріліп, ықтимал қатерлерді жою мақсатында қосымша материалдарды (нормативтік құжаттар, ақпараттық-түсіндіру ресурстары, бейне-нұсқаулықтар және т. б.) әзірлеуді талап етті;

– үміткерлердің конкурстық іріктеуге дайындау мүмкіндіктерін кеңейтетін бастамалар іске асырылды.

Оқушыларды Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-сыныптарына конкурстық іріктеу жүйесін аккредиттеуге дайындық аясында желтоқсан айында Сараптама


және сертификаттау зерттеу орталығының (Research Center for Examination and Certification) (бұдан әрі – RCEC) өкілдерімен жұмыс кездесуі өтті. Кездесу барысында RCEC қызметінің саласы, RCEC аккредитациясынан өткен бағалау жүйесі мен емтихандар қарастырылды, ғылыми негізделген аккредиттеу әдіснамасы, оның критерийлері туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар конкурстық іріктеудің қандай да бір рәсімдері аккредиттеудің қай критерийлеріне жататыны көрсетіліп, талқыланды. Бұл жұмыс кездесуі 2021-2022 жылдарға жоспарланған іріктеу жүйесін аккредиттеуге дайындықтың бастамасы болып табылатынын айта кеткен жөн.

Сондай-ақ ағымдағы жылы Зияткерлік мектептердің 7-9, 11-сыныптарына ақылы негізде оқу үшін қосымша оқушылар қабылданды. 2020-2021 оқу жылында оқуға барлығы 89 оқушы қабылданды.

Оқушыларды 7-сыныпқа конкурстық іріктеу үшін жүргізілетін сынама тестілеу

Сынама тестілеу - үміткерлерге 7-сыныпқа конкурстық іріктеуді өткізу форматы мен шарттарымен танысуға мүмкіндік беру мақсатында жыл сайын өткізілетін рәсім. Тестілеу Зияткерлік мектептерде компьютерлік форматта өтеді.

Ағымдағы жылдың басында 8 852 оқушы үшін сынама тестілеу өткізілді, алайда 2020 жылдың желтоқсан айына жоспарланған іс-шаралар эпидемиологиялық жағдайға байланысты тоқтатылды.



Республикалық маңызы бар қалаларда (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент) жоғары сұранысқа байланысты конкурста қатысушылар үшін орын санын арттыру көзделіп отыр.

Сынама тестілеуге қатысушылар айтарлықтай озық нәтиже көрсетуде: сынама тестілеуге неғұрлым жиі қатысса, нақты конкурстық іріктеуде орташа балл нәтижесі соғұрлым жоғары болады.

4-кесте. 2020 жылдың қаңтар, ақпан айларында сынама тестілеуге және наурыз айында конкурстық іріктеуге қатысқан оқушылардың орташа балдары бойынша салыстырмалы көрсеткіштер

Үміткерлердің орташа балы:		
математикадан - 198,8 (ең жоғары балл - 400)		
сынама тестілеуге қатыспағандар	сынама тестілеуге бір рет қатысқандар	сынама тестілеуге бірнеше рет қатысқандар
183,6 [-15,2 балл]	214,2 [+15,4 балл]	242,5 [+43,7 балл]
сандық көрсеткіштер бойынша - 159,3 (ең жоғары балл - 300)		
146,4 [-12,9 балл]	173,2 [+13,9 балл]	195,2 [+35,9 балл]
тілдер бойынша - 405,8 (ең жоғары балл - 600)		
389,9 [-15,9 балл]	424,2 [+18,4 балл]	448,4 [+42,6 балл]



Сынама тестілеу үміткерлерге өздерінің ағымдағы деңгейін бағалауға және конкурстық іріктеуге қатысуға дайындықты одан әрі жоспарлауға мүмкіндік береді.

«Назарбаев Зияткерлік мектебіне түсуге дайындалу және өз мүмкіндіктерін бағалау» онлайн-курсы

www.academia.kz сайтында оқушыларды конкурстық іріктеуге дайындаудың баламалы мүмкіндігін ұсыну мақсатында «Knowledge Engineering» ЖШС-мен бірлесіп әзірленген онлайн-курс сатылады.

Бұл курс конкурстық іріктеу тестінің барлық бөлімдерінен өткен материалды бекітуге арналған оқыту материалдары мен тапсырмалардан, сондай-ақ сынамалы тестінің бір нұсқасынан тұрады.

1.4. Виртуалды және Демалыс мектебі

5 және 6-сынып оқушыларын Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына конкурстық іріктеуден өтуге дайындауды қолжетімді ету және тең құқықтарды қамтамасыз ету мақсатында тегін алаңда «Виртуалды мектеп» және «Демалыс мектебі» әлеуметтік жобалары жұмыс істейді.

Білім беру бағдарламалары орталығы Зияткерлік мектеп мұғалімдерін тартып, қазақ тілінде оқитын оқушылар үшін «Математика», «Қазақ тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті» және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша, орыс тілінде оқитын оқушыларға «Математика», «Орыс тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ағылшын тілі» пәндерінен Виртуалды мектеп оқушыларының оқуын ұйымдастыру үшін оқу материалының дайындалуын қамтамасыз етеді.

Жалпы 5 және 6-сыныптар үшін 592 сабақ әзірленді (оның ішінде 5-сынып үшін 196 сабақ және 6-сынып үшін 396 сабақ). Әзірленген материалдар Педагогикалық өлшемдер орталығына жіберіліп, «Виртуалды мектеп» АЖ-ға жүктелді.

2020 жылы Виртуалды мектеп аясында «Математика», «Қазақ тілі», «Орыс тілі» және «Ағылшын тілі» пәндерінен ағымдағы бағалау және қорытынды тестілеу тапсырмалары әзірленіп, жаңартылды.

Сондай-ақ, бірқатар құжаттар: виртуалды мектепте оқуға қатысты нұсқаулық, жиі қойылатын сұрақтар тізімі және әзірленген сабақтарға кері байланыс алу үшін оқушыларға арналған сұрақтар жаңартылды.

Виртуалды және Демалыс мектептерінде тіркеу мен оқыту жыл сайын белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі:

Оқыту	5-сыныптар	6-сыныптар
Виртуалды мектеп сайтында тіркелу	2020 жылғы 30 наурыздан 24 мамырға дейін	2020 жылғы 30 қазаннан 25 желтоқсанға дейін
Виртуалды мектеп сабақтарын оқу және тапсырмаларын орындау (онлайн)	сәуір - мамыр (5 аптаға дейін)	қазан - желтоқсан (8 аптаға дейін)
Виртуалды мектептің қорытынды тестілеуі (онлайн)	мамыр (7 күн)	желтоқсан (7 күн)
Демалыс мектебі (Зияткерлік мектептерде)	мамыр/маусым (5 күн)	желтоқсан/қаңтар (5 күн)


Жалпы білім беретін мектептердің 5-сыныптарынан 1 384 оқушы Виртуалды мектепке тіркеліп, қатысты (қазақ тілінде - 815, орыс тілінде - 530, екі тілге де тіркелгендер - 39), олардың ішінде Зияткерлік мектептердегі Демалыс мектептерінде 766 оқушы (қазақ тілінде - 458, орыс тілінде - 308) оқытудан өтті.

Жалпы білім беретін мектептердің 6-сыныптарынан 2 177 оқушы Виртуалды мектепте тіркеліп, қатысты (қазақ тілінде - 1 144, орыс тілінде - 900, екі тілге де тіркелгендер - 73), олардың ішінде Зияткерлік мектептердегі Демалыс мектептерінде 783

оқушы (қазақ тілінде - 382, орыс тілінде - 401) оқытудан өтті.

Виртуалды және Демалыс мектептерінде оқыту дайындықтың тиімділігін арттыруға, қажетті дағдыларды дамытуға және Зияткерлік мектептерге оқуға түсу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Осылайша, 2020 жылы конкурстық іріктеуге Виртуалды мектепте оқытудан өткен 1 732 оқушы қатысты. Оның ішінде 1 429 оқушы «Өркен» білім беру грантын беру жөніндегі Республикалық комиссияның қарауына жіберілді, ал 579 оқушы грант иегері болды.

Диаграмма. 2020 жылғы конкурстық іріктеуге қатысқан Виртуалды мектеп оқушыларының саны және үлесі





ПЕДАГОГ КАДРЛАР

2.1

Мұғалімдерді
конкурстық
іріктеу

2.2

Педагог
кадрлардың
сапалық
құрамы

2.3

Біліктілікті
арттыру
жүйесі


2.4

Педагог
қызметкерлердің
қызметін
бағалау

2.5

Педагог
мамандардың
жетістіктері

2020 жылы 20 Зияткерлік мектепте 2863 мұғалім, олардың ішінде



2.1. Мұғалімдерді конкурстық іріктеу

2020 жылы Зияткерлік мектептерге педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау педагог мамандарды «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарындағы бос орындарға жұмысқа орналасу ашық конкурстық іріктеу және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кадрлар резервін қалыптастырудың жаңартылған әдіснамасына сәйкес жүргізілді. Конкурсты өткізудің негізгі қағидалары:

- үміткерлердің барлығына конкурсқа қатысуға тең мүмкіндіктер беру;
- конкурс үміткерлері арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- конкурсты өткізу әділдігі, ашықтығы және жариялылығының сақталуын бақылау;
- конкурстық комиссияның алқалы шешім қабылдауы.

ДББҰ сайтында және әлеуметтік желіде конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін үміткерлер түйіндемесін тіркеу жүргізілетін және кандидаттар базасы қалыптастырылатын ДББҰ сайтының парақшасында орналастырады.

Жаңартылған әдіснамаға сәйкес бағалау рәсімдері мен құралдары жетілдірілді. 11 пәннен тест спецификациялары қайта қаралып, бекітілді, тест тапсырмаларының қоры оңтайландырылды, жаңа құрылымға сәйкес 1850 тапсырма әзірленді. Тестілеу нәтижелерін автоматтандырылған статис-

тикалық өңдеу енгізілді, бұл бағалауға қатысты шешімді субъективті қабылдауға жол берілмейді.

Конкурстық іріктеу 2 кезеңмен өткізілді: бірінші кезең – тестілеу және әдістемелік дайындықты бағалау арқылы бейіндік пәннен академиялық білімді бағалау және эссе жазу арқылы сыни ойлау дағдыларын бағалау; екінші кезең – үміткердің таңдауы бойынша үш тілдің бірі – қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде сұхбаттасу.

Байқаудың бірінші кезеңін Педагогикалық өлшеулер орталығы (бұдан әрі – ПӨО) барлық Зияткерлік мектептерде ТАО платформасында компьютерлік тестілеу жүйесін қолданып, онлайн трансляциялау арқылы жүзеге асырады.

Бірінші кезеңнің қорытындылары бойынша ПӨО Емтихан Кеңесі конкурсқа қатысушыларға пәндік және әдістемелік білімді дамытуды қажет ететін тұстарға қатысты ұсынымдар мен жеке кері байланыс береді. Тестілеу нәтижелерін талдау барысында мұғалімдер негізінен жоғары мектеп бағдарламасының тапсырмаларын және аса күрделі (олимпиадалық) тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болатыны анықталды. Эссе нәтижелерін талдау барысында рефлексивті жазу дағдысының әлсіздігі, зерттеу дағдыларын дамыту және оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, танымдық үдерісті ұйымдастыру

мақсатында әдістемелік дайындықтың жеткіліксіздігі байқалды. 2020 жылы бірінші кезең 4 рет өткізілді, оған 1471 педагог қатысты, олардың ішінен 445 педагог шекті балл жинады (30%) және екінші кезеңге жіберілді.

Екінші кезең - үміткерлермен сұхбаттасуды Зияткерлік мектептердің конкурстық комиссиялары өткізді. Конкурстық комиссия шешімімен үміткер штатқа қабылданады немесе кадр резервіне алуға ұсынылады.

2020 жылы қабылданған 137 педагог қызметкердің ішінен 55 педагог педагогикалық шеберліктің «тәлімгер-мұғалім» деңгейіне, 79 педагог - «мұғалім» деңгейіне, 2 педагог - «модератор-мұғалім» деңгейіне, 1 педагог - «сарапшы-мұғалім» деңгейіне қабылданды.

Қабылданған мұғалімдердің 53-і магистр дәрежесіне, 3-і PhD докторы және 1-і ғылым кандидаты ғылыми дәрежесіне ие. Қабылданған қызметкерлердің 17-і Назарбаев Университетінің түлектері, 4-і - «Болашақ» бағдарламасының түлектері. Педагогикалық өтілі жоқ, «тәлімгер-мұғалім» деңгейіне қабылданған 4 үміткерге біліктілік талаптарының сәйкестігіне қарай аттестатациядан өтпей-ақ «мұғалім» деңгейі берілді.

Биология пәнінен PhD дәрежесі бар сарапшы мұғалім деңгейіне және ағылшын тілінен модератор мұғалім деңгейіне конкурстан тыс негізде штатқа 2 мұғалім қабылданды.

Шетелдік педагог мамандар

2020 жылғы 1 желтоқсандағы деректер бойынша Зияткерлік мектептерде 131 шетелдік педагог қызмет етті, бұл 169 шетелдік педагог (педагог мамандардың

жалпы санынан 6%) қызмет еткен 2019 жылмен салыстырғанда педагог мамандардың жалпы санынан 4,5%-ды құрайды. Шетелдік кадрларды тарту жұмысы көп жыл бойы серіктес болып табылатын екі рекрутингтік компаниямен одан әрі жүзеге асырылуда. Есеп беру кезеңінде құжаттар мен сұхбаттарға талдау жүргізілді, бірақ індет салдарынан шекарадан өту шектеулеріне байланысты Зияткерлік мектептерге тек 1 шетелдік педагог қабылданды. 115 шетелдік мұғаліммен одан әрі ынтымақтастық туралы келісім-шарт ұзартылды.

131 шетелдік педагогтың 16-ы (12%) Халықаралық Бакалавриат Зияткерлік мектебіне, ал 6-7 мұғалім NIS-Programme бағдарламасын жүзеге асыратын 19 Зияткерлік мектепке бөлінді.

Қашықтан оқыту кезеңінде шетелдік педагог мамандардың жұмысы мемлекет ішінде және одан тыс қашықтық режимінде ұйымдастырылды. 13 шетелдік педагог 2020 жылдың қыркүйек және желтоқсан айлары аралығында сабақтарды оқу бағдарламасы мен сабақ кестесіне сәйкес өз елдерінен қашықтан өткізді.

Бейінді пәндерден шетелдік мұғалімде шетелдік педагог мамандардың жалпы санынан 62%-ды (82) құрайды. Физика пәнінің мұғалімдері - 21%-ды (28), химия - 17%-ды (23), биология - 12%-ды (16), информатика - 11%-ды (15) құрайды. Математика пәнінің 8 (6%) мұғалімі және ағылшын тілі пәнінің 11 (8%) мұғалімі қазақстандық мұғалімдер тобымен бірлесіп SAT, IELTS халықаралық емтихандарына дайындайтын элективті курстар жүргізеді, жобалық оқытуға қатысты командалық оқытуды (ЖПЖЖ) жүзеге асырады.

Шетелдік мұғалімдер контингенті 31 елден құрылған:

Еуропа және Америка (Ұлыбритания, Франция, Нидерланд, АҚШ, Канада және т. б.) елдерінен



◀ 52 мұғалім (39%)

Аустралия мен Африка (ОАР және т. б.) елдерінен



◀ 38 мұғалім (29%)

Азиядан (Филиппин, Индонезия және т.б.)



◀ 41 мұғалім (31%)

Шетелдік педагог мамандардың ішінде 5 PhD докторы (физика - 2 адам, математика - 1 адам, экономика - 1 адам, география - 1 адам), 46 магистр, 28 мұғалімнің IBDP, TESOL, TEFL халықаралық біліктілік сертификаттары және IELTS, CELTA, DELTA тілдік емтихандарының емтихан қабылдаушы сертификаттары бар.

2.2. Педагог кадрлардың сапалық құрамы

Кадрлық үдерістерді автоматтандыру мақсатында: ДББҰ қызметкерлерінің қозғалысын есепке алу, қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босатуды құжаттық рәсімдеу, қызметкерлермен еңбек қатынастарын және қызметкерлердің еңбегін ұйымдастыру, қызметкерлерді аттестаттау, кадрлар резерві, педагог кадрларды іріктеу үшін Ақпараттық технологиялар орталығымен (Бұдан әрі - АТО) бірлесіп техникалық спецификация әзірленіп, 1С-ЗУП кадрларды есепке алу жүйесі енгізілді.

Жүйені енгізу шеңберінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 34 қыз-

меткеріне, оның ішінде кадр қызметінің 32 қызметкеріне және Ақпараттық технологиялар орталығының 2 қызметкеріне оқыту семинары өткізілді.

Кадрларды есепке алу жүйесін енгізу кадрлық үдерістерді келісіп шешуді және оларды желі арқылы құжаттауды жеделдету мүмкіндігін берді. Бүгінгі күні Зияткерлік мектептердің кадрлық қызметінің инспекторлары жүйеден 7500-ден астам электрондық құжат өткізді, олардың ішіне қызметкерлерді қабылдау/ауыстыру, жыл сайынғы және әлеуметтік демалыстар және т. б. құжаттар кіреді.

Бұл жүйе ДББҰ-ның электрондық құжат айналымы жүйесімен біріктіруге бейімделіп, дайындалған және келешекте кадрлық құжаттардың қағаз нұсқаларын қолдануды тоқтатуға мүмкіндік береді.


Мұғалімдердің жастық құрамы

Мұғалімдердің жастық құрамында 2020 жылы былтырғы жылдағыдай 40 жасқа дейінгі мұғалімдердің үлесі басым және 65%-ды құрайды.

(20 Зияткерлік мектеп шеңберінде)

Жастық топ	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
30 жасқа дейін	904 (34%)	756 (28%)	784 (29%)
31 жастан 40 жасқа дейін	865 (32%)	975 (36%)	990 (36%)
41 жастан 50 жасқа дейін	524 (19%)	550 (20%)	542 (20%)
51 жастан жоғары	411 (15%)	448 (16%)	416 (15%)
БАРЛЫҒЫ	2 704	2 729	2 732

Жасы бойынша мұғалімдер саны




Мұғалімдердің педагогикалық өтілі

Зияткерлік мектептерде педагогикалық өтілі бойынша 20 жылға дейінгі өтілі бар мұғалімдер басым, олардың үлесі жалпы санының 73%-ын құрайды.

(20 Зияткерлік мектеп шеңберінде)

Еңбек өтілі бойынша мұғалімдер саны



Гендерлік құрамы

Гендерлік белгісіне қарай әйел мұғалімдер мен ер мұғалімдер арасындағы сандық арақатынас өзгеріссіз сақталады.


Гендерлік құрам	2018 жыл	%	2019 жыл	%	2020 жыл	%
Әйел адамдар	2009	74%	1981	73%	2004	73%
Ер адамдар	695	26%	748	27%	728	27%
Барлығы	2704	100%	2729	100%	2732	100%

Мұғалімдердің ғылыми дәрежесі

Зияткерлік мектептерде магистр дәрежесі бар 1 028 мұғалім жұмыс істейді, бұл мұғалімдердің жалпы санынан 38%-ды құрайды. 1 028 магистрдің 40%-ы математика, физика, химия, биология, информатика, ЖПЖЖ сияқты бейінді пәндердің

мұғалімдері болып табылады. Пәндер бөлінісінде академиялық дәрежесі бар мұғалімдердің басым бөлігі ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері (206), бұл магистранттардың жалпы санынан 20%-ды құрайды.

Пәндер бөлінісіндегі магистр академиялық дәрежесі бар мұғалімдер саны



Сондай-ақ, 20 Зияткерлік мектепте 18 ғылым кандидаты және 12 PhD дәрежесі бар мұғалім жұмыс істейді, бұл жалпы мұғалімдер санынан 1%-ды (30) құрайды.

Пәндер бөлінісіндегі PhD/ғылым кандидаттары




20 Зияткерлік мектеп мұғалімдері мен басшыларының педагогикалық шеберлік деңгейі

Педагогикалық шеберлік деңгейлері бойынша «модератор» деңгейлерінің 1,9%-ға, «сарапшы» деңгейлерінің 24,9%-ға өсуі және тиісінше «мұғалім» деңгейлерінің 1,5%-ға, «тәлімгер» деңгейлерінің 23,1%-ға төмендеуі байқалады.

Жылдар	Мектеп саны	Мұғалімдер саны	Тағылымгер	Мұғалім	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер
2018	20	2870	445	1 096	1 058	265	6	
2019	20	2800	381	924	1172	317	5	1
2020	20	2799	293	910	1194	396	5	1

Педагогикалық шеберліктің деңгейлері



2.3. ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ БІЛІК-ТІЛІГІН АРТТЫРУ

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес жыл сайын мұғалімдер мен зертханашыларға химия және биология пәндерінен өнеркәсіптік қауіпсіздік курсына сәйкес (прекурсорлардың айналымы, оларды сақтау және қол-

дану) оқыту жүргізіледі. Есепті кезеңде 480 мұғалім мен зертханашы оқытудан өтіп, сертификатталды.

Халықаралық Бакалавриаттың талаптарына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласындағы IV Назарбаев Зияткерлік мектебінің 24 мұғалімі дипломдық бағдарламалар бойынша курстардан өтті.

Нұр-Сұлтан қаласындағы ІВ Назарбаев Зияткерлік мектебінің педагог қызметкерлерін оқыту

1	Дипломдық бағдарламаға арналған Economics, 2-санат
2	Theory of knowledge, 2-санат
3	The role of the supervisor in extended essays, 3-санат
4	Дипломдық бағдарламаға арналған Mathematics Analysis and approaches, 2-санат
5	Дипломдық бағдарламаға арналған Mathematics Applications and interpretations, 2-санат
6	CAS, 2-санат

Білікті медициналық қызмет көрсету деңгейін сақтау үшін Зияткерлік мектептерде 11 қызметкер үшін оқыту курстары ұйымдастырылды.

- Медициналық және диеталық мейірбикелерге арналған «Жалпы мейірбикелік технологиялар/Емдік тамақтану»;

- Педиатр дәрігерлерге арналған «Медициналық реабилитология: физиотерапия».

Зияткерлік мектеп қызметкерлерінің еңбек қызметін, қызметкер мен жұмыс берушінің өзара қарым-қатынасына қатысты мәселелер жөніндегі келісім жасау комиссиясының жұмысын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес ұйымдастыру үшін басшыларға, заңгерлерге, кадр қызметінің инспекторларына және келістіруші комиссияның мүшелеріне арналған курстар өткізілді.

Заңгерлерді, кадр қызметінің инспекторларын оқыту		Тыңдаушылар саны
1	«Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің әңгімелері. Еңбек қатынастарын цифрландыру. Заңға тәуелді НҚА-ға өзгертулер мен толықтырулар»	20
2	«Қазақстан Республикасындағы еңбек қатынастарын заңнамалық реттеу»	40
3	«Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы. Келісушілік комиссияның жұмысы» курсы	160

Ата-аналармен жұмыс істейтін психологтардың құзыреттілігін арттыру мақсатында Зияткерлік мектептердің 53 психологы ИНТЕНСИВ 2 «Сепарациялық кешені» курсынан өтті.

Зияткерлік мектеп директорлары мен олардың орынбасарларының басқару дағдыларын дамыту мақсатында Назарбаев Университетінің курстары ұйымдастырылды.

Басшыларды оқыту		Тыңдаушылар саны
1	«Тәуекелдерді стратегиялық басқару», «Білім беру саласында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау»	4
2	«Data Analytics Basics for Executives».	39

Шымкент қаласындағы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектебі SHELL компаниясымен бірлесіп оқушылардың жоба-

лық дағдыларын дамыту әдістемесі және жобалық қызметін ұйымдастыру мәселелерін қамтитын оқыту ұйымдастырды.

Мұғалімдерді оқыту		Тыңдаушылар саны
1	SHELL компаниясының бағдарламасы бойынша ЖПЖЖ пәнінің мұғалімдеріне арналған курс	74
2	Ақтау қаласындағы ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебінің 2 қызметкері үшін Шымкент қаласындағы ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі «Жылыжай шаруашылығы» курсы ұйымдастырылды.	2

Қашықтан оқыту форматында оқытуды жүзеге асыру барысында педагог мамандарға қолдау көрсету мақсатында АКТ құзыреттілігін дамыту курстары өткізілді:

1 2020 жылдың ақпан айында Dassault Systems компаниясының «Certified SOLIDWORKS Associate» бағдарламасы бойынша Зияткерлік мектептердің информатика және робот техникасы мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру онлайн курсы өткізілді. Тыңдаушылар саны 42 адамды құрады.

NIS-Engineering жобасын жүзеге асыру аясында ДББҰ мен Dassault Systems француз компаниясы арасында «Solidworks» 3D модельдеу бағдарламалық жасақтамасын ұсыну туралы келісімге қол жеткізілді. Бағдарламалық жасақтамадан басқа, Dassault Systems компаниясы Зияткерлік мектептер мұғалімдеріне онлайн оқытудан өтуге және «Certified SOLIDWORKS Associate» (CSWA) сертификатын тегін алуға мүмкіндік берді.

2 Зияткерлік мектептердің 29 қызметкері үшін «World Robot Olympiad 2020 есептерін шешуге мұғалімдерді даярлау» тақырыбынан білім беру робот техникасы курсы өткізілді. Курс Иннополис Университетімен бірлесіп ақысыз негізде өткізілді.

3 Kaspersky Automated Security Awareness Platform компаниясымен бірлесіп, ДББҰ және оның филиалдарының барлық қызметкерлері үшін ақысыз негізде «Қашықтағы жұмыстағы қауіпсіздік. Құпиясөздер мен аккаунттар» тақырыбына онлайн оқыту жүргізілді. Оқытуға Орталық аппараттан 98 адам; орталықтардан 97 адам және Зияткерлік мектептер қызметкерлері қатарынан 310 адам қатысты.

4 Кремний алқабының Инновациялық Орталығымен (Silicon Valley Innovation Center LLC) бірлесіп Орталық аппараттың 19 қызметкеріне «Цифрлық трансформация: стратегия және практика» тақырыбына оқыту жүргізілді. Оқыту заманауи ақпараттық технологияларды пайдалануды ескеріп, ДББҰ қызметін қайта форматтау тұжырымдамасын әзірлеу аясында жүргізілді.

5 1854 мұғалімге арналған Microsoft Office 365 құралдарын пайдалануды қашықтан оқытатын курс ұйымдастырылды.

Педагогикалық шеберлік орталығы (бұдан әрі - ПШО) 2020 жылы Зияткерлік мектептері педагог мамандарының біліктілігін келесі бағдарламалар бойынша арттыру курстарын өткізу жұмысын жалғастырды:

Директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының біліктілігін арттыру бағдарламасы.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2020 жылғы 5 наурыздағы № 71/ОД бұйрығына сәйкес 2020 жылдың 17-21 тамызы аралығында директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі 20 орынбасары курстан өтті. Курстың мақсаты педагогикалық менеджмент саласындағы кәсіби құзыреттілікті арттыру болды.

Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты MS Teams платформасында қашықтан оқыту курстарының өзіндік ерекшелігі болды. MS Teams платформасы мен One Note қосымшасы курс тренеріне ілеспе форматта вебинарлар өткізуге, жұптық, топтық және сыныптық талқылаулар ұйымдастыруға, курс тыңдаушылары күнделікті өз бетінше орындайтын оқу материалдары мен тапсырмаларын орналастыруға, вебинарлар жазбасын жүргізуге және олармен бөлісуге, тыңдаушылармен жазбаша кері байланыс жасауға мүмкіндік берді.

Курстарда мектеп басшылары тәрбие жұмысы жүйесін дамытудың қазіргі заманғы тәсілдемелері туралы түсініктерін кеңейтті, заманауи мектеп мәдениетінің ерекшеліктерімен, мектеп пен мектеп ұжымын басқарудың өзекті әдістерімен танысты, оқу-тәрбие жұмысын бағалау тәсілдерін зерттеді, Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысын басқаруға жеке идеяларды енгізуді жоспарлады.

Сонымен қатар, жеке даму картасының құрылымы талқыланып, Зияткерлік мектептердің стратегиялық даму бағдарламасына сүйеніп, «төрт өлшемді білім берудің» тұжырымдамалық негіздеріне, гуманистік, әрекеттік, тұлғаға бағытталған тәрбиеге талдау жүргізілді.

Қатысушылар өз тәжірибелерінде рефлексия жасау, құндылықтар негізінде тәрбие жұмысын құру мақсатында мектеп мәдениетін өзгерту тәсілдерін қарастыру мүмкіндігіне ие болды. Педагог мамандар жаңа білім көшбасшылардың басқару

сипатына жағымды әсер ететіндіктен, ол тәрбие жұмысындағы келешек өзгерістерге әсер ете алатынын атап өтті.

Орындалған топтық және жеке тапсырмаларды және тыңдаушылардың пікірлерін талдай отырып, мұғалімдердің дағдыларын одан әрі дамыту үшін курстардың ұтымды жақтары анықталды:

Курстың ұтымды жақтары:

- курсқа қатысушылар белсенділік танытып, алдыңғы білім мен дағдыларды икемді түрде біріктіре алды;

- жұмыста «икемді» және «берік» дағдыларды біріктіру туралы қорытынды жасалды;

- оқушының жеке даму траекториясын әзірлеуге қолдау көрсету мақсатында педагог-куратор-ұйымдастырушыларға арналған ұсынымдар мен нұсқаулықтар әзірленді;

- мектеп директорларының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының оқушыларды оқытуға және оларға құндылықтарды дарытуға жағымды ықпал ететін мектеп мәдениетін қалыптастырудағы рөлі айқындалды;

- оқу үдерісін жетілдіруде іс-әрекеттегі зерттеу әдістері мен сабақты зерттеу әдістерін оқу әрекеттерімен біріктіру идеясы үлкен қызығушылық тудырды;

- оқу үдерісін басқару барысында жоспарлау міндеттерін сапалы ұйымдастырып, жүзеге асырылатыны анықталды, алайда бағалау жұмыстарын жақсарту қажет.

Педагог мамандар ПШО-ның мына тәсілдерді зерделеуге қатысты қосымша іс-шаралар ұйымдастыруын қалайтынын айтты:

- зерттеулерді оқу үдерісіне кіріктіру;

- тәрбие жұмысын басқару барысында оқу-тәрбие үдерісін құндылықтар мен бағалау (эвалюация) негізінде ұйымдастыру;

«Мұғалімнің тәжірибесіндегі зерттеулер» мектепішілік кәсіби даму курсының бағдарламасы.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2019 жылғы 4 шілдедегі № 244/ОД бұйрығына сәйкес ПШО 2019 жылғы 26 тамыз бен 2020 жылғы 23 қазан аралығында Зияткерлік мектептердің 300 педагог маманына (20 мектептен 15 педагог маманнан) арналған курстар өткізді. Курс аудиторияда және қашықтан аралас оқыту форматында өтті.

Курстың мақсаты: педагог мамандарды мектепішілік кәсіби дамыту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Зияткерлік мектептердің көшбасшы-педагог мамандарының зерттеу дағдыларын дамыту.

Курстардан өту кезеңдері:

бірінші кезең – курсалды, зерттеу тақырыбын және зерттеу тобының құрамын анықтау болды;

екінші кезең – аудиториялық, зерттеу тобында жүзеге асыру жоспарларын құрылымдау, сондай-ақ зерттеуші мұғалімнің рөлін (мектеп тренерінің рөлі) анықтау болды;

үшінші кезең – практикалық, курсаралық, педагог мамандарды әдістемелік қолдау үшін іс-әрекеттегі зерттеулер туралы үш вебинар өткізу болды;

төртінші кезең – қашықтан оқытылды. Бұл кезеңде MS Teams электрондық платформасында курстарға қатысушылардың арнайы тобы құрылды. MS Teams платформасы және One Note қосымшасы курс тренерлеріне синхронды форматта вебинарлар өткізу, жұптық, топтық және сыныптық талқылаулар ұйымдастыру, курс тыңдаушылары күнделікті өз бетінше орындау үшін оқу материалдары мен тапсырмаларын орналастыруға, вебинарлардың бейнежазбасын жасау және бөлісу, тыңдаушылармен жазбаша кері байланыс жасау мүмкіндігін берді.

Өткізілген курс барысында орындалған топтық және жеке тапсырмалар мен тыңдаушылардың пікірлерін талдау барысында мынадай мәселелер анықталды:

- қатысушылар мұғалімнің тәжірибесіндегі зерттеудің рөлін түсінуге және оқу мен оқытуды жетілдіру үшін оны өз тәжірибесіне кіріктіруге аса қызығушылық танытуда;

- қатысушылар сабақты зерттеуді іс-әрекеттегі басқару және бағалау құралы ретінде пайдаланады. Бұл ретте «ең үздік» сабақ жоспарын құру мақсатында сабақты зерттеуді қолдану қажет;

- қатысушылар оқу мен оқытудағы проблемаларды анықтайды және деректердің көмегімен оларды негіздеу барысында әртүрлі кедергілер кездеседі;

Курс барысында педагог мамандарды одан әрі әдістемелік қолдау тақырыптары анықталды:

- іс-әрекеттегі зерттеу барысында өзгерістердің әсерін бағалау әдістерін анықтау және пайдалану;

- деректерді өңдеу, талдау және түсіндіру.

Курстардан кейін 2020 жылғы 1-2 қазан аралығында курстың педагог-тыңдаушылары ПШО ұйымдастырған «Lesson Study Fest 2020» өңірлік конференциясына қатысқанын атап өткен жөн.

«Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, шығармашыл ойлау қабілетін дамыту», «Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын, шығармашыл ойлау қабілетін дамыту» білім беру бағдарламалары.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2020 жылғы 6 наурыздағы № 73/ОД бұйрығына сәйкес ПШО 1194 педагог үшін MS Teams электрондық платформасында төрт лекпен курстар өткізді, оның ішінде математикалық бағыттағы курс – 376 адам және жаратылыстану бағытындағы курстар – 818 адам курстан өтті.

Оқыту пәндері бойынша педагог мамандардың саны



Курс бағдарламасы бес модульден тұрды, оның ішінде сабақ тақырыптарына қатысты шолу дәрістері, презентациялық теориялық материалдар және бекітуге арналған практикалық тапсырмалар болды.

Курстарда педагог мамандар:

- оқушылардың функционалдық сауаттылығын, шығармашыл ойлауын дамытудан алдыңғы жылдардағы халықаралық зерттеулер тапсырмаларының мысалдарын және өз бетінше әзірленген тапсырмаларды пайдаланып, сабақтарды жоспарлауды үйренді;

- оқушылардың математикалық/жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын, шығармашыл ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететін тәсілдер мен әдістерді зерттеді;

- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық


білім академиясының әдістемелік ұсынғандарымен танысты және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудан халықаралық мектептердің тәжірибесімен бөлісті.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» педагог мамандарының кәсіби құзыреттілігін дамыту» модульдік курсы.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ 2020 жылғы 1 қазандағы № 206/ОД бұйрығына сәйкес ПШО тренерлері 250 педагог үшін «Педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» модульдік курсын өткізді.

Оқыту 2020 жылдың 5 қазанынан 3 қарашасына дейін Teams платформасында қашықтан өткізілді. Курс жалпы ұзақтығы 50 сағат болатын төрт модульден тұрды.

Академиялық сағатта көрсетілген курстық бағдарламаның мазмұны



- Сабақты бағыттау
- Оқытуды саралау
- Жобалық-зерттеу жұмыстарын дарынды оқушылармен ұйымдастыру
- Оқудағы технологиялар

Курс барысында педагог мамандар оқыту үдерісін тиімді жоспарлау дағдыларын жетілдірді, дарынды оқушыларға арналған сараланған тапсырмаларды әзірлеу және тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытты, дарынды оқушылармен жобалау-зерттеу жұмыстарын жоспарлап, жүргізуді үйренді, желілік қоғамдастықты дамыту арқылы кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтті.

Мұғалімдерге арналған семинарлар мен тренингтер.

2020 жылы мұғалімдер үшін дәстүрлі пәндік тренингтер алғаш рет онлайн режимінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагог қызметкерлерінің Тамыз конференциясы аясында вебинар форматында өткізілді.

Нәтижесінде 30 оқыту іс-шарасы өткізілді, **1 983** мұғалім оқытылды (вебинарларға 1 964 мұғалім қатысты, математикадан тренингте Зияткерлік мектептердің 19 мұғалімі оқытылды (4-сурет).

5

4-сурет. 2020 жылы өткізілген оқыту іс-шараларының саны



«Математика» пәнінің тренингінде ықтималдық-статистикалық тізбек тақырыптары қарастырылды: «Бернуллдің сынақ схемасы. Пуассонның қалыпты таралым мен таралым кестелерін қолдануға арналған тапсырмаларды орындау», «Кездейсоқ оқиғаның ықтимал-

дығын, ықтималдық теориясының негізгі ұғымдары мен формулаларының анықтамасын енгізудің әдістемелік аспектілері», «Математикалық статистиканың негізгі міндеттері. Қалыпты таралым параметрлерінің нүктелік және аралық бағаларын қою».



2022 жылы PISA зерттеулерінің кезекті циклі жоспарланғанын ескере отырып, бастауыш, негізгі және жоғары мектеп пәндеріне қатысты тренингтердің негізгі тақырыбы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жайында болды.

Тілдік пәндер аясындағы «Цифрлық ортада оқу сауаттылығын дамыту» тренингінде Зияткерлік мектеп оқушыларының оқу жетістіктері PISA-2018 халықаралық бағдарламасына мақсатты қатысу нәтижелері қаралды. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға қатысты ұсыныстар берілді: электрондық мәтіндермен; гипермәтіндер жұмыс; қарама-қайшы ақпаратты қамтитын мәтіндерді түсіну; бірнеше дереккөздерден ақпарат алу және т. б. Мұғалімдер оқу сауаттылығы деңгейін арттыруға бағытталған мақсаттардың оқу бағдарламасында қалай көрсетілгенін айқындады, оқушылардың оқу дағдысына қатысты функционалдық сауаттылығын оқу бағдарламасының мақсаттарына сәйкес дамытуға бағытталған тапсырмалар әзірледі.

Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндердің вебинарлары оқушылардың математикалық және жаратылыстану ғылымдарынан сауаттылығын қалыптастыруға арналды. Тыңдаушыларға PISA халықаралық зерттеуінің құрылымы, құзыреттілікті бағалау тапсырмаларының негізгі түрлері түсіндірілді, кіріктірілген тапсырмаларды әзірлеу және пайдалану жөнінде ұсыныстар берілді, сондай-ақ қашықтан оқыту жағдайында зертханалық және практикалық жұмыстарды іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қоғамдық-гуманитарлық және кешенді-эстетикалық бағыттағы пәндердің тренингтерінде аталған пәндерді оқытуға қатысты өзекті мәселелер: оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытудың стратегиялары мен тәсілдері, эссе жазу дағдылары, тарихи тұжырымдамаларды іске асыру жолдары, оқушылардың пәнді оқуға деген ынтасын дамыту және қолдау тәсілдері талқылауға шығарылды. Талқылауларда теориялық материалдар, практикалық қорытындылар мен мониторинг қорытындыларына қатысты ұсыныстар жазылған презентациялар негізге алынды.

Тренингтердің бағдарламалары қашықтан оқытуды және жеке тұлғаға бағытталған оқытуды ұйымдастыру жайындағы түсіндірмелер мен ұсыныстарды қамтиды, сонымен қатар тегін ресурстарға, you-tube арналарға сілтемелер берілді.

Оқыту сапасын арттыру және рефлексивті тәжірибені жақсарту мақсатында педагог қызметкерлердің зерттеу дағдыларын дамыту іс-шаралары өткізілді. Педагог қызметкерлер оқу жылына арналған кәсіби даму мақсаттарын оқыту тәжірибесін талдау, сыртқы бағалауға талдамалық есептер, халықаралық аккредиттеу негізінде анықтайды. Мақсатқа жету үшін Lesson Study және Action Research, HertsCam құралдары пайдаланылады. Сабақтар мен тәжірибені зерттеу нәтижелері мектеп деңгейінде постерлік сессия форматында талқыланып, мұғалімдердің өңірлік конференцияларында ұсынылады.

Зияткерлік мектеп мұғалімдері өткізетін іс-әрекеттегі сабақ пен тәжірибені зерттеу нәтижелерімен алмасу мақсатында желілік деңгейде жыл сайын «Мұғалім-зерттеуші» журналын шығарылуда. Биыл оған зерттеу жобаларының нәтижелерімен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 90 мақала кірді.

Тілдік және тілдік емес пәндердің мұғалімдері жүргізетін зерттеулерді, сондай-ақ әртүрлі мектептер мұғалімдерінің бірлескен жобаларын атап өткен жөн.

Мұғалімдер зерттеу үшін таңдайтын тақырыптар мен бағыттарға: оқыту сапасын арттыруға әсер ететін әдістемелік тәсілдер; оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға себептесетін стратегиялар; сараланған оқыту және бағалау; мамандандырылған пәндерді оқытуда кіріктірілген тілдік оқытуды қолдану; кәсіби қажып кетуі және оның мұғалімнің әл-ауқатына әсері жатады.

Зерттеу тақырыптарының мысалдары:

– «Математика сабақтарында сараланған тапсырмаларды қолдану арқылы

оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту»;

– «Оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытудағы қозғаушы күш -мұғалім»;

– «Проблемалық-іздеу әдісін қолдану оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға қалай ықпал етеді?»;

– «Жоғары сынып оқушыларының бойында дәлелді жазылым дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік тәсілдемелері»;

– «Жоғары мектепте физика сабақтарында оқушылардың академиялық сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында CLIL әдістемесін қолдану»;

– «The effect of physical activities on divergent thinking of middle year school students»;

– «Семей қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыру».

Журнал кәсіби тақырыптарды талқылауға арналған өзіндік пікірталас алаңы болып табылады және Зияткерлік мектептердің педагог мамандарының желілік өзара іс-әрекетін дамытуға ықпал етеді

Есепті жылы зерттеу нәтижелерін халықаралық деңгейде Орал, Көкшетау және Ақтау қалаларының Зияткерлік мектептерінен 15 мұғалім ұсынды.

Осылайша, мұғалімдер 2020 жылғы 2-4 желтоқсанда онлайн форматта өткен Дүниежүзілік сабақты зерттеу қауымдастығының (WALS) конференциясына қатысты.

- Орал қаласындағы Зияткерлік мектептің зерттеу жұмысы конференцияда үш баяндама арқылы ұсынылды. Мұғалімдер Ш.М. Хайруллина, С.З. Брекеева, С.А. Бақытжанова, Ж.С. Құлбекованың «To what extent is Lesson Study effective in developing 7th graders argumentatio skills?» зерттеуі 7-сыныпта орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі және өнер пәндерінен білімін біріктіруге, үш тілде дәлелдер келтіру дағдыларын дамытуды зерттеуге бағытталған;

- «How to develop students' research skills in conditions of distance learning?» зерттеу жобасы (Қдиршаев О. А., Опря О.В., Бақытжанова С.А., Иргалиев С.С., Панина О.А., Қазбекова А.С., Каженов Р.А.) қашықтан оқыту жағдайында оқушылардың жеке даму траекториясын қалыптастыратын зерттеу дағдыларын дамыту құралдарын жасауға бағытталды.

- Мұғалім А.А. Жасыбаева өзінің «How can feedback improve the achievements of Year 10 students in English lessons?» атты еңбегінде сабақтардағы кері байланыстың рөлін зерттеп, оның қандай формалары тиімдірек, кімнің кері байланысы маңыздырақ және оны қалай жақсартуға болатындығы деген сұрақтарды қарастырады. Алынған нәтижелерге сүйенсек, оқушылар жазбаша ұсыныстарға артықшылық береді және мұғалімнің әрдайым беретін кері байланысы олардың үлгерімін жақсартыды.

- Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектепте сабақ беретін Назым Табарак оқушының ағылшын тілі сабақтарында оқу үдерісіне интеллектуалдық қатысуына ықпал ететін «Сингулярлық» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында «Personalization that leads to equity. Equitable reality through Singularity» зерттеуінде «Research question based-learning» әдісін зерттеуді мақсат етті.

- Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің тәжірибесін тара-



татын Б.К. Абдрахманова өзінің «How can conducting Lesson Study contribute to solving the problems teachers face during distance learning?» зерттеуінде қашықтан оқыту кезінде мектеп мұғалімдерінің сабақты зерттеуге қатысу тәжірибесі мұғалімдерде туындайтын проблемаларды шешуге қалай ықпал етуі мүмкін және мектеп әкімшілігі мұғалімдерге сабақты бірлесіп жоспарлаудың тиімді әдістерін қолдануға қалай көмектесе алады деген сұрақтарды қарастырады.

Ақтау қаласындағы Зияткерлік мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ш.М. Шерубаева өзінің «How to develop learners' argumentative essay writing skills» зерттеуінде 11-сынып оқушыларына жазбаша толық жауап жазу дағдыларын қалай дамыту керек, қажетті ақпаратты әртүрлі дереккөздерден қалай алуға болады, осы дағдыларды дамыту үшін қандай жұмыс әдістері, стратегиялары мен нысандары тиімді болады деген сұрақтарды көтерді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі оқушылардың сыртқы қорытынды бағалау барысында кездестірген қиындықтарына байланысты болды.

Жоғарыда көрсетілген зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, педагог практикасын жақсартып, оны жүргізілетін зерттеу жобаларының деректері негізінде өзгерту үшін зерттеу мәдениетін дамытудың практикалық құндылығы зор.

Әдетте ДББҰ жыл сайын тамыз конференциясын - Зияткерлік мектептер желісінің педагогикалық қауымдастығының өзара кәсіби қарым-қатынас жасау кешенді іс-шарасын өткізеді. 2020 жылы конференция «Оқыту бұрынғыдай болмайды: білім беру алдындағы жаңа сын-қатерлер» тақырыбында өтті. Конференцияны онлайн форматта MS Teams платформасында өткізу Зияткерлік мектептер желісінің барлық педагог қызметкерлері мен қонақтарға (3500 адам) қатысуға мүмкіндік берді. Онлайн трансляция және онлайн жиналыстар режимінде пленарлық отырыс, панельдік пікірталастар, ашық және жабық секциялар ұйымдастырылды. Конференция материалдары conferences.nis.edu.kz сайтында жарияланған.

Бас баяндама – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрайымының баяндамасы қазіргі заманғы білім берудің жаңа шынайылықтары (реалиялары) мен жаңа мүмкіндіктеріне арналды. Пленарлық отырыста қашықтықтан оқыту форматында оқытуды ұйымдастыру және іске асыру ерекшеліктері және оқушылардың әлауқатын қолдау мәселелері қарастырылды. ДББҰ Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Питер Мехистоның «Бірге оқытамыз» кәсіби кейсі конференцияға қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырды.

«Қашықтан оқыту – жаңа нормалар» тақырыбындағы алаңда күн тәртібінің басым бағыттары: мұғалімді зерттеу және әдістемелік тұрғыдан қолдау; оқушыларды медициналық, санитарлық және психологиялық тұрғыдан сүйемелдеу; қашықтан оқыту барысында өзара топтық жұмыс т.б. мәселелер талқыланды.

Бірінші онлайн конференцияда «Педагогтың цифрлық этикетін талқылайық» атты онлайн сауалнама және педагог маманның цифрлық кеңістіктегі әдеп кодексі талқыланды.

Онлайн конференцияның тақырыптық алаңдарында кәсіби шеберлік сабақтары тиімді болды. Пән мұғалімдері жеке тұлғаға бағытталған оқыту, бағалау құралдарын әзірлеу, ата-аналармен ынтымақтасу, мектепте қолайлы және қауіпсіз орта құру және басқа да өзекті тақырыптардан білімдерін кеңейтті.

Дәстүрге айналған жыл сайынғы «Нәтижелі тәжірибелер панорамасы» байқауы Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің оқыту тәжірибесінен кейстер түрінде «Инновациялық кейс», «Өзекті кейс», «Дәлелді кейс» номинацияларында өтті. Сонымен қатар, қосымша номинациялар айқындалды: оқушыларды тарту бойынша – «Мобильді белсенділік», дағдыларды дамыту бойынша – «Онлайн тренажер», оқу материалының көрнекілігі бойынша – «Цифрлық визуализация», түйсікті басқару бойынша – «қашықтық формативка», зерттеу және жоба жүргізу дағдыларын дамыту бойынша – «Бұлтты зерттеу».

Байқауға 110 кейс қатысты, оның ішінде: Талдықорған қ. ФМБ Зияткерлік мектебі - 18 кейс, Орал қ. ФМБ - 11 кейс, Көкшетау қ. ФМБ - 10 кейс.

Онлайн дауыс беру нәтижесінде оқыту тәжірибесі ең тиімді деп танылған мұғалімдер: математика мұғалімі Бегайдаров Мұхтар Талғатұлы, «Қашықтықтан оқыту барысында nismath.org сайтының мүмкіндіктерін пайдалану», (Қызылорда қ.), физика мұғалімі Жақыпов Нұрсұлтан Русланұлы «Использование техник CLIL

для увеличения терминологического запаса учащихся с помощью онлайн инструментов», (Павлодар қ.), химия мұғалімі Серікова Күнсұлу Қайыргелдіқызы «Развитие академического языка учащихся посредством использования онлайн сервисов Quizlet и Padlet», (Көкшетау қ.).



Бегайдаров Мұхтар



Жақыпов Нұрсұлтан



Серікова Күнсұлу

«Инновациялық кейс» номинациясында - информатика мұғалімі Ким Наталья Владимировна, «CLIL в дистанционном обучении», (Талдықорған қ.);

«Өзекті кейс» - орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдері Унгаралиева Эльмира Сериковна мен Сәлменова Тайған Бисембайқызы, «10-сыныптарда Microsoft Teams платформасында орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында (Т2) өз бетінше оқу әдісін (француз шығармашылық шеберханаларының технологиясы) қолдану ерекшеліктері», (Орал қаласы);

«Дәлелді кейс» - қазақ тілі мұғалімдері Қамырова Айым Біржанқызы мен Қанафина Жанар Қайырбекқызы, «Т2 сыныптарында ЛГМ-ды меңгерту үшін Lening.aps және flippity.net платформаларының мүмкіндіктерін қолдану» (Петропавл қ.).

Қосымша номинацияларда келесі мұғалімдердің кейстері жеңіске жетті:

«Мобильді белсенділік» - қашықтан оқыту форматында оқушыларды оқыту үдерісіне тарту жөніндегі информатика мұғалімі Шалдарбеков Жәнібек Молдабекұлының «Google Drive мүмкіндіктерін қолдана отырып, оқушылардың топтық (жұптық) жұмыстарын ұйымдастыру» кейсі (Шымкент қ. ФМБ);

«Онлайн тренажер» - қашықтан оқуға қажетті дағдыларды дамыту жөнін-

дегі Алматы қ. ФМБ математика мұғалімі Сұлтан Рамазан Маратұлының кейсі, «Геймификация урока через использование системы codeforces.com» (codeforces.com жүйесі арқылы сабақты ойын түрінде өткізу)

«Цифрлық визуализация» - қашықтан оқытуда қолданылатын оқу материалының көрнекілігі; осы номинацияда көшбасшы - Өскемен қаласындағы мектептің география пәні мұғалімі Байбуров Нұржан Әуелқанұлы, «География пәнінде электронды карта салу жолдары»;

«Дистанционная формативка» - оқушылардың оқу материалын қабылдау және меңгеру деңгейін басқару жөніндегі Тараз қаласындағы мектептің биология пәні мұғалімі Үбішова Түймегүл Қылышбайқызының кейсі, «Биология сабағында сандық құралдарды қолдану: Phet, Learningapp және Google Forms»;

«Бұлттық зерттеу» - қашықтан оқыту форматында зерттеу және жобалау дағдыларын дамыту жөніндегі Орал қаласындағы мектептің информатика пәні мұғалімі Зеленов Борис Александровичтің кейсі, «Развитие навыка автоматизации процессов реальной жизни на уроках информатики в рамках реализации NIS Programme».

Байқау аясында мұғалімдердің мектеп және желілік деңгейлерде өзара кәсіби

араласуы жөніндегі кейстер «Тең теңімен – онлайн» және «Авторлық жоба» номинацияларында ұсынылды.

Қатысушылар онлайн дауыс беру арқылы «Онлайн-ресурс арқылы мұғалімдерді CLIL тәсіліне оқыту» кейсін бөліп көрсетті, онда Орал қаласындағы Зияткерлік мектеп мұғалімдерінен құралған авторлық топ – Сахиева Әсел Қуанышкерейқызы, Серізбаева Бақтыгүл Талапқызы, Серғалиева Әлия Есетқызы, Лұқпанова Айнұр Ғайнуллинқызы, Зеленов Борис Александрович – Sterik платформасында CLIL-ге оқытатын онлайн тренажер ұсынды.

«Жамбыл облысының тарихи-мәдени өлкетану» элективті курсының қолданыстағы авторлық бағдарламасы бойынша кейс ұсынғаны үшін Тараз қ. Зияткерлік мектебінің тарих пәнінің сарапшы-мұғалімі Исатаева Любовь Жантаевна жеңімпаз атанды.

Мұғалімдер мен тренелердің кәсіби дамуына әдістемелік қолдау көрсету мақсатында:

1. Тамыз кеңесі шеңберінде «қашықтықтан оқыту кезінде мұғалім практикасын дамыту» диалогтық алаңы өткізілді, онда бейнероликтер түрінде 10

үздік тәжірибе ұсынылды;

2. 11 мұғалім «Дарынды балаларды мектепте оқыту» бағдарламасы тренері, 60 мұғалім педагог мамандардың кәсіби дамуын қолдау жөніндегі тренерге оқытылып, сертификатталды;


3. «Дарынды балаларды мектепте оқыту» бағдарламасының 80 тренерінің және кәсіби дамуды қолдау жөніндегі 150 тренердің тәжірибесі бақыланды; топтық консультациялар өткізілді, онда тренерлердің қажеттіліктері анықталды, іс-шаралардың жоспарлары/бейнежазбалары, сабақты бақылау нысандары қарастырылды; әр мұғалімге ұсынымдар көрсетілген жеке кері байланыс берілді;

4. 520 педагог үшін кәсіби даму мақсатын қою, сабақты бақылау, қашықтықтан оқыту жағдайында сабақта саралауды қолдану, әрбір кәсіби шеберлік деңгейі үшін сабаққа қатысты рефлексивті есептерді жазудан 4 вебинар өткізілді.

Қашықтықтан оқыту платформасында алғаш рет «Жеке практиканы дамытуды басқару» курсы іске асырылды, онда 200 мұғалім оқытылды, оның ішінде ... адам педагог мамандардың кәсіби дамуын қолдау жөніндегі тренерлер ретінде одан әрі оқытылуға ұсынылды.



Қашықтықтан оқыту жүйесі



2.4. ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ АТТЕСТАТТАУ

Есепті кезеңде аттестаттауға 521 адам қатысты, оның ішінде 406 мұғалім және 115 педагог мамандарға теңестірілген қызметкерлер.

Мектепішілік бағалауға қатысты аттестацияның 1-кезеңінің нәтижесінде мәлімделген педагогикалық шеберлік деңгейіне 406 мұғалімнің 392-сі (96,5%) ұсынылды, 14-і (3,5%) ұсынылмады,

2-кезеңде (тәуелсіз бағалау) **Педагогикалық өлшемдер орталығына** 406 рефлексивті есеп қарастыруға ұсынылды, оның ішінде 195 есеп (48%) қажетті балды жинады;

Қорытынды 3-кезеңге 406 мұғалім қатысты, оның ішінде 345 (85%) адам мәлімделген шеберлік деңгейге ұсынылды, 61-і (15%) ұсынылмады.

Аттестаттау рәсімінсіз 52 тағылымдамадан өтушіге мұғалім деңгейі берілді, оның ішінде 4-і 2020 жылы жаңадан қабылданғандар және 48 жұмыс істейтін тағылымдамадан өтушілер. Оның ішінде 30-ы – НУ түлектері, 2-і – Болашақ бағдарламасының түлектері, 15-і – IELTS тестінен 5,0 және одан жоғары алғаны жайлы сертификаттары бар еліміздің жоғары оқу орындарының магистратура түлектері. Оның ішінде 13 - математика, 11 - химия, 6 - физика мұғалімдері.

2019 жылмен салыстырғанда мерзімінен бұрын аттестаттауға тапсырған педагог мамандардың үлесі артқан: «мұғалім-модератор» деңгейі бойынша – 18,5%, «мұғалім-сарапшы» деңгейі бойынша – 15,3%. «Мұғалім-зерттеуші» деңгейіне өтінім берген барлық педагог мамандар мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш берді. Сарапшы және одан жоғары деңгейге өтінім берген мұғалімдердің үлесі 40%-ға ұлғайды.

Тәуелсіз бағалау кезеңінде мұғалімдер сабақ бойынша рефлексивті есеп орындады, онда келесі аспектілер қамтылды:

- педагогикалық тәжірибе негізінде жоспарлау, оқыту, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды талдау;
- жоспарлау, оқыту, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды талдау негізінде сабақтың тиімділігін бағалау;
- қорытындылар бойынша мұғалім жұмысындағы өзгерістерді болжау.

Жақсы жазылған рефлексивті есеп мұғалімнің кәсіби даму мақсаттарына қол жеткізуде өз істерін қаншалықты жақсы түсінетінін көрсетеді. Рефлексивті есепті бағалау нәтижесі қол жеткізілген кәсіби шеберлік деңгейін көрсетеді және педагогикалық практиканы одан әрі дамыту мақсаттарын анықтайды.

Тәуелсіз бағалауға «мұғалім» – «мұғалім-зерттеуші» педагогикалық шеберлік деңгейіне үміткер мұғалімдердің 406 рефлексивті есебі ұсынылды. Олардың барлығы Педагогикалық өлшемдер орталығының порталына жүктеліп, құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында кодталды, сонымен қатар «CodEx» және «eTXT» бағдарламалары көмегімен плагиатқа тексеріліп, тәуелсіз сарапшылармен бағаланды.

2-кезеңнің қорытындысы бойынша 195 адам мәлімделген педагогикалық шеберлік деңгейіне қажетті балл жинады, оның ішінде «мұғалім» деңгейіне – 61 адам, оның ішінде 29 рефлексивті есеп қазақ тілінде, 20 – орыс тілінде, 12 – ағылшын тілінде; «мұғалім-модератор» деңгейіне – 92 адам (41- қаз., 39 – орыс., 12 – ағылш.); «мұғалім-сарапшы» деңгейіне – 42 адам (19 – қаз., 21 – орыс., 2 -ағылш.);

Педагогтары рефлексивті есептен ең жоғары балл жинаған зияткерлік мектептер:

– мұғалім деңгейі бойынша – Нұр-Сұлтан қ. ІВ, Ақтау қ. ХББ, Алматы қ. ХББ, Шымкент қ. ХББ Зияткерлік мектептерінен бір-бір педагог маманнан;

– модератор-мұғалім деңгейі бойынша – Нұр-Сұлтан қ. ІВ, Алматы қ. ФМБ, Нұр-Сұлтан, Қостанай, Талдықорған, Тараз және Орал қалаларында орналасқан ФМБ бағытындағы Зияткерлік мектептерден бір-бір педагог маманнан, Ақтау қ. ХББ-дан 2 педагог;

– мұғалім-сарапшы деңгейі бойынша шектік балдан жоғары алғандар: Тараз қ. ФМБ – 7, Нұр-Сұлтан қ.ФМБ – 4, Көкшетау және Талдықорған қ. ФМБ – 3, Ақтөбе қ. ФМБ – 2, Алматы, Қызылорда, Павлодар, Петропавл қалаларындағы ФМБ-дан бір педагог маманнан.

Сабаққа қатысты рефлексивті есептерді бағалау нәтижесінде мұғалімдерге кері байланысы бар жеке бағалау парақтары берілді. Тәуелсіз бағалау қорытындыларын талдау нәтижесінде Зияткерлік мектептерге мұғалімдердің кәсіби дамуын жоспарлауға ықпалдасу мақсатында педагогикалық шеберлік деңгейлерінен қорытындылар мен ұсынымдар берілген есеп ұсынылды.

Эпидемиологиялық жағдайға байланысты аттестаттаудың қорытынды кезеңі қашықтықтан өткізілді.

Мектептің және ДББҰ-ның жұмыс топтары ДББҰ аттестаттау комиссиясының отырысын санитарлық талаптарға сәйкес қашықтықтан өткізу жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алып, Басқарма Төрайымының 2020 жылғы 13 мамырдағы №119 бұйрығы негізінде аттестатталатын педагог мамандар мен оларға теңестірілген тұлғалардың мектептен де, үйден де аттестаттауға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, аттестаттау комиссиясының жұмысын қашықтан ұйымдастырды.

Аттестаттаудың қорытынды кезеңінде ДББҰ комиссиясы аттестатталатын қызметкердің құжаттарын –аттестаттаудың 1-ші (мектептік бағалау) және 2-кезеңінің (тәуелсіз бағалау) нәтижелерін; «Мұғалім – оқушылардың көзімен», «Мұғалім – ата-аналардың көзімен», «Мұғалім – әріптестерінің көзімен» сауалнамаларының нәтижелерін, сондай-ақ педагог портфолиосын қарастырып, аттестатталатын қызметкердің презентациясын тыңдады.

Аттестатталатын қызметкердің презентациясын бағалау Презентацияға қойылатын талаптарға және Презентацияны бағалау шкаласына сәйкес жүзеге асырылды. Аттестатталатын қызметкердің Презентациясын бағалау шкаласына сәйкес бағалау кезінде ДББҰ-ның аттестаттау комиссиясының мүшелері ұсынылған дәлелдерді қарастырып, көзделген педагогикалық шеберлік деңгейіне сәйкес бағалау критерийлері бойынша балл қойып, бағаланды.

Қажетті дәлелдемелерді ұсынуды қамтамасыз ету үшін әр мектепте әр мұғаліммен жеке, даму жөніндегі директордың орынбасарларымен, жұмыс топтарының мүшелерімен дәлелдер тізімін дайындау және мұғалімдердің электрондық портфолиоларына материалдарды іріктеу жұмысы жүргізілді.

Нәтижесінде ДББҰ аттестаттау комиссиясы шешім қабылдау алгоритміне сәйкес педагог қызметкерлерді аттестаттаудың қорытындысын шығарды.

Жұмыс MS Teams платформасында ұйымдастырылды, ол үшін мектептердің қолдауымен директорлардың орынбасарлары жұмысты дамыту және мұғалімдердің портфолиосын платформаға жүктеу форматына оқытылды. Аталған формат қашықтық режимінде аттестатталатын мұғалімдер портфолиосының электрондық форматымен жұмыс істеу мүмкіндігін көрсетті.

Аттестаттау өткізілгеннен кейін аттестаттаудың ұйымдастырылуын бағалау мақсатында бірқатар Зияткерлік мектептерде сауалнамалар өткізілді, сауалнама нәтижелеріне сәйкес аттестация кезінде мұғалімдерге жоғары деңгейде қолдау көрсетілген.

2.5. Жетістіктер

2020 жылдың ақпан айында «Жыл мұғалімі» желілік байқауы өткізілді, оған педагогикалық шеберліктен мектеп деңгейінде өткізілген конкурстардың 20 жеңімпазы қатысты. Қатысушылар сабақтан үзінділер көрсету және педагогикалық мәселені шешу барысында өздерінің кәсіби құзыреттіліктерін көрсетті, сөзге шешендік және «Мен тұлғамын», «Мен мұғаліммін» визит карточкасын ұсыну арқылы байқауда өз идеяларымен бөлісті. Жеке көрме үлкен қызығушылық тудырды, онда мұғалімдер баннер ұсынып, өздерінің инновациялық әдістемелік әзірлемелері туралы айтып берді.



Нұр-Сұлтан қ. (ІВ) Зияткерлік мектебінің химия пәні мұғалімі Бейсембаева Дина Тоқтарқанқызы желілік байқаудың Гран-при иегері болды.

Бірінші орынды Семей қаласындағы Зияткерлік мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі Рахымжанова Камила Дәуленқызы

алды. Петропавл қ. Зияткерлік мектептің физика пәні мұғалімі Құдабаева Дина Айтжанқызы 2-орын, ал Ақтөбе қ. Зияткерлік мектебінің мұғалімі Оспанов Мират Қорғанбекұлы 3-орын алды.



Рахымжанова Камила

Кейін желілік байқаудың жеңімпаздары Республикалық кәсіби педагогикалық байқауларда Зияткерлік мектептердің мәртебесін көтерді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған Кәсіби байқаудың қорытындысы бойынша Ақтөбе қаласындағы Зияткерлік мектептің физика пәні мұғалімі Оспанов Мират Қорғанбекұлы және Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің сарапшы-мұғалімі Байділдинова Дана Қалыққызы «Үздік педагог-2020» атағына ие болды. Жоғары атақтан басқа мұғалімдерге 2 778 000 теңгеге (1000 АЕК) сертификат берілді. Мұғалімдер күні қарсаңында Басқарма мен Әкімдік басшылары мұғалімдерге құрмет көрсетті.



2020 жылдың қараша айында зияткерлік мектептердің екі мұғалімі – Нұр-Сұлтан қаласындағы мектептің (ІВ) химия пәнінен сарапшы-мұғалім Бейсембаева Динара Тоқтарқанқызы және Петропавл қаласындағы мектептің физика пәнінен модератор мұғалім Құдабаева Дина Айтжанқызы қоғамдық маңызы бар бастамалар қоры педагогтар үшін Нобель сыйлығының баламасы – «Әлем мұғалімі» жаһандық премиясына үздік үміткерлерді іріктеу мақсатында ұйымдастыратын «Қазақстан мұғалімі - 2020» ұлттық премиясына қатысты. Екі мұғалім де «Топ-10 KZ» номинациясына кіріп, «Global Teacher Prize» жаһандық премияның амбассадоры атағына ие болды. Құдабаева Дина Айтжанқызы конкурс лауреаттарының қатарына кірді, Бейсембаева Динара Тоқтарқанқызы «Қазақстан мұғалімі - 2020» ұлттық конкурсының жеңімпазы атанып, төрт миллион теңге ақшалай сыйлықты иеленді.

«Қазақстан мұғалімі 2020» ұлттық премиясы «Әлем мұғалімі» премиясы аясында екінші рет өткізілді. Іс-шараны өткізу алаңы ретінде Алматы қаласы таңдалды, Қазақстан 2019 жылдан бастап іс-шараға

қатысады. Биыл 200-ден астам өтініш келіп түсті. Номинанттарды іріктеу жаһандық премияның ұйымдастырушысы – Варке Қорының (Varkey Foundation) критерийлері бойынша өтті.

Ұлттық премияның басты қағидасын орындау үшін, яғни қоғамға қызмет ету мақсатында Динара Қарағанды облысы Нұра ауданындағы ауыл мектебіне әдістемелік көмек көрсетеді. **«Үйдегі цифрлық ғылым»** элективті курсының авторы ретінде ол химия және биология мұғалімдерімен тәжірибе бөліседі. Динара өз жүлдесінің бір бөлігіне химия кабинетіне арналған зертханалық жабдық сатып алды. Амбассадор әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізеді, Фейсбукте «Химия мұғалімдері» тобы құрылған. Қазірдің өзінде онда Қазақстанның түкпір-түкпірінен 160-тан астам мұғалім тіркелген, аталған топ мұғалімнің озық тәжірибесін тарату алаңы болып табылады.



Бірнеше жыл бұрын басталған волонтерлік жұмысын жалғастыра отырып, Дина Құдабаева Петропавл қаласының «DIGITAL URPAQ» оқушылар сарайында облыста алғаш рет «Жүрек жылуы» кабинетін ашу туралы бастама көтерді. Дамыту орталығы Даун синдромы, кешігіп сөйлеу, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған балаларға арналған. Орталықта ата-аналарға арналған сессиялар, психологтардың кеңестері, Stellarium көрсетілімдері, астрономиядан интерактивті танымдық сабақтар өткізіледі. Амбассадордың бастамасын «Bilim Media Group» қолдады.

Сондай-ақ Амбассадорлардың идеяларын қолдау үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ұжымы қажетті оқу жаб-

дығы мен жиһазды сатып алуға қаражат жинады.

2020 жылы еліміздің түрлі кәсіби байқауларына 253 мұғалім қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Үздік авторлық бағдарламасы» Республикалық байқауының 14 қатысушысынан 5 мұғалім жеңімпаз атанды: Шымкент қ. ХББ мектебінің мұғалімі – Ешманова Айсұлу Тойлыбекқызы, Шымкент қ. ХББ мектебінің мұғалімі – Ким Инессия Михайловна, Ақтөбе қ. ФМБ мектебінің мұғалімі – Өтеубаева Гүлжан Ұбайдуллақызы, 2-дәрежелі диплом ФМБ мектебінің мұғалімі – Кенжеханова Мейрамгүл Серіктайқызы, Нұр-Сұлтан қ.; 3 дәрежелі диплом Шымкент қ. ХББ мектебінің мұғалімі – Жаманқұлова Ақбөпе Жаманқұлқызы.

2020 жылдың 8-14 қаңтар аралығында ҚР БҒМ, «Дарын» РҒПО және «Республикалық физика-математика мектебі» КеАҚ халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің қолдауымен мамандандырылған мектептердің математика, физика және информатика пәндерінен олимпиада резервінің мұғалімдері мен тренерлерінің халықаралық ашық шығармашылық байқауы өтті. Байқауға Қазақстан, Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан, Грузия, Сербия, Өзбекстаннан 150 мұғалім мен тренер қатысты. Оның 70-і - математика, 50-і - физика және 30-ы - информатика пәнінің мұғалімдері.

Алматы қ. ФМБ Зияткерлік мектебінің математика, физика және информатика пәні мұғалімдерінің командасы командалық есепте жүлделі 1-орынға ие болды.



Жеке есепте Алматы қ. ФМБ мектебінің мұғалімдері жеңімпаз атанды: 1-орынды математика пәнінің мұғалімі Сәді Айбын Жәнетұлы, физикадан Кронгарт Борис Аркадьевич иеленді.



Физика пәнінің мұғалімі Жұмаділлаев Қалдархан Нұрмаханұлы және математика пәнінің мұғалімі Ардақұлы Дархан – 2-орын; математика мұғалімі Жылқыбаев Ербол – 3-орын; Алматы қ. ХББ Зияткерлік мектебінің мұғалімі Арқабаев Руслан Робертұлы осы конкурста 2-орын алды. Тараз қаласындағы Зияткерлік мектеп мұғалімдері математика пәнінің сарапшы-мұғалімі Ахмедиева Гүлнұр Бекенқызы, математика пәнінің мұғалімі Уәлиханұлы Шыңғыс және информатика пәнінің мұғалімі Әкім Аңсар 3-орын алды.

Дарынды балалармен жұмыс істейтін педагогтер қауымдастығының XIV «Математика және жобалау» Халықаралық байқауы аясында оқушылардың жобалық және зерттеу жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік әзірлемелер фестивалінде Алматы қ. ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебінің пәндегейіндегі мұғалімі Қарағұлова Гүлмира Байтұрсынқызы 1-орынға ие болды.

Есепті кезеңде жоғары жетістіктері үшін және жұмыскерлерді көтермелеу мақсатында ДББҰ және ҚР БҒМ марапаттарына ие болған адамдар саны:

- «Ы. Алтынсарин» төсбелгісімен 4 педагог маман марапатталды;
- «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен – 6 адам;
- «Халық алғысы» үкіметтік медалімен – 7 адам;
- «Құрмет» Орденімен – 1 адам;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен – 98 адам;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен – 68 адам;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Құрмет грамотасымен – 140 адам;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Алғыс хатымен – 180 педагог қызметкер марапатталды.

Теледидар үшін онлайн сабақтарды ұйымдастырғаны, әзірлегені және сараптағаны үшін «Ы. Алтынсарин» төсбелгісімен келесі педагог мамандар марапатталды: Білім беру бағдарламалары орталығының аға менеджерлері: Орехова Наталия Владимировна, Биғазина Перизат Құрманғазықызы, Құлмағамбетова Ақсұлу

Шынболатқызы және Педагогикалық өлшемдер орталығының менеджері Бапанова Гүлжан Қобландықызы.

«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен Нұр-Сұлтан қ. ФМБ мектебінің ағылшын тілі пәнінің сарапшы-мұғалімі Айсұлу Мақанова, Ақтау қ. ХББ мектебінің ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі директорының орынбасары және химия пәнінің мұғалімі Бақытгүл Жақсылықова, Павлодар қ. ХББ мектебінің физика пәнінің сарапшы-мұғалімі Раушан Жабағина, Талдықорған қ. ФМБ мектебінің физика пәнінің сарапшы-мұғалімі Жазира Иманбаева, Тараз қ. ФМБ мектебінің тарих пәнінің сарапшы-мұғалімі Любовь Исатаева, Өскемен қ. ХБН мектебінің химия пәнінің сарапшы-мұғалімі Гаухар Шаматова марапатталды.

«Халық алғысы» Үкіметтік марапатымен Нұр-Сұлтан қ. ФМБ мектебінің тарих пәні мұғалімдері Тен Игорь Александрович пен Шагимолдин Ержан марапатталды. Білім беру бағдарламалары орталығының аға менеджерлері Бәйтенова Қаламқас Қыдырбекқызы мен Оңғарбаева Айымгүл Есенжанқызы және т. б. марапатталды.

Ел алдындағы ерекше еңбегі үшін республика президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

желідегі бірінші мектептің директоры – Нұр-Сұлтан қаласының ФМБ Зияткерлік мектебінің бірінші директоры Мейрам Әміржанұлы Жәкеновке «Құрмет» мемлекеттік орденін табыстады.





БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

3.1

Білім беру
бағдарламалары

3.2

Білім беру
ресурстары

3.3

Тәрбие
жұмысы

3.4

Қосымша
білім беру

3.5

Медициналық
және психоло-
гиялық қызмет-
тердің жұмысы

3.1. Білім беру бағдарламалары

NIS-Programme білім беру бағдарламасы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның NIS - Programme (бұдан әрі – NIS-Programme) білім беру бағдарламасы 19 Зияткерлік мектепте іске асырылады. NIS-Programme бағдарламасының мазмұны оқушыларда іргелі академиялық білім қалыптастыруға, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқыту арқылы сыни тұрғыдан ойлау және функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған.

NIS-Programme бағдарламасының тиімділігі Зияткерлік мектеп оқушыларының жоғары нәтижелерімен, оның ішінде PISA-2018 халықаралық зерттеулерімен расталады. Математика және жаратылыстану ғылымдарынан сауаттылық нәтижелеріне сүйенсек, Зияткерлік мектептердің оқушы-

лары қатысушы елдер арасында «төртінші» және «алтыншы» орында, ал оқу сауаттылығынан «он бірінші» орында.

COVID-19 пандемиясына байланысты 2020 жылы наурызда жарияланған карантиндік шаралар NIS-Programme бағдарламасының іске асырылу форматына айтарлықтай әсер етті. Есепті жылы әзірлеу, қайта қарау және әдістемелік қолдауға қатысты жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі онлайн форматта жүзеге асырылды.

2019-2020 оқу жылының 4-тоқсанынан бастап Зияткерлік мектептерде NIS-Programme бағдарламасы бойынша оқыту қашықтан оқыту форматына көшті. Осыған байланысты Зияткерлік мектептерде қашықтан оқытуды ұйымдастыру және әдістемелік қолдау бағытында кешенді жұмыс жүргізілді.

Жалпы есепті кезеңде, яғни 2019-2020 жж. оқу бағдарламаларын сапалы түрде жүзеге асыру үшін келесі іс-шаралар өткізілді:

01

- оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарлардың іске асырылуына мониторинг өткізу;

02

- мониторинг нәтижелері негізінде оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарларды онлайн режимде қайта қарау;

03

- NIS-Programme мазмұнын жетілдіру;

04

- мұғалімдерді әдістемелік және ресурстық қолдау;

05

- Виртуалды және Демалыс мектебіне арналған оқу материалдарын онлайн режимде әзірлеу;

06

- жеке тұлғаға бағытталған оқытудың 2-курсына арналған оқу жоспарларын енгізу.


Оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарлардың іске асырылуына мониторинг жүргізу

NIS-Programme бағдарламасының Зияткерлік мектептерде іске асырылуын жыл сайын мониторингтік сүйемелдеу оқу бағдарламаларын жетілдірудің міндетті практикасы болып табылады, мұндағы мақсат – қалаулы және қол жеткізген білім беру бағдарламасы арасындағы алшақтықты қысқарту.

NIS-Programme бағдарламасында қамтылған жан-жақты дағдылар жұмыста табысты болып Зияткерлік мектеп оқушыларының мета-пәндік дағдыларын дамыту үдерісін зерттеуге бағытталған.

Бастауыш, орта және жоғары мектептің **23** пәні мониторинг фокусына айналды; **14** Зияткерлік мектепте **423** сабақ бақыланды.

2019-2020 оқу жылында жүргізілген оқушылардың мета-пәндік дағдыларын дамыту үдерісін зерттеу мониторингі



Мониторинг нәтижелері көрсеткендей пәндердің оқу бағдарламаларының мазмұнын анықтауда бірыңғай тәсілдемелер, пәнаралық интеграция, өмірмен практикалық байланыс Зияткерлік мектеп оқушыларында функционалдық сауаттылық пен жан-жақты дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен қатар кейбір пәндерде бірқатар мұғалімдердің сабақта оқушылардың деректерді талдау, дәлелдеу және түсіндіру, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу, эксперименттік жұмыстарды орындау кезінде білімді практикалық қолдану дағдыларын дамыту жұмысын ұйымдастыру жүйелілігі жеткілікті дәрежеде дамымаған. Бұл дағдылар PISA зерттеуіндегі функционалдық сауаттылықтың негізгі құраушылары болып табылады.

Осыған байланысты орта мерзімді жоспарлар оқушылардың әртүрлі деректер және дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалармен, сондай-ақ зерттеу және шығармашылық тапсырмалармен толықтырылды. Оқыту вебинарларының бағдарламаларына, әдістемелік ұсынымдар мен құралдарға жан-жақты дағдыларды мен функционалдық сауаттылықты дамыту мәселелері енгізілген.

Мониторинг нәтижелері негізінде оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарларды онлайн режимде қайта қарау.

Мониторинг қорытындысы бойынша **74 құжат қайта қаралды**, оның ішінде 17-сі – бастауыш, негізгі және жоғары мектептің оқу бағдарламалары, 57-сі – орта мерзімді жоспарлар.

2020 жылы қайта қаралған оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарлардың саны



Бастауыш мектептің оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарларындағы өзгерістер оқу мақсаттарын зерттеуде бірізділікті қалыптастыруға және олардың санын оңтайландыруға бағытталған. 1-5 сыныптардың оқу бағдарламаларына оқытылатын бөлімдер мен тақырыптар тізімделіп көрсетілген негізгі мазмұн қосылды.

Негізгі мектептің **тілдік пәндерінде** дәлелдеу, талдау, бағалау және рефлексия дағдыларына деген назар күшейтілді. Ағылшын тілі пәнінің оқу мақсаттары тілді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігінің жаңартылған нұсқасына сәйкес түзетілді (CEFR-2018).

Жоғары мектептің математика пәнінен оқу бағдарламалары (7 және 10-сағаттық) Халықаралық білім беру мәселелері жөніндегі Кембридж бағалау кеңесінің сараптама нәтижелері негізінде қайта қаралып, мазмұнның халықаралық A-level біліктілігімен теңдесетіндей күшейтілді.

Мұғалімдерді әдістемелік және ресурстық қолдау

Мұғалімдерді әдістемелік қолдау – білім беру үдерісінің сапасы мен тиімділігін арттырудың негізгі құралдарының бірі.

Қашықтан оқытуға көшу аясында мұғалімдерді әдістемелік қолдау одан да өзекті бола түсті. ДББҰ мен филиалдар қызметкерлерінің бірлескен күш-жігерімен жаңа үдерістер жолға қойылып, жаңа ресурстық көздер қалыптастырылды, оқу үдерісін уақтылы біртіндеп «онлайн» режимге көшіруге мүмкіндік берген жаңа коммуникация жолдары құрылды. Пәндердің жыл сайынғы оқыту тренингтері вебинарларға айналды.

Әдістемелік қолдау бағытында келесі іс-шаралар өткізілді:

- мұғалімдердің тәжірибе алмасуына коммуникативтік алаң ұйымдастырылды;
- көптеген пәндер мен сыныптардың онлайн сабақтары бойынша оқу материалдарының желішілік қоры құрылды;
- әдістемелік нұсқау хат әзірленді;
- функционалдық сауаттылықты дамыту жөнінде әдістемелік құралдар шығарылды;
- мұғалімдердің семинарлары мен тренингтері өткізілді.

Мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оқытудың интерактивті әдістерін және сабақты ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолданудағы тәжірибесі белгілі бір әдістер мен әдістерді қолдану жиілігіне, қалауына, цифрлық дағдылары мен жеке қабілеттеріне байланысты айрықшаланады. Сондықтан кенеттен қашықтан оқыту режиміне көшкен кезде мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы және өзара қолдау маңызды болды. Тәжірибе алмасу үшін бірыңғай алаң құру мақсатында Microsoft Teams платформасында Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің 16 мамандандырылған ішкі желілік командалары құрылды. Тәжірибемен, идеялармен және оқу материалдарымен алмасу, сондай-ақ мұғалімдердің БББО-ның пән мамандарынан жедел түрде консультативтік көмекті алуы жолға қойылған.

NIS-Programme мазмұнын жетілдіру

Тез өзгергіш әлем, технологиялық инновациялар, жаңа буынның тұтыну әдеттері мен стилінің өзгеруі, еңбек нарығындағы өзгерістер мектеп оқушыларын даярлау жүйесіне айтарлықтай әсер етеді. Бұл факторлар NIS-Programme білім беру бағдарламасын қайта қарауды қажет етеді, атап айтқанда, бас назарды негізгі құзыреттіліктерді қалыптастырып, дамытуға жасап өзгерту қажет.

2020 жылы ДББҰ Басқарма Төрайымының бастамасымен Білім беру бағдарламалары орталығы NIS-Programme бағдарламасын жетілдіру жұмысын бастады.

NIS-Programme бағдарламасын жетілдіру әдіснамасының жобалық нұсқасы немесе нобайы әзірленді. Мұндағы мақсат – бағдарламаның қайта қаралу себебін ғылыми тұрғыдан негіздеу және қайта қарауға қаты-

сатын барлық қатысушыларда қайта қарау үдерісі жайлы бірдей түсінікті және мазмұн, педагогика мен бағалау арасында бірізділікті қамтамасыз ету.

2020 жылдың қыркүйек айында БББО NIS-Programme бағдарламасының негізгі құзыреттіліктер шеңберінің (Бағдар) жобасын ұсынды, оған білім, сауаттылық түрлері, дағдылар, құндылықтар мен көзқарастар кіреді.

Білім беру бағдарламасын қайта қарау кезінде мектеп пен мұғалімдердің пікірі ескерілгенін қамтамасыз ету мақсатында әрбір Зияткерлік мектепте Жобалық топтар құрылды.

2020 жылдың қазан және қараша айларында БББО Бағдарға қатысты ұсыныстарды талқылап, енгізу мақсатында мектептердің Жобалық топтарымен консультациялар өткізді. SurveyMonkey платформасында онлайн сауалнама жүргізу арқылы Зияткерлік мектептердің оқушылары мен түлектерінің өмірде басшылыққа алатын құндылықтары зерттелді.

Білім беру үдерісіне тікелей қатысушылардың пікірлерін түсіну үшін мектептерді тарту маңызды болды. Барлық мектептер дерлік ұсынылған Бағдар мен оның компоненттеріне қатысты талқылауға белсенді қатысты. Зияткерлік мектептердің Жобалық топтарының ұсыныстары мен оқушылардың өз құндылықтары жайлы қалдырған сауалнамаларын ескеру нәтижесінде Бағдардың нобайына өзгерістер енгізілді.

NIS-Programme бағдарламасын жетілдіру жұмысы 2021 жылы жалғасын табады.

NIS-Programme бағдарламасын жетілдіруге қатысты дайындық жұмыстар


БББО-ның жұмыс тобының құрылуы және пайымы	Бағдарды және бағдарламаны қайта қарау, әдіснамасын әзірлеу	Мектептерден жобалық топтарды қалыптастыру	Бағдарды талқылау	Құндылықтарды зерттеу
шілде	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
Бағдарламаны жетілдіру үдерісін қалай көретінін таныстыру NIS-Programme	Бағдарды талқылауға ұсыну. Қайта қарау әдіснамасын әзірлеу NIS-Programme	Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер қатарынан Жобалық топ құру (ЖТ жетекшісі – мектеп директоры)	Білім, дағды мен сауаттылық түрлерінің тізімін өзгертуді талқылау және ұсыныстар енгізу	Зияткерлік мектептердің оқушыларымен және түлектерімен зерттеу жүргізу

Онлайн-сабақтардың оқу материалдарының қоры

Зияткерлік мектептерде қашықтан оқыту кезінде Зияткерлік мектептердің мұғалімдері әзірлейтін онлайн сабақтардың оқу материалдарының қорын (бұдан әрі – ресурстар Банкі) құру бастамасы көтерілді. Дайын ресурстар мұғалімдерді сабақтарын бір аптаға жоспарлаудан босатпайды, десек те бұл ресурстар материалдармен алмасуда жақсы ресурстық қолдау болып табылады. Мұғалімдер оқу аптасының «флагмандық мектептерінің» үлгілік бағдарлық материалдарына қол жеткізді, педагог мамандар бұл материалдарды өз оқушыларының ерекшеліктеріне бейімдей отырып, сабақтарды дайындау үшін қолдана алады. Зияткерлік мектептердің қашықтан оқытуын

зерттеу аясында Зерттеу департаментінің мұғалімдер арасында ұйымдастырған сауалнамасына сүйенсек, мұғалімдердің көпшілігі 80% (2 087 мұғалімнің 1 660-ы) өз жұмысында Ресурстар банкінің материалдарын пайдаланатынын көрсетті. Мұғалімдердің айтуынша, Ресурстар банкінің материалдары олардың жеке ресурстар қоржынын кеңейтіп (83%), онлайн сабақтарды дайындау уақытын қысқартуға көмектескен (81,3%), сонымен қатар сабақтарды оқушылар үшін қызықты және пайдалы етіп дайындауға мүмкіндік берген (75,1%). Респонденттердің бір бөлігі (73,7%) Ресурстар банкінен алынған материалдарды өздерінің онлайн сабақтарын жоспарлап, өткізу үшін белгілі бір дәрежеде бейімдеу қажеттілігін атап өтті (3-сурет).

Ресурстар банкінің (РБ) материалдары туралы мұғалімдердің пікірлері



Әдістемелік нұсқау хат

Зияткерлік мектептердің мұғалімдеріне 2020-2021 жылы оқу үдерісін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету үшін жыл сайын әдістемелік нұсқау хат әзірленеді. Хатта оқушылардың жан-жақты дағдыларын, сауаттылық пен қарекетшілдіктің

әртүрлі түрлерін дамыту туралы түсіндірмелер, оқу-әдістемелік кешендер мен материалдардың мысалдары, сондай-ақ NIS-Programme бағдарламасын іске асыру, оның ішінде қашықтан оқыту режимінде іске асыру жөнінде ұсыныстар қамтылған.

Оқушылардың жан-жақты дағдыларын, сауаттылық пен қарекетшілдіктің әртүрлі түрлерін дамыту жөніндегі мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсыныстар ДББҰ-ның білім беру жетістіктерін бағалау жөніндегі PISA-2018 халықаралық бағдарламасына, ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар: білім беру – 2030» жобасына қатысу тәжірибесін ескере отырып, сондай-ақ жыл сайынғы мониторинг пен зерттеулер нәтижелері негізінде әзірленді.

Функционалдық сауаттылықты дамыту жөнінде әдістемелік құралдар шығарылды.

NIS-Programme бағдарламасының мазмұны академиялық білімді дамытумен қатар функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған. Функционалдық сауаттылық қолданбалы оқу мақсаттарын іске асыру, әртүрлі өмірлік жағдайлармен байланысты тақырыптарды зерттеу, сондай-ақ тапсырманың мәнмәтінің дұрыс түсіну және білімді практикада қолдану дағдыларын дамытатын тапсырмаларды қалыптастыру арқылы дамиды.

Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің функционалдық сауаттылықты қалыптастыру ерекшеліктерін жақсырақ түсіну үшін Білім беру бағдарламалары орталығы қазақ және орыс тілдерінде 4 оқу құралын әзірледі. Әдістемелік ұсыныстарда функционалдық сауаттылықты мазмұн, үдеріс және контекст тұрғысынан дамытатын тапсырмалардың нақты мысалдары бар.

ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру – 2030» жобасына қатысу арқылы ДББҰ PISA зерттеуіндегі өзекті ақпарат пен құзыреттіліктерді бағалау ерекшеліктеріне қол жеткізді. Мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында БББО ЭЫДҰ-ның 4 брошюрасын қазақ және орыс тілдеріне аударды:

1) PISA-2021 математикалық сауаттылықты бағалау жүйесі;

2) PISA-2021 қаржылық сауаттылықты талдау және бағалау жүйесі;

3) PISA-2021 креативті ойлауды бағалау жүйесі;

4) PISA-2021 АКТ-сауаттылығын бағалау жүйесі.

Барлық аударылған брошюраларды Зияткерлік мектеп мұғалімдері <http://serforum.nis.edu.kz/> онлайн платформасында оқи алады.

Үштілді оқытуды жүзеге асыру

Үш тілде білім беру Зияткерлік мектеп оқушыларын оқытуда және олардың дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады.

2020 жылы үштілді оқытуды жүзеге асыру жұмысы 3 бағытта жүргізілді: үштілді білім берудің енгізілуіне мониторинг, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, әдіснамалық қолдау.

Үштілді білім берудің енгізілуіне мониторинг

Үш тілде оқытудың жүзеге асырылуының мониторингі Зияткерлік мектеп оқушыларының жан-жақты дағдыларын дамыту үдерісіне жасалатын кешенді мониторинг құрамында жүргізіледі. Мониторингтің басты фокусы – орыс тілінде оқитын 10-сынып оқушыларының қазақ тілінде жүргізілетін пәндерде («Қазақ тілі мен әдебиеті», «География», «Қазақстан тарихы», «Құқық негіздері») сөйлеу дағдысының даму тәжірибесі.

Мониторинг нәтижелеріне сүйенсек, Зияткерлік мектептерге түскен сәттен бастап оқушылардың қазақ тіліндегі өнімді тілдік дағдыларының дамуында ілгерілеушілік байқалған. Сөйлеу дағдыларының дамуымен қатар, оқушылар қазақ тілін үйренуге интегративті мотивациясының

күшейгенін атап өтті. Басқаша айтқанда, оқушылар өзінің ұлттық сезімін нығайтуда қазақ тілінің маңыздылығын түсінеді және біріктіруші күш құрып, қазақ халқымен бірлік сезімін сезінуде тілдің рөлін ұғады.

Мониторинг нәтижесінде үш тілде оқытуды іске асыру шеңберінде мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетудің бағыттары айқындалды.

Мұғалімдердің үш тілде оқыту біліктілігін арттыру

Мұғалімдердің үш тілде оқыту біліктілігін арттыруда пәндерді екінші/үшінші тілде оқытқанда «пән мен тілді кіріктіріп оқыту»

(CLIL) тәсілдемесіне көп көңіл бөлінеді. Бұл тәсілдеме «балаларға пәндік мазмұн мен тілді үйретіп қана қоймай, оларды өмірге дайындайды» (Дэйл, ЕО, Таннер, 2011).

Есептік кезеңде Зияткерлік мектептердің 215 мұғалімі үшін келесі тақырыптарда біліктілікті арттырудан онлайн курстар ұйымдастырылды:

– «Пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL): тілдік мақсаттар және скаффолдинг стратегиясын қолдану» (112 мұғалім);

– «Пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL): сөйлеу және жазу дағдыларын қолдау, жобаларды пайдалану» (103 мұғалім).

2018-2020 жылдары CLIL (Content and language Integrated learning) тәсілдемесіне оқытылған мұғалімдер саны



Онлайн семинарлар «Қазақстан тарихы», «Қазақстан тарихы (қазіргі әлемдегі Қазақстан)», «География» және «Құқық негіздері» пәндері мұғалімдеріне қазақ тілінде және «Химия», «Биология», «Физика», «Информатика» пәндері мұғалімдеріне ағылшын тілінде өткізілді.

Онлайн семинарлар аяқталғаннан кейін қатысушылар Камминс квадрантының көмегімен оқушылардың сөйлеу және жазу дағдыларын қолдауға; оқушылардың сөйлеу және жазу дағдыларын қолдау үшін тиімді тапсырмаларды қолдануға; сөйлеу және жазу дағдыларын дамыту үшін әдіснамалық тәсілдерді қолдануға және салыстыруға; тілдік және тілдік емес мақсаттарды; сабақ барысында қолданылатын саралап оқыту, зерттеуге негізделген оқыту, сондай-ақ коммуникативтік тәсілдемелерді қолдану стратегияларын біріктіре отырып, өз сабақтарын жоспарлауға үйренді.

Үштілді білім беруді әдіснамалық қолдау
Қашықтан оқытуға көшкен кезде үштілді оқытуды жүзеге асыратын мұғалімдер, басқа педагогтер сияқты заманның жаңа сын-тегеуріндеріне тап болды.

Пән материалдарымен қатар мұғалімдерге CLIL тәсілін қолдану жөніндегі негізгі және қосымша ресурстар беріледі. Мысалы, онлайн сабақтарда CLIL тәсілін қолдану үшін онлайн ресурстар ұсынылды:

- <http://www.playingclil.eu> / (кітап, нұсқаулық және әртүрлі тапсырмаларды қамтитын Еуропалық жоба);
- <https://www.clilmedia.com/> (әртүрлі мақалаларды, ойын түрлерін және әртүрлі әдістерді қамтитын танымдық журнал);
- <http://www.macmillaninspiration.com/new/resources/web-projects> (әртүрлі пәндерден тапсырмалар).

Қазақ тіліне бойлау жобасы

Мемлекеттік тілді дамытудың балама және инновациялық әдістерін үйрену мақсатында 2013 жылдан бастап ДББҰ қазақ тіліне бойлау жобасын жүзеге асырады. Жоба халықаралық серіктес – «Innove» тілдік ортаға бойлау орталығымен (Эстония) бірлесіп жүзеге асырылады.

Алдымен, бұл жоба Көкшетау және Талдықорған қалаларындағы Зияткерлік мектептерде іске асырыла бастады. 2019-2020 оқу жылы қазақ тіліне бойлау жобасы шеңберінде оқыған бастауыш сынып оқушыларының үшінші легі бітіріп шықты. 2020-2021 оқу жылында тілдік ортаға бойлау жобасы аясында Зияткерлік мектептердің 2-5 сынып оқушылары білім алуда.

Зияткерлік мектептерде қазақ тіліне бойлау әдіснамасы оң нәтижелер беруіне байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасына сәйкес 2018 жылдан бастап Нұр-Сұлтан,

Талдықорған, Көкшетау қалаларындағы мектепке дейінгі ұйымдарда тілге бойлау тәжірибесін тарату басталды.

– ҚР ПІБ МО «Қарлығаш» балабақшасы РМК, 3 нысан

– Талдықорған қаласы, МКҚК №45 Арман балабақшасы

– Талдықорған қаласы, МКҚК №42 балабақшасы

– Талдықорған қаласы, МКҚК №2 балабақшасы

– Көкшетау қаласы, МКҚК №7 «Айша» балабақшасы

– Көкшетау қаласы, МКҚК №5 «Қуаныш» балабақшасы

– Көкшетау қаласы, МКҚК №1 «Арман» балабақшасы

2020 жылы жоғарыда аталған мектепке дейінгі ұйымдардың 80 педагог маманы үшін «Қазақ тіліне бойлау жобасы» тақырыбында вебинар ұйымдастырылды.

Жеке тұлғаға бағытталған оқытудың оқу бағдарламаларын эксперименттік режимде енгізу

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – ДББҰ) 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында көрсетілген «Үздік ұлттық, халықаралық тәжірибені және орта білім беру саласындағы практикалық бағыттағы маңызды ғылыми жетістіктерді кіріктіру арқылы Қазақстанның зияткерлік әлеуетін арттыруға ықпал ету» деген миссиясына сәйкес оқу үдерісіне үздік халықаралық тәжірибені енгізу жұмыстары жалғасуда.

Дәстүрлі оқыту бір сыныптағы оқушыларды бірдей оқытуға бағытталған, яғни балалар бірдей қарқында, бірдей нысанда оқытылады, алайда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің зерттеулері мен тәжірибесі көрсетіп отырғандай, әрбір оқушының оқу материалын меңгеру қарқыны және оқу бағдарламаларын жеделдетілген режимде меңгеру қабілеті әртүрлі. Сондықтан Ұлыбритания, АҚШ, Сингапур, Ресей және т.б. елдерде кеңінен қолданылатын жеке тұлғаға бағытталған оқытуды енгізу қажеттілігі туындады.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту дегеніміз – бұл білім беру моделі, онда бағдарламалар, оқыту әдістері мен академиялық стратегиялар оқушының жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарын және әлеуметтік-мәдени жағдайын ескереді. Оқытудың бұл моделі әр оқушыға жеке бейімделіп, оқытып, дамытатын көптеген әдістерді, тәсілдер мен модельдерді қолдандуды қамтиды.

Қашықтан оқыту білім беру саласындағы тиімді цифрлық технологияларды енгізудің маңыздылығы мен қажеттілігін көрсетті, оқытуды әрбір оқушының мүддесіне, қарқыны мен қабілетіне бейімдеуге мүмкіндік беретін «жеке тұлғаға бағытталған оқыту» моделін осы цифрлық технологиялар негізінде құруға болады.

2019-2020 оқу жылының 2-тоқсанынан бастап Зияткерлік мектептерде жеке тұлғаға бағытталған оқытудың екі моделі сынақтан өткізіп көру үшін енгізілуде. Бірінші модель 8, 9, 10-сыныптардың оқу бағдарламасын 2 жыл ішінде жеделдетіп оқып меңгеруге мүмкіндік береді, екінші модель 8-12-сынып оқушыларына жекелеген пәндерді жеке оқу маршрутына сәйкес оқуға мүмкіндік береді.

2019-2020 оқу жылында 7 Зияткерлік мектептің 14 оқушысы 8, 9, 10-сыныптардың оқу бағдарламасын 2 жыл ішінде жеделдетіп жақсы оқып шықты, жеке оқу маршруты бағдарламасы шеңберінде 12 Зияткерлік мектептің 171 оқушы білім алды.

Оқушылардың көбінде оқу үлгерімі мен білім сапасы өзгеріссіз қалды.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту қорытындысы бойынша 2019-2020 оқу жылында Зияткерлік мектеп оқушылары, мұғалімдері, әкімшілігі және ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Респонденттер тиімділікті, икемділікті, уақтылықты және оқуға деген ынтаның артуын атап өтті.

2020-2021 оқу жылында жеке тұлғаға бағытталған оқытудың 8, 9, 10-сыныптың бағдарламасын 2 жылда аяқтау моделі бойынша 5 Зияткерлік мектептің 10 оқушысы оқуын жалғастырды, ал жеке оқу маршруты бойынша 16 Зияткерлік мектептің 353 оқушысы оқиды, оның ішінде 61 оқушы 2019-2020 оқу жылынан кейін жеке оқу маршруты шеңберінде оқуын жалғастырды, 13 Зияткерлік мектептің 292 оқушысы 2020-2021 оқу жылынан бастап жеке білім беру маршруты шеңберінде оқуды таңдады, бұлардың ішінде 5 Зияткерлік мектепте бұған дейін жеке оқу маршруты бойынша оқыту моделі болмаған.

Дербес оқытуды апробациялау және енгізу Зияткерлік мектептердің бейімді оқытуға көшудің аралық кезеңі болып табылады.

Бейімді оқыту - оқушының дайындығын, қабілеттерін, мақсаттарын, уәждемесін және басқа да жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке оқу траекториясын құру үшін когнитивтік ғылымдар, жасанды зият және үлкен деректерді пайдалану саласындағы зерттеулерге негізделген оқыту.

Оқытудың мұндай әдісінде әр оқушының ерекше қажеттіліктерін қанағаттандырудың компьютерлік алгоритмдері оқушылармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру және жеке ресурстар мен оқу іс-шараларын ұсыну үшін қолданылады.

Бейімді оқытуға арналған шешімдерді енгізу электронды оқытудың мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл технологиялық процестер мен ресурстарды құру, басқару және пайдаланудың арқасындағы оқушылардың жалпы үлгерімінің артуы, оқытудың үйлесімі болып табылады.

2020 жылы ДББҰ Назарбаев Зияткерлік мектептеріне бейімді оқытуды енгізу шеңберінде оқытудағы бейімді-белсенді тәсіл мәселелері бойынша көшбасшы болып табылатын Аризона* (АҚШ) штатының Университетімен ынтымақтастықты бастады.

* Аризона штатының Университеті (ASU) 1885 жылы құрылған АҚШ-тың ең ірі мемлекеттік зерттеу университеті. ASU-да 126 000-нан астам студент оқиды, 5000-ға жуық оқытушы жұмыс істейді. U.S. News & World Report есебіне сәйкес, 2016 жылдан бастап бес жыл қатарынан ASU инновация бойынша АҚШ-тағы №1 университет болып табылады.

ASU бейімдеп оқытуды 2011 жылдан бастап жүзеге асыруда:

- бейімді және белсенді оқыту бойынша көптеген шешімдер мен бірқатар платформаларды қолданады;
- соңғы 8 жылда оқу курсынан 100 000-нан астам студент, 2019-20 оқу жылында - 27 оқу курсы бойынша 25 000 студент өтті;
- әлемнің білім беру ұйымдарына осы саладағы үздік тәжірибелерді енгізуге ықпал етеді;
- LMS - Canvas жүйесінің негізінде құрылған бірқатар бейімді оқыту платформаларын (ALEKS, COgBooks және т.б.) сәтті кіріктірген.

2020 жылдың қыркүйек айында ДББҰ басқармасының орталықтар мен құрылымдық бөлімшелерінің мүшелері үшін Аризона штаты университетінің сарапшысымен бейімді оқыту жүйелері мен әдіснамасын таныстыру тренингі өтті. Оқыту қорытындысы бойынша ДББҰ бейімді оқыту жүйесін пайдаланудың халықаралық тәжірибесін зерттеді, әлемнің 10 елінен 22 адаптивті оқыту платформасын (ALEKS, Knewton, Domoscio, SmartSparrow, Dreambox және басқаларды) талдады.

ДББҰ Аризона штатының университетімен Зияткерлік мектептер үшін бейімді оқыту платформаларын таңдау және іріктеу критерийлерін анықтау жұмысын бастады. Осы жұмыс аясында ДББҰ құрылымдық бөлімшелерінің орталықтардың 20 қызметкері мен Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін ALEKS* бейімді оқыту платформасының өкілдерімен кездесті. Платформаны оқушыға тестіден өту үшін қатысушыларға уақытша тіркеліп, пайдалануға берілді.

*ALEKS корпорациясы жасанды зият пен интернетке негізделген бағдарламалық жасақтаманы құруда көшбасшы болып табылады. ALEKS білім кеңістігі теориясы деп аталатын математикалық когнитивтік ғылым саласындағы жаңашыл зерттеулерге негізделген. ALEKS бейімді сұрақтардың көмегімен оқушының білім деңгейін нақты бағалайды, содан кейін білім алушының деңгейіне сәйкес келетін тақырыптарға қатысты нұсқаулықтар береді.

Әлем бойынша мыңдаған K-12 мектептері, колледждері және университеттеріндегі 100-ден астам математика, ғылым және бизнес курстарда миллиондаған білім алушы ALEKS қолданды.

ЭЫДҰ-НЫҢ «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру - 2030» жобасы



2020 жылы ДББҰ ЭЫД-ның «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру - 2030» жобасында (бұдан әрі - жоба) Қазақстанның атынан ұлттық үйлестіруші ретінде жұмысын жалғастырды.

ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру - 2030» жобасы 2030 жылға қарай болашақты айқындау үшін қажетті білімнің, дағдылардың, көзқарастар мен құндылықтардың жалпы түсінігін қалыптастыруға бағытталған. Жоба барлық қатысушы елдердің білім беру жүйелері үшін айқын көзқарас және мақсаттар жиынтығын белгілейді, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың тиімді қатынасы үшін бірыңғай тәсілмен қамтамасыз етеді.

2020 жылы ДББҰ оқу бағдарламаларын зерттеу мәселелеріне арналған жобаның 1-сатысының қорытынды кезеңіне қатысты. Оқу бағдарламаларын салыстырмалы талдау (ССМ) үшін сәйкес материалдар дайындалып жіберілді.

2020 жылы қарашада ЭЫДҰ хатшылығы екі халықаралық есепті жариялады. Есептерде оқу бағдарламаларын жалпы салыстырмалы талдау нәтижелері және жаңартылған білім беру мазмұны бойынша сауалнаманы толтыруға қатысты ақпарат ұсынылған.

ЭЫДҰ есептерінен алынған иллюстрация




«Бүгінгі білім беру бағдарламасының мазмұны және оның 21 ғасырдағы білім беру бағдарламасына сәйкестігі» атты бірінші есеп (What Students Learn Matters: Towards a 21st Century Curriculum) білім беру бағдарламасы мен оқушылардың болашақ қажеттіліктері арасындағы алшақтық мәселесіне арналған. «Білім беру бағдарламасының шамадан тыс жүктемесі: мәселені шешу жолдары» (Curriculum Overload: a way forward) деп аталатын екінші есепте білім беру бағдарламасының шамадан тыс жүктемесі мәселелеріне арналған.

«Математикадан құжаттар мен оқу бағдарламаларына тереңдетілген талдау жасау» (MCDA) жұмыс бағыты бойынша ДББҰ-ның екі өкілі сарапшыларға арналған семинарларға қатысты. Семинарларда есепті пысықтауға бағытталған жұмыс жалғастырылды, жобаның осы бағыты шеңберінде деректерді ұсыну және салыстыру түрлері талқыланды.

Есептік кезеңде ДББҰ өкілдері, яғни ДББҰ филиалдарының қызметкерлері мен Зияткерлік мектептердің оқушылары ЭЫДҰ-ның екі виртуалды жаһандық форумына қатысты: 1-шісі мамыр айында «Білім беру және дағдылар мәселелері жөніндегі жаһандық форум 2030» және 2-шісі қазан айында өткен Жаһандық форум.

1-ші форумның негізгі мақсаты пандемия жағдайында оқу бағдарламаларын іске асырумен байланысты қиындықтарды талқылау алаңын қамтамасыз ету және проблемаларды шешу жолын анықтауға мүмкіндік беру, сондай-ақ басқа елдердің тәжірибесін зерделеу. Кездесу үш фокус-топ (ФТ) форматында өтті, ФТ1 - әртүрлі елдердің мемлекеттік құрылымдарының, үкіметтерінің өкілдері; ФТ2 - оқу орындарының мұғалімдері мен оқытушылары; ФТ3 - бүкіл әлемнің оқушылары мен студенттері. Зияткерлік мектептердің оқушыларына өз топтарының қорытынды сессиясында жұмыс нәтижелерін ұсынуға мүмкіндік берілді.



Жобаның виртуалды жаһандық форумына қатысушылардың скриншоты

2-ші Жаһандық форумда мектептердің ашылуына, жаңа оқу жылының басталуына байланысты мәселелер мен сын-тегеуріндер, сондай-ақ әділдік пен теңдік мәселелеріне назар аудара отырып, жауапты білім беру шаралары қарастырылды. Пандемия кезінде мұғалімдер мен ғалымдармен бірге мұғалімнің рөлі мен оқытудың өзгеруін талқылаған әлемнің түкпір-түкпіріндегі оқушылардың пікірі мен тәжірибесіне ерекше назар аударылды. Зияткерлік мектептердің оқушылары түрлі фокус-топтарға жіктелді және жаңа оқу жылында білім беру бағдарламасы, бағалау, оқыту және

оқу мәселелері жөнінде өз тәжірибелерімен және пікірлерімен бөлісуге мүмкіндік алды. Талқылау барысында болашақ «Мұғалім тұсбағдары-2030» (жобалық атауы) бейнесі белгіленді.

Жоба идеяларын тарату мақсатында материалдарды қазақ және орыс тілдеріне аудару жұмыстары жалғастырылды. Жоба материалдары бойынша төртінші брошюра шығарылды. Барлық материалдар ЖӘК-де Халықаралық зерттеу жобалары бөлімінде орналастырылған: құжаттар, кітаптар мен брошюралар, презентациялар, бейнематериалдар, ақпараттық материалдар.



Жоба шеңберінде шығарылған брошюралардың иллюстрациясы

2020 жылдың желтоқсан айында Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері ЭЫДҰ, ЮНЕСКО және «Білім беру-2030 мұғалімдері» халықаралық мақсатты тобының бірлескен бастамасына қатысты. COVID-19 індеті кезінде мектептердің маңызды рөлі мен педагог мамандардың инновациялық тәжірибесін мойындай отырып, бірлескен бастама мұғалімдерге өз тәжірибелері мен рефлексиялары туралы бейнелер жазуды ұсынды.

Бұл бастаманың мақсаты – COVID-19 нәтижесінде туындаған сынақтардан кейін білім беру саласын қалпына келтіру мәселелері бойынша әртүрлі елдер арасындағы жаһандық диалогты орнатуға көмектесу. Зияткерлік мектеп мұғалімдері 47 бейнеролик түсірді, олардың 9-ы жариялау үшін ЭЫДҰ Хатшылығына жіберілді, ал қалған бейнероликтер БББО сайтында орналастырылды <http://cep.nis.edu.kz/>.

ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру – 2030» жобасы ДББҰ-ның білім беру бағдарламаларын әзірлеудегі және білім беру мазмұнын жаңартудағы негізгі үрдістерден хабардар болуын, халықаралық деңгейде білім беру бағдарламасын қайта қарау және енгізу стратегиялары мен проблемаларын талқылау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қазақстандағы білім беру бағдарламасын реформалау үдерісін білім беру саласында көшбасшы болып табылатын елдердегі осындай реформалармен салыстыруға мүмкіндік береді.

3.2. Білім беру ресурстары

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді NIS-PROGRAMME білім беру бағдарламасына сәйкес әзірлеу

2030 жылға дейінгі стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ДББҰ NIS-Programme білім беру бағдарламасына сәйкес оқулықтар мен ОӘК (бұдан әрі – ОӘК) әзірлеу және қайта қарау бойынша жұмыс жүргізеді.

Оқу-әдістемелік кешендерді қайта қарау (1-сынып)

Есеп беру кезеңінде NIS-Programme білім беру бағдарламасына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде 1-сыныпқа арналған «Математика», «Ғылымға кіріспе», «Дүниетану», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Өнер» пәндерінен ОӘК қайта қаралды. 2020 жылдың желтоқсанында семинарлар барысында оқулықтардың мазмұнына соңғы түзетулер енгізіліп, оқулықтардың соңғы нұсқалары бекітілді.

Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу (10-сынып)

10-сыныпқа арналған ОӘК әзірлеу тоғыз пән бойынша жүргізіледі: «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Өнер», «Информатика», «География», «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы». ОӘК әзірлеуде ОӘК жасау саласында тәжірибелі

авторлар жұмыс істейді. Семинар барысында авторлар мен редакторлар үшін оқыту мақсаттары жүйесін, әдістемелік құралдарды, дизайнның бірыңғай құрылымын спиральді құру қағидатын іске асыруға байланысты бірқатар қиындықтар шешілді.

ОӘК-ке оқушылардың талдау, бағалау және жоспарлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін талдамалық эссе, SWOT-PEST-GAP талдаулары сияқты өзекті әдістер мен тапсырмалар кіріктірілген. 10-сыныпқа арналған ОӘК-ке сыртқы емтихандарға дайындалу үшін қосымша тапсырмалар енгізілген, жоғары мектепте бейіндік-бағдарлы оқыту элементтері қамтылған.

Оқу-әдістемелік кешендерді апробациялау (11 және 9-сыныптарға арналған математика пәні)

2020-2021 оқу жылында Зияткерлік мектептерде NIS-Programme сәйкес ОӘК апробациялау үдерісі басталды.

11-сынып үшін қазақ және орыс тілдерінде «Қазақстан тарихы (Қазіргі әлемдегі Қазақстан)», «География», «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Русский язык и литература»;

9-сынып үшін қазақ және орыс тілдерінде «Математика, 1 және 2-бөлім».

Апробация 19 Зияткерлік мектепте өтуде, оған 494 мұғалім, 1682 оқушы қатысуда.

Оқыту тілі	қазақша			орысша		
Класс/сынып	A	B	C	D	E	F
Саны / 1 пән	25	25	25	25	25	25
Пәндер	-	Қазақ тілі мен әдебиеті	География	Қазақ тілі мен әдебиеті	-	Қазақстан тарихы (Қазіргі әлемдегі Қазақстан)
	География	-	Русский язык и литература	-	Қазақ тілі мен әдебиеті	Русский язык и литература
		Русский язык и литература	-	Қазақстан тарихы (Қазіргі әлемдегі Қазақстан)	География	-
БАРЛЫҒЫ	50	50	50	50	50	50

9-сыныпқа арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді пысықтау

Апробация қорытындысы бойынша ОӘК мазмұнының сапасын, материалды ұсыну, дизайнын жетілдіру және ОӘК-ді сыни, логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырмалармен толықтыру мақсатында 20%-ға дейін өзгерістер енгізілді.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша ОӘК әлемнің жаңа тарихын зерттеудің бастапқы нүктесіне айналды. Оқулық сыни тұрғыдан

ойлауды дамыту мақсаттарына жетудің, әрі қарай оқуға деген ұмтылысты қалыптастырудың құралы болып табылады, сонымен қатар тереңдетілген пәндік білім алуға және зерттеу дағдыларын қалыптастыруға негіз болып табылады.

Оқулықта XX ғасырдағы Еуропа елдерінің саяси және экономикалық әсерін иллюстрациялық тұрғыдан тиімді сипаттауға, оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтауға арналған жапсырма карталар бар.






«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ОӘК-ке кішігірім өзгерістер ғана енгізілді. Иллюстрациялық материал өңделді: карталар мен суреттер 1920-1940 жж. аралығын қамтитын түпнұсқалық фотомұрағаттармен алмастырылды.



Кейбір тарихи суреттер мен мұрағаттық фотосуреттер Ресей Федерациясының мұражайларында, халықаралық фотобанктерде болды.

«Биология» пәні бойынша ОӘК теориялық мазмұны тірі табиғаттың түрлі құбылыстары мен заңдылықтарының көрінісі болып табылады. Әр тақырып «Сен білесің бе?», «Есте сақта», «Пікірталас», «Өзіңді тексер» айдарларын қамтиды, олар зерттеу дағдыларын дамытуға және жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді. Әрбір сабақ тірек сұрақтан басталады, оған оқушылар сабақ материалын оқу барысында жауап бере алады.

9-сыныптағы «Өнер» пәні бойынша ОӘК-тің негізгі бағыты мәдени сәйкестікке және өнердегі әртүрлі ұлттардың ерекшеліктеріне деген қызығушылықты дамыту болып табылады. Пәндік материалдарды зерттеу негізінде көркемдік көзқарасты дамытуға, бейнелеу, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын талдай білуге, көркем бейнелілік құралдарының көмегімен шығармашылық жұмыстарында сыни ойлау және сезімдерін білдіру қабілетіне көп көңіл бөлінеді. Нед Канн, Стивен Спизук, Рональд Кляйер, Кристофер Тенгенс, Роксане Медоуз және т.б. шетелдік суретшілердің жұмыстарын пайдалануға рұқсат алынды.



Есептік кезеңде Білім беру бағдарламалары орталығының қызметкерлері әзірлеген иллюстрацияларды сату жөнінде фотостокпен шарттар жасалды. Бұл иллюстрациялар Alamy Ltd және Mary Evans фотосток

алаңдарында орналасқан. Фотосток тарапынан иллюстрацияларға қатысты қойылатын талаптар: Alamy – техникалық сипаттамалар және кескін сапасының белгілі бір деңгейде болуы, Mary Evans – тарихи контент.

Mary Evans Picture Library

16.01.2020 - Шарт жасалды

113 фотоиллюстрация орналастырылды

Сатудан түскен кірістің 50%

Сайтта суретшілер А. Бекишевтің,

П. Баймурзаеваның жұмыстары жарияланған.





Сандық білім беру ресурстары

Оқулықтардың қағаз нұсқасымен қатар сандық білім беру ресурстарын (әрі қарай – СБР) қолданудың арқасында педагог мамандар оқытудың мазмұнын, әдістері мен нысандарын сапалы толықтыра алады, оқушылар жеке білім беру траекториясын құрай алады, жеделдетілген оқыту бағдарламасын іске асыру мүмкіндігі пайда болады.

СБР-дың басты ерекшеліктері:











- оқыту үдерісінің геймификациялануы – оқу материалын жарқын дизайнды пайдалана отырып ойын түрінде ұсыну;
- ресурстардың интерактивтілігі – оқу материалын нақты уақыт тәртіптемесінде меңгеруі;

- көптілділік – үш тілде оқу мүмкіндігі: қазақ, орыс, ағылшын (негізгі мектепте жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша);

- мультиплатформалылық – Webkit және Gesco негізіндегі кез келген браузерде іске қосу мүмкіндігі;

- қолжетімділік – онлайн және оффлайн режимдерде пайдалану мүмкіндігі.

2020 жылы пайда болған COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтан/онлайн оқыту шеңберінде де СБР пайдалану өзекті бола түсті. Олар оқу үдерісін қарқындатуға, оқытуды дербестендіруге және мұғалімдердің жұмысын ішінара автоматтандыруға ықпал етеді.




Ағымдағы жылдың қаңтар-желтоқсан аралығында бастауыш және негізгі мектептер үшін СБР әзірлеу жүргізілді.

2020 жылы «Жаратылыстану», «Математика», «Дүниетану» пәндері бойынша 1-сыныпқа арналған 30 СБР және «Биология», «География», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Математика», «Физика» және «Химия» пәндері бойынша 10-сыныпқа арналған 120 СБР әзірленді.

2020 жылы әзірленген СБР Зияткерлік мектептердің білім беру үдерісінде пайдалану үшін DER NIS (<https://der.nis.edu.kz/>) сайтына орналастырылған.

Бұдан басқа, 2020 жылы 7-8 сыныптарға арналған «ҚазLingua» қолданбасы (Web, Android, iOS) әзірленді, ол оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда қазақ тілін тиімді үйренуге мүмкіндік береді.

«ҚазLingua» жиілік сөздігінің негізінде құрылған, яғни әр тақырып пен сабақта белгілі бір жас пен даярлық деңгейіне қарай жиі қолданылатын сөздер, сөз тіркестері қолданылады және оларды цифрлық форматта үйренуге мүмкіндік берілген. Бұл өз кезегінде қазақ тіліндегі жекелеген сөздерді, сөз тіркестерін, сондай-ақ тұтас сөйлемдерді де есте сақтауға және қолдануға көмектеседі.



«ҚазLingua» қолданбасы қазақ тілін өз бетінше үйренуге арналған және білім берудің тиісті деңгейлерінің (МЖМБС, ҚР МЖБС) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының нормалары мен талаптарына сәйкес келеді.

Сандық білім беру платформалары

2020 жыл ішінде «NIS Ақпараттық технологиялар және сервис орталығы» жеке мекемесі Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасының ақпараттық жүйелерін (бұдан әрі қарай – БАББО) дамыту және сүйемелдеу саласында жұмыстар мен іс-шаралар жүргізді.

Даму бойынша негізгі іс-шаралардың бірі **«Мектепті басқару жүйесі» (бұдан әрі қарай – МБЖ)**, ақпараттық жүйесінің жаңа нұсқасын әзірлеудің қорытынды жұмыстары болды, ол БАББО кешенінің мектепке қатысты компоненті болып табылады және мектептің негізгі әкімшілік және оқу үдерістерін басқаруды автоматтандыруды қамтамасыз етеді.

Бұл жұмыстар 2018 жылдың соңында кезең-кезеңімен жүргізіле бастады және қазіргі уақытта МБЖ 19 мектепте іске асырылуда. 2021 жылы жүйені өнеркәсіптік пайдалануға енгізу күтілуде.

Әзірлеудің 3-кезеңі (қорытындылаушы) шеңберінде мұғалімдер жүктемесін бөлудің ашықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету мақсатында мұғалімдердің лауазымын басқару тетігі іске асырылды. Бұл тетік лауазымдарды қосуға, қызметкерді лауазымға тағайындауға, қызметкерді тізімнен таңдауға, лауазымнан алып тастауға, қызметкерді лауазымға тағайындау және лауазымнан алып тастау күнін өзгертуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ нақты санаттарды, ағымдағы педагогикалық шеберлікті, деректерді қарау, редакциялау, толтыру мүмкіндігі берілген мұғалімдердің нақты мөлшерлемелерін көрсете алатын функционал әзірленді.

Мұғалімдердің лауазымдарын басқару тетігін іске асыруға байланысты мынадай модульдер жетілдірілді:

- «Мұғалімдер тізілімі»: пайдаланушының артықшылықтарына сәйкес мектеп мұғалімдері туралы деректерді қарауға мүмкіндік жасалды;
- «Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар»: «Орынбасу журналы» модулімен бірік-

тіру жүзеге асырылды, сондай-ақ әртүрлі сыныптар және параллель сыныптар үшін бірдей күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды құру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін күнтізбелік-тақырыптық жоспарды көшіру тетігі іске асырылды;

- «Кесте»: пайдалану ыңғайлы болу үшін жылдам іздеу мүмкіндігі жасалды;
- «Блоктық бөлу»: ағымдағы мұғалімнің аты-жөні ағымдағы күн, блоктық бөлу күні, тоқсанның басталу және аяқталу күні негізінде оңтайландырылды;
- «Жұмыс оқу жүктемесі»: лауазымды құру күнін тексеру мүмкіндігі енгізілді.

«KI журналының айдарлары» модулін ашуға мүмкіндік беретін қосымша іске асырылды. «Менің кестем» модулінде қосымша ақпаратты көрсетуге мүмкіндік беретін «Ақпарат» модулі әзірленді.

Өткен оқу жылдарындағы деректерді мұрағаттау мақсатында МБЖ орталық қолданбасы әзірленді және кез келген МБЖ-нен орталық жүйеге қосылуға мүмкіндік беретін деректерді сақтау архитектурасы іске асырылды. Бұл тапсырманы орындау жүйенің қолжетімділігі мен өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар ауқымды түрде қамту үшін репликация әдісі қолданылды.

2019 жылы оқушылар тобын бөлудің блоктық тетігін апробациялау қорытындысына сәйкес құрастырудың өте күрделі болуы және топтар құрамына жедел өзгерістер енгізу мүмкіндігінің болмауы сияқты кемшіліктер анықталды, бұл Зияткерлік мектептердің бірқатар әдіскерлері арасында МБЖ-нің осы функционалын пайдалануда қиындықтар туғызды. Осыған байланысты 2020 жылы элективті курстар мен үйірмелерді жоспарлау және есепке алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін және блоктық бөлудің жоғарыда аталған кемшіліктерін жоятын бөлудің баламалы тетігін әзірлеу жұмыстары жүргізілді.

Бұл жаңа функционал «Жүктеме», «Таңдау бойынша пәндерді баптау», «Кесте», «Журнал», «Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау», баламалы блоктық бөлу топтарының өзара іс-әрекеті мен оларды көрсету мақсатында «ЖКО күнделігі» модульдерін жетілдіруге көмектесті, сондай-ақ «Топтарды басқару» және «Оқушыларды топтарға бөлу» модульдері жасалды.

Кейбір зияткерлік мектептер «aSc Timetables» сабақ кестесін автоматты түрде құру бағдарламалық жасақтамасын қолдануына байланысты, бұл бағдарламаны МБЖ-мен біріктіру қажеттілігі туындады. Жаңа функционал МБЖ-ден алынған деректер негізінде «aSc Timetables» бағдарламасында сабақ кестесін автоматты түрде құруға және алынған нәтижелерді МБЖ-нің «Кесте» модуліне кері жүктеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Есептік кезеңде бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеумен қатар директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, әдіскерлер, мектептердің IT-мамандары және басқа да мүдделі тұлғалар үшін жаңа функциясы туралы ақпарат берілді, пайдаланушыларға МБЖ-нің жаңартылған функциясын сипатталған 6 нұсқаулық дайындалды.

ДББҰ ақпараттық жүйелерін дамытудың 2020 жылға арналған жоспарына сәйкес **«Құқықтық актілер базасы»** жүйесі іске асырылды. Жүйенің жаңа нұсқасы жетілдірілген платформада жұмыс істейді, интерфейсті баптаудың жаңа мүмкіндіктері мен ыңғайлылығы қамтамасыз етілді, корпоративтік тіркеулік жазба арқылы пайдаланушыларды тіркеу және авторизациялау мүмкіндігі жүзеге асырылды. Әртүрлі форматтарда қосу, сұрыптау, іздеу, жүктеу, құқықтық актілердің мазмұны мен деректемелерін өңдеу функциялары жүзеге асырылды, автоматты түрде көлемі қысқартылған суреттерді жүктеу мүмкіндігі жасалды, парақшаны жүктеу оңтайландырылды, статистикалық деректерді көруге арналған модуль әзірленді. Қазіргі уақытта база пайдалануға берілді және пайдаланушыларға техникалық қолдау көрсету жүзеге асырылуда.

«Бірыңғай профиль» жүйесін дамыту шеңберінде 2020 жылы оқу жүктемесінің сағаттарын көруге мүмкіндік беретін «Жүктеме» қойындысы әзірленді, сондай-ақ мұғалімдердің жүктемелері туралы МБЖ-ндегі деректерді синхрондау жұмыстар жүргізілді. MS Excel форматында деректерді шығарып алу мүмкіндігі бар тиісті статистикалық есептер іске асырылды. «Бірыңғай профиль» «1С Кәсіпорын: жалақы және персоналды басқару» кадр жүйесімен біріктірілген. Сондай-ақ есептік кезеңде деректерді көру, графиктер мен диаграммалардың түрлерін таңдау мүмкіндігі бар арнайы

талдамалы қызметтің көмегімен есеп беру формалары жүзеге асырылды. Жеке деректерге қол жеткізу және толтыру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылдың басында Зияткерлік мектеп қызметкерлерінің қашықтан жұмыс істеу режимі жағдайында жүйеге қауіпсіз кіруі үшін екі факторлы аутентификацияны іске асыру жоспарлануда.

Келесі жұмыс түрі **«Зерттеушілер» порталының** функционалдығын дамыту болып табылады. Порталдың жаңа нұсқасы жетілдірілген платформада жұмыс істейді, интерфейсті баптаудың жаңа мүмкіндіктері мен ыңғайлылығы қамтамасыз етілді, ішкі (корпоративтік есептік жазбасы бар ДББҰ құрылымын пайдаланушылар) және сыртқы пайдаланушылар (сайтта тіркелген пайдаланушылар) үшін тіркеу және авторизациялау функционалы іске асырылды. Порталдың бөлімдерін, мазмұнын, беттерін өзгерту, пайдаланушылардың құқықтарын, кірулерін, рөлдерін басқару, есептілікті шығару мүмкіндігімен байланысты іс-әрекеттерді жасауды қамтамасыз ететін порталды басқару жүйесі құрылды. Зерттеу жүргізуге өтінім беру және оны өңдеу, құпия зерттеу жұмыстарын жүктеуге рұқсат беру туралы және оны өңдеу үдерістерін автоматтандыратын функционал іске асырылды. Сондай-ақ зерттеу жұмыстарын қарауға, қосуға, жариялауға, түсініктеме беруге мүмкіндік беретін «Зерттеу каталогы» модулі жасалды. Порталды пайдаланудың ыңғайлылығын қамтамасыз ету үшін пайдаланушылар жеке кабинетті тіркей алады, онда пайдаланушының жеке деректері, өтінімдері, сұраныстары, талқылаулары, өзі қосқан зерттеулері келтірілген. Қазіргі уақытта портал тәжірибелік пайдалануға берілді және оған техникалық қолдау көрсету жүзеге асырылуда.

Зияткерлік мектептердің кәсіби бағдар беру қызметіне арналған портал әзірленді.

Портал келесі мүмкіндіктерді береді:

- пайдаланушыларды авторизациялау, ҰБТ балдарын әртүрлі халықаралық сертификаттардың нәтижелеріне сүйене отырып есептеу;

- түрлі ақпаратты жариялау;

- форумда сұхбат жүргізу;

- кәсіптік бағдар беру қызметі жөніндегі кеңесшілердің қабылдауына жазылу;

- портал әкімшілеріне кері байланыс беру, техникалық қолдау көрсету.

Сайтты басқару жүйесі құрылды, ол сайт беттерін басқаруды, мәзір элементтерін басқаруды, графикалық материалдарды жүктеуді, пайдаланушылар мен рөлдерді қосуды және басқаруды, порталда іс-әрекеттерді жүргізуді, есепке алуды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ пайдаланушының жеке кабинеті іске асырылды, ол жеке деректерді ұсынуға, басқа пайдаланушылармен хат алмасу тарихын қадағалауға, порталдың түрлі айдарларында жарияланымдарды жасауға және қарауға мүмкіндік береді. Портал іске қосылды, контентпен толтыру кезеңі жүріп жатыр.

Кәсіби бағдар беру қызметі бойынша кеңесшілерге порталда жұмыс жасауға қатысты оқыту және функционалын көрсету жүргізілді.

2020 жылы басталған жаңа жобалардың бірі - кітапхананы басқару жүйесін дамыту.

Ағымдағы бизнес-үдерістерді талдау және талаптарды анықтау жұмысы жүргізілді. Кітапхананы басқару жүйесі орталықтандырылған басқару жүйесін қолдану арқылы кітапхана жүйесін жаңғыртуды, пайдаланушылардың жүйеге кез келген нүктеден қолжетімділігін қамтамасыз етеді, кітап берудің бизнес-үдерістерін оңтайландыруға мүмкіндік береді және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, кітапхананың құжаттық қорының сақталуын қамтамасыз етеді.

Жүйе келесі модульдерден тұрады:

- «Түсімдерді басқару»;
- «Басылымдарды басқару»;
- «Оқырмандарды басқару»;
- «Шығуларды басқару»;
- «Түгендеу».

Модульдер түсімдер тізімін қалыптастыруға, келіп түскен басылымдарды өңдеуге, басылымдарды электрондық каталогтар бойынша бөлуге, түгендеуге, инвентарлық емес есеп жүргізуге, мектеп шеңберінде штрих-кодтар беруге, басылымдар қозғалысын жүзеге асыруға, «Контингент» АЖ және «Единый Профиль» АЖ-дан оқырмандарды автоматты түрде қосуға, басылымдарды штрих-кодтарды пайдалана отырып беруге, штрих-кодты оқуға арналған сканердің көмегімен түгендеу жүргізуге мүмкіндік береді.

2021 жылдың басынан бастап жүйені іске қосу, дамыту міндеттерін іске асыру, сондай-ақ анықтамалықтарды біріздендіру мен «КАБИС» шашыраңқы мектеп жүйелеріндегі деректердің көші-қоны жөніндегі жұмыс жоспарлануда.

Жоғарыда баяндалғанға қоса, 2020 жылы келесі жұмыстар орындалды:

- ДББҰ корпоративтік порталын дамыту жүзеге асырылды, атап айтқанда ДББҰ желісін ұйымдастыруда түйіндемені қабылдау функциясы әзірленді;

- барлық мектептер бойынша есепті қалыптастыруға мүмкіндік беретін БАББО-да «КІ журналын шығарып алу» есебі іске асырылды;

- МБЖ интерфейсіндегі «КІ журналы» ақпараттық жүйесінде баға қоюды бұғаттау мүмкіндігі жасалды;

- жеке тұлғаға бағытталған оқыту бағдарламасы (жеделдетілген) негізінде білім алушылар үшін «Үлгілік оқу жоспары», «Контингент», «КІ журналы», БАББО, МБЖ ақпараттық жүйелері жетілдірілді;

- Зияткерлік мектептердің түлектері туралы деректерді толықтай толтыру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында «Түлектердің жеке істері» модулінің «Мектептен кейінгі білім» бөлімінде өзгерістер іске асырылды;

- «Түлектер бойынша есеп» есебін генерациялау мақсатында БАБЖ жөнге келтірілді.

Оқушыларды НЗМ желісіне ауыстыру үшін «Контингент» ақпараттық жүйесінде жаңартылған функционалды іске қосу барысында:

- ата-аналар мен жүйені пайдаланушылардың хабарландыру үлгілері жасалды (екі тілде);

- Зияткерлік мектептердің хатшылары мен жүйе әкімшілеріне арналған нұсқаулықтар дайындалды;

- Зияткерлік мектептердің хатшыларына жүйеде жұмыс істеу бойынша оқыту жүргізілді;

- ДББҰ құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлеріне өтініштерді жаңа жүйеге көшіру мәселелеріне қатысты кеңес беріліп, қолдау көрсетілді;

- пайдаланушыларға арналған кіру рұқсаттары бапталды.

2021 жылы «Контингент» жүйесін одан әрі дамыту жоспарлануда.

«NIS ATҚҚО» жеке мекемесі 2020 жылы ДББҰ-ның 27 ақпараттық жүйесі мен порталына техникалық қолдау көрсетті. Есепті кезеңде ақпараттық жүйелерді пайдаланушылардан 4 588 өтініш өңделді, пайдаланушыларды қолданыстағы жүйелермен жұмыс істеу мәселелеріне қатысты 20 оқыту іс-шарасы өткізілді, техникалық құжаттама бекітілді. Сондай-ақ ДББҰ, филиалдар мен еншілес ұйымдарда электрондық құжат айналымының жаңа жүйесін енгізу және пайдаланушыларды онда жұмыс жасауға қатысты оқыту жұмыстары жүргізілуде.

Кітапхана қорын қалыптастыру

Зияткерлік мектептердің кітапхана қоры мұғалімдер мен оқушылардың сұраныстарын, қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, отандық және шетелдік кітап нарығын

ескере отырып, NIS-Programme бағдарламасына сәйкес қалыптастырылады.

Оқу үдерісін заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми басылымдармен қамтамасыз ету мақсатында қорды толықтыру кезінде кітапханалар отандық және шетелдік баспалармен жұмыс істейді.


2020 жылы кітапхана қорларына сапалы талдау жүргізілді, ескірген оқулықтар мен оқу құралдары есептен шығарылды, олардың орнына NIS-Programme бойынша әзірленген жаңа оқулықтар алынды. Қорлардың әртүрлілігі мен сапасын көтеру мақсатында қосымша тілдерде қорларды қалыптастыруға көп көңіл бөлінді.

2020 жылдың желтоқсан айының жалпы кітап қоры оқу, әдістемелік, көркем, ғылыми-танымдық әдебиеттің 656 149 данасын құрайды.

№	Зияткерлік мектеп	Жалпы қор	Оқулықтар	Көркем әдебиет	оәк	Қосымша әдебиет	Электрондық басылымдар	Сөздіктер	Энциклопедиялар	Сыйға тартылған кітаптар
1	Ақтау қ. ХББ	24 317	14 804	5 197	1 208	2 272	188	78	390	180
2	Ақтөбе қ. ФМБ	29 720	15 903	5 364	3 405	3 551	504	62	342	737
3	Алматы қ. ФМБ	27 269	15 936	6 049	194	3 305	309	84	219	1 173
4	Алматы қ. ХБН	26 964	16 448	5 144	1 538	3 065	168	38	204	359
5	Атырау қ. ХБН	29 916	15 181	5 596	749	3 148	260	128	391	1 758
6	Қарағанды қ. ХББ	24 007	10 636	5 456	2 545	4 444	310	49	293	274
7	Көкшетау қ. ФМБ	39 452	18 907	8 183	1 688	8 366	478	142	901	787
8	Қостанай қ. ФМБ	23 685	12 933	5 626	715	2 662	186	27	826	710
9	Қызылорда қ. ХББ	27 253	16 429	4908	2 648	1 636	180	82	603	767
10	Нұр-Сұлтан БМ	57 324	27 605	13 568	6 895	8 589	211	71	175	210
11	Нұр-Сұлтан НЗМ	26 988	11 992	8 686	357	4 656	199	211	240	318
12	Нұр-Сұлтан қ. ФМБ	29 952	14 139	5 723	1 782	5 427	214	217	792	1 624
13	Павлодар қ. ХБН	30 191	17 601	5 532	2 305	3 519	287	188	319	440
14	Петропавл қ. ХБН	20 309	10 527	5 436	1 059	2 503	187	49	221	327
15	Семей қ. ФМБ	25 603	10 096	6 490	949	6 775	375	138	383	397
16	Талдықорған қ. ФМБ	48 491	25 007	12 762	3 443	5 807	613	64	192	603
17	Тараз қ. ФМБ	26 345	13 460	5 399	1 454	3 610	290	139	426	292

18	Орал қ. ФМБ	41 489	25 768	6 645	4 191	3 811	401	156	245	272
19	Өскемен қ. ХББ	38 286	23 346	7 149	3 251	3 232	404	77	273	554
20	Шымкент қ. ФМБ	31 773	17 336	4 709	3 927	2 932	379	159	502	1 829
21	Шымкент қ. ХБН	26 815	15 029	5 506	1 462	2 684	356	137	525	1 116
БАРЛЫҒЫ:		656 149	349 083	139 128	45 765	85 994	6 499	2 296	8 462	14 727

2020 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша Назарбаев Зияткерлік мектептері кітапханаларының жалпы қоры



Оқу мәдениетін дамыту және оқу сауаттылығын қалыптастыру

Оқырмандық және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру Зияткерлік мектеп кітапхана жұмысының жетекші бағыттарының бірі болып қала береді, ол әртүрлі белсенді ойын әдістемелерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.



Жұмыстың көптеген түрлері, соның ішінде кітапхана сабақтары мен іс-шаралар қашықтан оқыту талаптарын ескере отырып бейімделді.

Зияткерлік мектептерде оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналардың қатысуымен, оқуды дәріптеу жобалары тұрақты түрде

өткізіледі. «READx», «Библиосумерки», «Reading man», «1.2.3», «Book Start», «Жеуге жарамды кітаптар фестивалі», «Оқу пойызы» сияқты жобаларды атап өтуге болады. Жобаларды ұйымдастыруға ұйымдастырушы-педагог-кураторлар мен жатақхана тәрбиешілері қатысты.

Оқырмандық сауаттылыққа арналған кітапханалардың көптеген іс-шараларында республикамыз үшін атаулы және мерейтойлық даталардың тарихи аспектісі көрініс тапқан.

Өлең оқу эстафеталары, кітапхана сабақтары, оқу клубтарының отырыстары, «READx», «Reading time» және «Оқу пойызы» жобалары аясындағы жеке кездесулер ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналды.



Сондай-ақ осы іс-шараның барынша кең таралуына мүмкіндік беретін әртүрлі әдістерді атап өтуге болады: «Стихотворение на бельевой веревке», «Әдеби джем», «Қара сөздердің» негізінде «Құндылықтар сөздігін» жасау. Жеке іс-шаралар - «Кітап-Fest», «Қазақта қара сөзге дес бермедім» байқауы, «Кім? Қайда? Қашан?» форматында «Абайды білесіз бе?» зияткерлік ойыны, «Қазақ даласының ұлы перзенті» атты әдеби кеш, «Ұлы қазақтың - Ұлы Абайы» поэзия кеші.

«Reading time» кездесулері қазақтың көрнекті ақыны, жазушысы Мұқағали Мақатаевқа арналды. Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдығына арналған «Ханша-Дария хикаясы» спектаклі ұйымдастырылды.

Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған «Reading man» акциясы ұйымдастырылды. Оқушылар Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығы туралы сұрақтарға жауап берді, тапсырманы орындағаннан кейін оқушылар «Ойла» журналын сыйға алды.



Еріктілер жылы аясында Қазақстанда «Кітапханашылардың көмекшілері» атты жаңа топтар құрылды, олардың миссиясына әртүрлі кітапханалық іс-шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету, кітап қорын орналастыру, кітапхананы пайдалану ережелерімен таныстыру және т.б. кіреді.



Қатысушыларын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дәстүрлі түрде және қашықтан жүргізетін танымал және

қызықты кітаптарды оқуға ынталандыратын оқу клубтары белсенді жұмыс істейді. Оқушыларға толық мәтінді көркем әдебиетке тегін қолжетімділікті қамтамасыз ететін электронды ресурстар ұсынылған (kitap.kz, adebiportal.kz және т.б.)

Зияткерлік мектептердің кітапханалары PISA функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша белсенді және ойын әдіс-темелерін енгізді.

«Book Dingo», «What's it to you», «Speed dating with new books», «BookPicture», «Bring your book!» және т.б. ойын тәсілдері қолданылады. Мұндай іс-шаралар оқушылардың әлеуметтік және бейімделу дағдыларына оң әсер етеді, оқушылардың сыни ойлауын дамытады, түрлі ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады және кітапханада қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу қабілеттерін дамытады.

Оқушылардың кітаптарға деген қызығушылығын кәсіби таңдауы ретінде қалыптастыру үшін қызықты адамдармен кездесулер ұйымдастырылды: балалар әдебиетінің жазушысы Зәуре Төрехановамен және «Айтшы, Әжетай» журналының баспагері Сандуғаш Нұрқановамен кездесу, «Super-Мен немесе өмірдің басты мақсаты» кітабының авторларымен кездесу, айтыскер ақын Шалқарбай Ізбасаровпен кездесу.

Онлайн форматта интерактивті нұсқада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев күнін мереке-леуге арналған іс-шаралар өткізілді. Олар мақалаларының видеоматериалдарын, дай-жестерін пайдалануды, онлайн викторина-лар мен интерактивті ойындарды қамтыды.



«Зияткерлік мектеп оқушыларына оқуға ұсынылған 100 кітап» жобасын дәріптеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Осы жұмыстың аясында Зияткерлік мектептердің кітапханашылары үшін шетелдік мамандардың қатысуымен семинарлар ұйымдастырылды: «Book Frenzy», «Poem in Your Pocket», «Poem-Tree», «Әдеби джем», «Сүйікті бірінші бет», «Шеңберде оқу», «Кітап түбіршектерінен өлең», «Blind Date with a book», суретті кітаптарды оқу, «Poem in your pocket»

Ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру және зерттеу дағдыларын дамыту



Қашықтан оқыту жағдайында ақпараттық сауаттылық оқушылар мен мұғалімдерге қажетті ең маңызды дағды мәртебесіне ие. Соның ішінде бұл ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу дағдылары. Ол үшін кітапханалар оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, әртүрлі әдістерді қолдану арқылы көптеген тренингтер мен сабақтарды ұйымдастырады.

Зияткерлік мектептердің кітапханалары келесі әдістемелерді қолданды: қоғамдық ғылымдармен пәнаралық байланысты байқауға мүмкіндік беретін «Вокруг света», «Ғылым және өмір», «Ойла», «National Geographic Қазақстан» ғылыми-танымал мерзімді басылымдардың негізінде мерзімді басылымдармен жұмыс жасау дағдыларын дамыту үшін «Ойлаудың 6 қалпағы», «Үш баған әдістемесі», оқушыларды АҚШ сарапшыларының «Write-around», «Әлемдік кафе» әдісі бойынша Президенттің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласымен таныстыру, APA стилі бойынша дәйексөз келтіру,

«Сабақ аясында шағын зерттеу жүргізу» әдістемесі.

Кітапханашы-педагогтер зияткерлік мектептердегі Lesson Study сабағын зерттеуге белсенді қатысып, фокус-топ мүшелері болды. Бірлескен жоспарлау, оқыту, бақылау, оқытуды талдау жүргізілді.




Сондай-ақ зияткерлік ойындар форматында ғылыми-зерттеу сипатындағы іс-шаралар өткізілді: физиканың әдістемелік бірлестігімен Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 80 жылдығына және «Қымбат емес әрі таза энергия» тақырыптық апталығына орай «Не? Қайда? Қашан?» зияткерлік ойыны, философ, математик, музыка теоретигі, Шығыс ғалымы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын тойлау құрметіне арналған «Брейн-ринг» зияткерлік ойыны.

«Guided Inquiry», «BIG6» зерттеу модельдерін қолдану бойынша тренингтер мен сабақтар өткізілді. Сабақ барысында тыңдаушылар зерттеу қызметін дамыту әдістерімен танысып, ақпаратты іздеу, талдау дағдыларын игерді.



Орал қаласының педагог-кітапханашылары оқушыларды «ReadWorks» оқу және тілдік дағдыларды, ақпараттық сауаттылықты қалыптастыруға қатысты қашықтан оқыту жобасымен қызықтырды. Жоба оқушылардың жасы мен тілдік деңгейін ескере отырып, көркем және ғылыми бағыттағы мәтіндерді пайдалану арқылы пәнаралық байланысты қамтамасыз етеді.



Қашықтан оқыту жағдайында кітапханалар Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін «Оқушыларға материалдарды жинауға көмектесу үшін Pathfinder қалай құруға болады?», «Ақпаратты тиімді іздеу», «Scopus & Web of Science-қа жариялау» пайдалы зерттеу әдістері бойынша бірқатар вебинар өткізді.

Зияткерлік мектептердің барлық кітапханаларында мұғалімдер мен оқушылар үшін «Twig», «Bilimland», «iTest», «EBSCO» электрондық ресурстарды пайдалану бойынша оқыту тренингтері өткізілді.

Педагог-кітапханашылар болашақта дербес оқыту шеңберінде Зияткерлік мектептердің оқушылары мен мұғалімдері үшін жобалау және зерттеу қызметі саласында жаңа мүмкіндіктер ашатын LibGuides онлайн платформасында материалдардың интерактивті топтамаларын жасау жұмысын жүргізді.

2020 жылдың ақпан айында Ли Жи Хеннің «Оғаш үй» кітабы бойынша кітапхананың педагог-психологтармен кездесулер циклі ұйымдастырылды. Бұл сабақтарда оқушылар өз үйлерін құрып, пейзаждар салды. Оқушылар өз қолдарымен қағазға өз ойлары мен эмоцияларын білдірді. Аталған жобаны ұйымдастыру кезінде Оңтүстік Корея кітапханаларының жұмыс тәжірибесі қолданылды.




Зияткерлік мектептерде тұрақты негізде түрлі қызықты әдістемелерді қолдана отырып, кіріктірілген сабақтар өткізіледі:

- мұғалімдермен біріктірілген сабақтар Жаһандық перспектива;
- ағылшын тілі «Keyword Hexagon» әдісінің қолдануымен;
- Абайдың 175 жылдығына арналған кіріктірілген сабақ;
- «Әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер» тақырыбындағы зерттеуге қатысты кіріктірілген сабақ;
- Social studies-тен «Ancient Civilization» тақырыбындағы кіріктірілген сабақ - зерттеу дағдыларын қалыптастыру, интернет ресурстар мен кітаптардан ақпарат іздеу;
- кіріктірілген тарих сабағы, «Таймлайн» ойынын сабаққа енгізу;
- «Білім мен ғылымның адам өміріндегі рөлі» тақырыбында педагог-куратор-ұйымдастырушылармен кіріктірілген сабақ;
- «Жер планетасы: мұхиттар» бөлімінің «Әлемдік мұхиттың ластану мәселелері»

тақырыбын зерттеу аясында орыс тілінің кіріктірілген сабағы;

- педагог-кітапханашылардың қазақ әдебиеті мұғалімімен кіріктірілген сабағы, М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі талқыланды;
- «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» тақырыбында кураторлармен бірлескен сабақ, «Өзін-өзі дамыту бойынша кітаптар: дұрыс оқимыз» кураторлық сағаты және т.б.

Кіріктірілген сабақтар кітапханалық іс-шаралардың сабақпен интерактивтілігін біріктіреді, пәнаралық байланысты орнатады, түрлі әдістемелерді қолдану арқылы оқырмандық және ресурстық сауаттылықты дамытуға көмектеседі, кітапхана мен педагогикалық ұжымның ынтымақтастығын нығайтады.




Кітапханалар оқуды және өзін-өзі жетілдіруді дамыту үшін қызықты материалдармен бөлісе отырып, әлеуметтік желілерде тұрақты жұмыс жүргізеді, әдебиеттегі жаңа туындыларды таныстыру мақсатында бейнероликтер жасайды, оқушыларды оқу және тілдік дағдыларды дамыту бойынша онлайн жобаларға шақырады. Өз парақшаларында оқу мақалалары мен материалдарын жариялайды, «Онлайн оқы» оқуға ынталандыратын акциялар мен науқандар өткізеді, мектеп қоғамдастығын осы жұмысқа белсенді түрде тартады.

Зияткерлік мектеп кітапханашыларының біліктілігін арттыру

Қашықтан оқыту басталғаннан бері

педагог-кітапханашылар Зияткерлік мектеп кітапханашыларына, кураторларға, тәрбиешілерге кітапхана жұмысының түрлі бағыттары бойынша вебинарлар циклін ұйымдастырды, олар тәрбие жұмысы, өз бетінше білім алу және ынталандыру саласында пайдалы болуы мүмкін. Өз бетінше тілдік дағдыларды дамыту, өзін-өзі жетілдіру, көшбасшылық дағдыларын дамыту, эмоциялық зият, жүйелі ойлау және т.б. бойынша тренингтер өткізілді.



2020 жылдың желтоқсан айында Springshare мамандары LibGuides контент басқарудың онлайн жүйесін енгізу және пайдалану бойынша вебинар ұйымдастырды. Осы вебинарда педагог-кітапханашылар онлайн деректер базасымен жұмыс істеу, онлайн қызмет көрсету және жеке контентті әзірлеу саласында жаңа дағдыларды меңгерді. LibGuides платформасындағы жұмыс педагог-кітапханашыларға ақпараттық онлайн кеңістікте жұмыс істеудің жаңа дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

3.3. Тәрбие жұмысы

Зияткерлік мектептерде мектептердің оқу үдерісімен тығыз байланысқан «Рухани жаңғыру» мен «Мәңгілік Ел» сияқты қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының құндылықтарына сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті, патриоттық, белсенді, әлеуметтік-бейімделген, күшті және шығармашыл, адамгершілігі мол және тәні сау тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысының бірыңғай және біртұтас жүйесі жұмыс істейді.

2020 жыл өзгерістерге толы жыл болды. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің барлық мектеп қоғамдастығы қашықтан жұмыс істеу тәртібіне көшірілді. Мектепте тәрбие үдерісін онлайн нұсқада ұйымдастыру қиын болды. Дегенмен шектеулерге қара-

мастан, әлеуметтік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық, спорттық жобалар мен іс-шаралар тоқтатылған жоқ.

«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы

Зияткерлік мектептердің 1-12 сыныптарының барлық оқушылары «Шаңырақ» оқушылар қоғамдастығының алуан түрлі, мазмұнды және ұжымдық жұмысына тартылған.

Қоғамдастықтың жұмысы сыныптардың бірыңғай командасын құруға, көшбасшылық дағдыларды дамытуға, сыйластық, қамқорлық, сенім, ұйымшылдық, жауапкершілік қарым-қатынастарды қалыптастыруға, эмоциялық мәселелерді шешуге ықпал етеді.

«Шаңырақ» қоғамдастығы оқушылар қауымдастығын ұйымдастырудың басты нысаны ретінде мектептің барлық іс-шараларына қатысады: әлеуметтік акцияларды, шығармашылық байқауларды, фестивальдарды, спорттық жарыстарды, ашық есік күндерін, экскурсияларды, қайырымдылық жәрмеңкелерін ұйымдастырады.

Қоғамдастықтың жұмысына тәлімгерлікті енгізу мектеп оқушылары арасындағы жас аралық қарым-қатынас пен ынтымақтастықты, қамқорлықты, өзара қолдауды дамытуға ықпал етеді.

Оқушылардың өзін-өзі басқару көшбасшыларының форумы

2020 жылдың 8-9 желтоқсан аралығында Көкшетау қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің базасында алғаш рет онлайн форматта Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылардың өзін-өзі басқару көшбасшыларының жыл сайынғы форумы өтті.

Диалог алаңында көшбасшылар «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрайымы К.Н. Шәмшидиновамен кездесіп, өздерін қызықтырған сұрақтарды қойды. Көшбасшылар COVID-19 індеті, көшбасшы болу және көшбасшының бойында болуы тиіс өмірлік дағдылар деген сияқты өзекті тақырыптарды талқылады.

Көшбасшылар «WikiBilim» қоғамдық қорының негізін қалаушы және жетекшісі, «Bilim Media Group» компаниясының негізін қалаушы, «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ атқарушы директоры, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының жетекшісі Рауан Кенжеханұлымен кездесті. Рауан Кенжеханұлы Отанға деген

сүйіспеншілік, «Қазақша Википедия» жобасын қалай бастағандығы, «Bilim Media Group» қорының қызметі, мемлекеттік тілді дамытудың және бүкіл халықты ана тілін үйренуге ынталандырудың маңыздылығы туралы айтып берді. Сонымен қатар ол қазіргі жастардың бойында қандай қасиеттер болу керектігіне тоқталып, қарекеттілік - солардың бірі екенін атап өтті.

Көшбасшылар арасында мектептерде іске асырылатын тәрбиелік жобалар тұрғысында сұрақтарды қамтитын «Brainboi» зияткерлік ойыны өтті. Көшбасшылар тапсырмаларды оңай орындап шықты және оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшылары болуға лайық екенін дәлелдеді.

Көшбасшылар форумы алғаш рет пікір-сайыс турнирі форматында ұйымдастырылды және Қазақстанның барлық өңірінен оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымынан 300-ден астам өкіл жинады. Форум аясында көшбасшылар «Оқушыларының қарекетшіл ойлау - VS реактивті ойлау» тақырыбын талқылады.

«Рухани жаңғыру» семинары

2020 жылдың 17-19 қарашасында «Біртұтас ұлт қалыптастыру контексіндегі құндылық бағдарлары» тақырыбында семинар ұйымдастырды. Семинар спикері болып «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Буканова Жанар Қалиқанқызы сөз сөйледі.

Семинарға Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагог-ұйымдастырушы-кураторлары, педагог-кітапханашылар, жатақхана тәрбиешілері, қосымша білім беру педагогтері қатысты.

Әріптестер Бағдарламаның алты негізгі қағидатымен және оларды күнделікті өмірде қолданумен танысты, сондай-ақ Бағдарлама шеңберінде Қазақстанда іске асырылатын негізгі арнайы жобалар туралы ақпарат алды.

«Туған елге тағзым» зерттеушілік өлкетану экспедициясы

«COVID-19» пандемиясына байланысты экспедиция 2020 жылғы 3 қараша мен 3 желтоқсан аралығында онлайн нұсқада өткізілді.

«COVID-19» пандемиясына байланысты экспедиция 2020 жылғы 3 қараша мен 3 желтоқсан аралығында онлайн нұсқада өткізілді.

1 «Ұлы Дала өркениеті» тарихи мұрасы	2 «Туған өлкем - жұмақ мекен!» табиғи-қорық бағдары
3 «Ұлт руханияты - бабалар аманаты» мәдени мұрасы	4 «Өндірістік инновация кепілі - зияткерлік әлеует» кәсіпорындардың мысалындағы инновациялық/өнеркәсіптік даму
5 «Селт еткізер, ерен ой» жобасының «Шабыт» номинациясындағы шығармашылық жұмыстар	6 «Туған жер - тұғырым» жобасының ең үздік эссесі

Оқушылардың конкурстық жұмыстарын «Astana HUB» Халықаралық IT-технопаркi» корпоративтік қорының, Мемлекет тарихы институтының, «Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты» РМҚК, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Нұр-Сұлтан қаласындағы

филиалының қызметкерлері зерттеп, бағалады.

Экспедицияға Зияткерлік мектептердің 1136 оқушысы қатысты, 578 жоба әзірленді. ДББҰ желілік кезеңіне 200 жоба, Зияткерлік мектептердің 465 оқушысы өтті. Оқушылар зерттеу жобаларын дайындады. 3D жобалар (карталар, сайттар, тапсырмалар жинағы, қолданбалар) әзірленді.

Жоба жеңімпаздары:

Тарихи мұра бағыты секциясы: «Ұлы Дала өркениеті»

Орын	Зияткерлік мектеп	Оқушылар
1	Шымкент қ. ФМБ	команда: Махамбет Ердәулет Өтеш Заңғар Абдашим Ақниет Ильясқарова Асия Қабылбек Мұхтар Ерлер Шыңғыс Мыңжасар Алуа Абдулла Аңсар Төлеген Аяжан Жақсыбеков Нұрсұлтан Рысбек Жанасыл
2	Алматы қ. ХББ	Құмаров Темірлан
3	Петропавл қ. ХББ	команда: Асқар Абинұр Андамасов Азат Рамазан Данияр

Табиғи-қорық бағыты секциясы - «Туған өлкем - жұмақ мекен!»

Орын	Зияткерлік мектеп	Оқушылар
1	Нұр-сұлтан қ. ФМБ	команда: Еген Асылжан Джартыбаев Ансат
2	Павлодар қ. ХББ	Зорлықбаев Темирлан
3	Өскемен қ. ХББ	Тоқтамысова Наргиз

«Өндірістік инновация кепілі - зияткерлік әлеует»: кәсіпорынның инновациялық/өнер-кәсіптік даму бағыты бойынша секция

Орын	Зияткерлік мектеп	Оқушылар
1	Қарағанды қ. ФМБ	Тазабекова Камила
2	Тараз қ. ХББ	Наршибаева Нұрай Анарбаева Әлия
3	Нұр-Сұлтан қ. ХМ	Тунгушбаев Инсар

Номинациялар бойынша үздік:

- «Селт еткізер, ерен ой» - Қайнарқызы Сания, Тараз қ. ФМБ Зияткерлік мектептің оқушысы;
- «Туған жер-тұғырым» атты үздік эссе - Талдықорған қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектебінің оқушысы Нұржанқызы Шұғыла.

«Ұлы дала мұрагерлері» жыл сайынғы форум

Форум онлайн форматта 2020 жылдың 14 желтоқсанында өтті. 2020 жылғы Форум әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Ұлы Абайдың 175 жылдығы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 80 жылдығы мерейтойларымен атап өтілді.

Форум қатысушыларын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрайымы құттықтады, «Қазақстанның Еңбек Ері» Алтын Жұлдыз ордені жоғары мемлекеттік наградасының иегері, ғарышкер А.Айымбетов, «Қазақстанның Еңбек Ері» Алтын Жұлдыз ордені жоғары мемлекеттік наградасының иегері және «Алтын адам» ұлттық сыйлығының иегері Юрий Пя, «Қазақстанның Еңбек Ері» Алтын Жұлдыз ордені жоғары мемлекеттік наградасының иегері, Қазақстан Республикасының Халық әртісі А. Мұсақожаева, Нұр-Сұлтан қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 2020

жылғы түлегі, Forbes Kazakhstan үшінші рейтингінің «Технологиялар» номинациясының жеңімпазы А. Акчурина көшбасшылардың алдында сөз сөйледі, сондай-ақ форумда әлемдегі алғашқы адам тәріздес робот-гуманоид «София» сөз сөйледі. Форумда «Туған елге тағзым» өлкетану-зерттеу экспедициясының жеңімпаздары мен бірінші орын иегерлері сөз сөйлеп, өз жобаларын көрсетті.

Сонымен қатар Тәуелсіздік күніне орай Зияткерлік мектептерде конференциялар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, мәнерлеп оқу байқаулары, сурет салу байқаулары, шығарма жазу байқаулары, флешмобтар, челленджер өтті. Белгілі қоғам қайраткерлері мен танымал тұлғалар мектеп қоғамдастығын мерекемен құттықтады. Олардың ішінде:

Зүлфия Ғабидуллина - Қазақстан Паралимпиада құрамасының капитаны, Паразиада Ойындарының чемпионы, 2017 жылғы жүзуден әлем чемпионы;

Алтынбек Қоразбаев - композитор және әнші, Қазақстан Республикасының Халық әртісі;

Айгүл Үлкенбаева - қазақтың көрнекті домбырашысы, әнші, күйші, композитор. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері;

Оралбай Әбдікәрімов - Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері.

«Ақылды бейсенбі» жобасы

Жобаны іске асыру «Қоғамдық пікір көшбасшыларымен кездесу» түрінде өткізіледі, онда қоғамдық өмірдің, ғылымның, экономиканың, мәдениеттің өзекті мәселелері қарастырылады.

2020 жылы кездесулер мынадай мәдениет қайраткерлерімен, спортшылармен, ғалымдармен және қоғамдық пікір көшбасшыларымен онлайн форматта өтті:

Юрий Пя - медицина ғылымдарының докторы, «University Medical Center» Корпоративтік қорының Басқарма төрағасы, Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығының хирургия және ғылым жөніндегі директоры;

Илья Ильин - қазақстандық ауыр атлет, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері;

Элизабет Тұрсынбаева - әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Қазақстанның төрт дүркін чемпионы, Қысқы Азия ойындарының қола жүлдегері;

Айболат Жаудыр - М. Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының директоры;

Гүлнар Базаралиева - тоғызқұмалақтан әйелдер арасындағы әлем чемпионы;

Асқар Жұмаділдаев - ғалым, математик;

Назарбаев Университетінің ғалымдары мен профессорлары - Жандос Өтеғұлов, Пейман Пурафшара, Весселин Паунов, Ставрос Паулопулос және Севат Эрискен, Дос Сарбасов, Гэвин Слейд.

Онлайн форматта кездесулер өткізудің елеулі артықшылығы оған барлық мектептің

оқушылары, мұғалімдер мен ата-аналар қатыса алатын болады. 2020 жылы 256 кездесу өткізілді. Әр іс-шараға мыңнан астам көрермен қатысты.

Қоғамға қызмет ету

2020 жылы әлеуметтік жобаны іске асыру «Қоғамға қызмет ету» жобасының бекітілген Іс-шаралар жоспарына және елдегі Еріктілер жылын өткізу жөнінде 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Мектептегі оқушылардың жалпы санының 52%-ы балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін өткізілген іс-шараларға және жобалық жұмыстарға қатысты. Оқушылардың 48%-ы қарттар үйімен, Ана үйімен ынтымақтастық орнатуға бағытталған жобаларға қатысты. Мектеп оқушыларының 80%-ы мектеп қоғамдастығының қатысуымен жалпы мектептік дәстүрлі іс-шараларға: оның ішінде әртүрлі қайырымдылық жәрмеңкеге, бүкіл мектептің, сондай-ақ балалар үйінің тәрбиеленушілерінің қатысуымен өтетін қайырымдылық концертке қатысады. Бұл іс-шараларға қонақ ретінде қарттар үйлерінен қарт адамдар шақырылады. Сондай-ақ мектептерде ауруға шалдыққан балаларға және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету мақсатында қайырымдылық акциялары (50-ден астам) ұйымдастырылады.

Еріктілердің саны жыл сайын артып келеді. Қоғамға қызмет ету жөнінде негізгі жобалар төмендегі кестеде келтірілген:

№ п/п	Іс-шараның атауы	Өткізу форматы	Қатысушылар (мектептердің атауы)
1.	«Мектепке жол» республикалық акциясы	Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне түрлі кеңсе тауарлары, мектеп керек-жарақтары, шығармашылық және қолөнер тауарлары берілді	Нұр-Сұлтан қ. ФМБ Павлодар қ. ХББ Тараз қ. ФМБ Талдықорған қ. ФМБ Қарағанды қ. ХББ Қызылорда қ. ХББ Нұр-Сұлтан қ. ХБ Петропавл қ. ХББ Семей қ. ХББ

2.	«Болашақ үшін қайырымды іс» жобасы	Айтулы күндер мен мерекелерге орай іс-шаралар мен концерттер ұйымдастырылды.	Орал қ. ФМБ Павлодар қ. ХББ Тараз қ. ФМБ Қарағанды қ. ХББ Алматы қ. ХББ Қызылорда қ. ХББ Нұр-Сұлтан қ. ХБ Ақтау қ. ХББ Петропавл қ. ХББ Талдықорған қ. ФМБ
3.	«Туған күн иесінің күні» шығармашылық кештері	Балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін дамытушы ойындар, викториналар, флешмобтар өткізілді.	Павлодар қ. ХББ Қарағанды қ. ХББ Өскемен қ. ХББ Петропавл қ. ХББ Талдықорған қ. ФМБ Шымкент қ. ФМБ
4.	«Құрмет пен қамқорлық» жобасы	Қарттар үйінде қарт адамдарға мерекелік қойылымдар мен демалыс ұйымдастырылды.	Орал қ. ФМБ Нұр-Сұлтан қ. ФМБ Атырау қ. ХББ Қарағанды қ. ХББ Қызылорда қ. ХББ Өскемен қ. ХББ Алматы қ. ХББ Талдықорған қ. ФМБ Петропавл қ. ХББ Алматы қ. ХББ Көкшетау қ. ФМБ Семей қ. ХББ
5.	«Өз қолымен жасалған сыйлық» жобасы	Қарт адамдарға қолдан жасалған сыйлықтар сыйға тартылды (көзілдірік қабы, сөмке, қолғап, биялай, шұлық, шәлі).	Тараз қ. ФМБ Атырау қ. ХББ Қарағанды қ. ХББ Ақтөбе қ. ФМБ Алматы қ. ХББ Өскемен қ. ХББ Нұр-Сұлтан қ. ХБ Ақтау қ. ХББ Шымкент қ. ФМБ
6.	«Неткен ғажап әлем» жобасы	Қарттарға сыйлық ретінде мектептің жас суретшілері картиналар салды.	Қарағанды қ. ХББ Өскемен қ. ХББ Петропавл қ. ХББ
7.	«Досыңа портрет сыйла» жобасы	Балалар үйінің әрбір түлегіне балалық шақ туралы естелік ретінде жаңа жылдық фотосессия ұйымдастырылды және жеке портрет сыйға тартылды.	Орал қ. ФМБ
8.	«Демалыс күн клубы» жобасы	Демалыс күндері балалардың қызығушылықтарына қарай сабақтар өткізілді.	Орал қ. ФМБ Павлодар қ. ХББ Нұр-Сұлтан қ. ФМБ Қарағанды қ. ХББ Ақтөбе қ. ФМБ Атырау қ. ХББ Қызылорда қ. ХББ Өскемен қ. ХББ Талдықорған қ. ФМБ

9.	Білім беру саласындағы волонтерлік жобалар – «Тәлімгер», «Тең - теңімен», «Қызықты биология», «Барлығына арналған ағылшын тілі», «Заманауи би мектебі», «Волонтер» клубы, «Лингва таун» мен «Волонтер» клубы жобасы	Ағылшын тілі сабақтары, пәндер бойынша сабақтар өткізілді.	Қостанай қ. ФМБ Алматы қ. ФМБ Павлодар қ. ХББ Қарағанды қ. ХББ Ақтөбе қ. ФМБ Алматы қ. ХББ Қызылорда қ. ХББ Өскемен қ. ХББ Талдықорған қ. ФМБ Ақтау қ. ХББ Петропавл қ. ХББ Көкшетау қ. ФМБ Семей қ. ФМБ
10.	Мектептердің шығармашылық жобалары: «Қолөнершілер», «Би әуесқойлары клубы»	Би билеуді үйренді, флэшмобтар өткізілді, Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі іс-шараларға қатысты: дәстүрлі концерт бағдарламасына балалар үйінің би топтары қатысты, жазғы мектеп аясында НЗМ оқушыларының ғылыми және шығармашылық жобаларының көрмелеріне қатысты.	Орал қ. ФМБ Тараз қ. ФМБ Қарағанды қ. ХББ Қызылорда қ. ХББ Ақтау қ. ХББ Талдықорған қ. ФМБ Көкшетау қ. ФМБ
11.	«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы	Жоба қарт адамдарға қамқорлық пен құрмет көрсетуге, олардың эмоциялық жағдайын жақсартуға және олардың қоғамдағы маңыздылығы мен рөлін арттыруға бағытталған.	Қостанай қ. ФМБ Орал қ. ФМБ Тараз қ. ФМБ Нұр-Сұлтан қ. ФМБ Атырау қ. ХББ Қарағанды қ. ХББ Ақтөбе қ. ФМБ Алматы қ. ХББ Қызылорда қ. ХББ Шымкент қ. ФМБ Өскемен қ. ХББ Талдықорған қ. ФМБ Нұр-Сұлтан қ. ХБ Петропавл қ. ХББ Көкшетау қ. ФМБ
12.	«Біз Жер-Ананың балаларымыз» экологиялық волонтерлік іс-шара	Қалаларды көркейтуге бағытталған сенбіліктер, «Экодвиг» экологиялық акциялары ұйымдастырылды, саябақтар аумағын жинастыру, қар тазалау, макулатураны жинау және тапсыру жобасы жүзеге асырылды.	Қостанай қ. ФМБ Алматы қ. ФМБ Орал қ. ФМБ Тараз қ. ФМБ Қарағанды қ. ХББ Ақтөбе қ. ФМБ Атырау қ. ХББ Қызылорда қ. ХББ Алматы қ. ХББ Өскемен қ. ХББ Нұр-Сұлтан қ. ХБ Петропавл қ. ХББ Талдықорған қ. ФМБ Көкшетау қ. ФМБ Семей қ. ХББ

13.	«Ең өзекті әлеуметтік ролик» номинациясы	Көшелердің көлік жүретін бөлігінде құлаққапты пайдаланудың қаупі туралы әлеуметтік ролик «Террикон» облыстық кәсіби емес кино фестивалінің «Ең өзекті әлеуметтік ролик» номинациясы бойынша жүлдеге ие болды.	Қарағанды қ. ХББ
14.	«Birgemiz» республикалық жобасы	Өңірлердің волонтерлік ұйымдарымен («Қазақстан Волонтерлерінің республикалық лигасы», Қазақстан облыстарының «Жастар ресурстық орталықтары», Нұр-Сұлтан, Алматы, Семей, Шымкент, Қарағанды қалаларының «Мейірімділер клубы») ынтымақтастық шеңберінде іс-шаралар өткізілді, волонтерлік қозғалыстар көшбасшыларымен тәжірибе және идеялар алмасуға ықпал етті.	Алматы қ. ФМБ Павлодар қ. ХББ Қарағанды қ. ХББ Ақтөбе қ. ФМБ Алматы қ. ХББ Атырау қ. ХББ Қызылорда қ. ХББ Талдықорған қ. ФМБ Өскемен қ. ХББ Ақтау қ. ХББ Нұр-Сұлтан қ. ХБ Петропавл қ. ХББ Көкшетау қ. ФМБ
15.	«Жыл волонтері» халықаралық конкурсына қатысу	Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің командасы «Жыл волонтері» Халықаралық сыйлығының «Әлеуметтік мәселелерді шешуге қосқан үлесі үшін» номинациясында үздік атанды.	Орал қ. ФМБ
16	«Жыл волонтері» халықаралық конкурсына қатысу	Қарағанды қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің командасы «Жыл волонтері» Халықаралық сыйлығының «Еліміздің үздік волонтерлік командасы» номинациясының лауреаты.	Қарағанды қ. ХББ
17	«28 ілмек» жобасы	Оқушылар перинаталдық орталықта жатқан шала туылған нәрестелерге арнайы иірілген жіптен киім тоқыды	Семей қ. ХББ
18	«4 табан» жобасы	Бұралқы жануарлардың баспанасына көмек көрсетілді	Семей қ. ХББ
19	«Жүректен жүрекке» жобасы	Мүмкіндігі шектеулі балалар орталығындағы аутист балаларға арналған ақылды ойыншықтар жасады	Семей қ. ХББ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Birgemiz» Республикалық волонтерлік фронт-офисінің ашылуына Нұр-Сұлтан қ. ФМБ, Қарағанды қ. ХББ Зияткерлік мектептерінің 27 оқушысы мен 4 мұғалімнің қатысуы еріктілер қозғалысының одан әрі дамуына ықпал етті.

150-ден астам оқушы коронавирус індетімен күресу үшін жалпыұлттық акциясына ерікті болып тіркелді, 70 бала «DosCamp.kz» жазғы онлайн лагеріне қатысты, 200-ден астам оқушы «Birgemiz: BILIM», «Uide Oqu», «Asyl Jurek» жобаларына қатысты.

9 оқушы медальдармен және 17 оқушы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

10 оқушы облыс әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Қалалық және облыстық қоғамдық ұйымдардың атынан 30-дан астам алғыс хат;

«Birgemiz Bilim» жобасының үздік еріктілері атанған 5 оқушы 50 000 теңгелік ақшалай сертификатпен және Талдықорған қаласы мектебінің 1 оқушысы 120 000 теңгелік сертификатпен марапатталды.

Қызылорда қ. ХББ және Нұр-Сұлтан қ. ФМБ мектептерінің 3 оқушысы «For outstanding work as a volunteer in «Be Kind» project by UNICEF Kazakhstan» сертификаттарымен марапатталды.

Талдықорған қ. ФМБ мектебінің 1 оқушысы «Bilgenimen bolysken» номинациясында жеңімпаз атанып, Алматы облысы әкімінің «Asyl Jurek» сыйлығына және волонтер жылының жабылу құрметіне орай ұйымдастырылған 500 000 теңгелік сертификатқа ие болды.

«Ұрпақтар сабақтастығы» әлеуметтік жобасы

Жоба аясында апта сайын мектеп қабырғасында зейнеткерлік жастағы қарт адамдармен оқушылардың тақырыптық кездесулері өткізіледі. Тақырыптық кездесулер кезінде оқушылар ақпараттық, функционалдық сауаттылық дағдыларын дамыту мақсатында түрлі шеберлік сабақтар, кездесулер, оқу клубтарын, викториналар, зияткерлік ойындар, спорттық және би жаттығуларын, семинарлар ұйымдастырады.

2020 жылы 206 іс-шара өткізіліп,

6409 (47%) Зияткерлік мектеп оқушылары қамтылды.

«Ұрпақтар сабақтастығы» әлеуметтік жобасы мектептерге ұрпақтар арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған тұрақты платформа құруға мүмкіндік берді. Жоба аясында оқушылар қоғамдық қатынастар орнатудың алғашқы тәжірибесін, адамгершілік пен гуманизм тәжірибесін алды.

«100 күйдің тарихы», «Қазақ әндері» жобалары

Мектептің тәрбие жүйесінде 7, 8, 9, 11 сынып оқушылары белсенді қатысатын «Қазақ әндері», «100 күйдің тарихы» желілік жобалары ерекше орын алады.

Оқушылар мен олардың ата-аналары үшін домбыра және әнмен байланысты флешмобтар, конкурстар, тақырыптық музыкалық кештер мен кездесулер, жалпымектептік таңертеңгілік жиындар, шеберлік сыныптар, фестивальдер, концерттер дәстүрлі мәдени іс-шараларға айналды.

2020 жылдың 29 қарашасында Тұңғыш Президент Күнін мерекелеу қарсаңында домбырашылардың ұйымдастырған онлайн флэшмобын атап өтуге болады. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің домбырашылары бір уақытта танымал күйлерді орындады.

Жалпымектептік таңертеңгілік жиындар, қазақ күйлері мен әндерін зерттеу және орындау бойынша шеберлік сабақтар балалар тарапынан қазақ музыкалық мәдениетке деген басым қызығушылықтың бар екенін көрсетті.

2020 жылы «100 күйдің тарихы» жобасына Зияткерлік мектептердің 6279 (45%) оқушысы қатысып, 391 іс-шара өткізілді.

«Қазақ әндері» жобасының аясында сыныптан тыс іс-шараларға Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7985 (58%) оқушысы қатысты, 340 іс-шара өткізілді.

«Қазақ күресі»

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мен «Qazaq kuresi» Қауымдастығы арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектептерінің және Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу мақсатында екі күндік семинар өтті.

Семинарда мұғалімдерге қазақ күресінің элементтерін жылдамдық, шыдамдылық және күшті арттыру мақсатында ойын түрінде қалай қолдануға болатынын көрсетті.

Сонымен қатар мұғалімдер үшін түрлі залдармен жабдықталған жаңа, заманауи «Јекре Јек» спорт кешеніне экскурсия ұйымдастырылды.

Ынтымақтастық туралы меморандум және «Ақылды бейсенбі» тәрбие жұмысы жобасы аясында қазақстандық балуан, қазақ күресінен Әлем және Азия чемпионы, Қазақстан барысының үш дүркін жеңімпазы Бейбіт Ыстыбаевпен онлайн кездесу өтті.

Ұлттық «Тоғызқұмалақ» ойынынан спартакиада ұйымдастырылды.

Барлық Зияткерлік мектептерде «Тоғызқұмалақ» спорттық-ұлттық ойыны-

нан үйірмелер жұмыс істейді. 2020 жылдың желтоқсанында ЮНЕСКО тоғызқұмалақ зияткерлік ойынын адамзаттың материалдық емес мәдени мұралары тізіміне енгізді, бұл барлық мектептерде тоғызқұмалақ ойнауға үлкен түрткі болды.

2020 жылдың 3-6 қараша аралығында «PlayOK» платформасында «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойынынан онлайн спартакиада өтті. Спартакиадаға Зияткерлік мектептердің 1-12 сыныптарынан 90 оқушы қатысты. Спартакиадаға Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ федерациясының қызметкерлері төрешілік етті.

Спартакиада қорытындысы бойынша жеңімпаздарға медальдар мен грамоталар, сондай-ақ жалпы командалық жүлделі орындар үшін кубоктар табыс етілді.

Спартакиада жүлдегерлері:

1-6 сынып ұлдары арасында

1-орын

Тыныштықбай Абылайхан,
Талдықорған қ. НЗМ

2-орын

Культемиров Бернар,
Көкшетау қ. НЗМ

3-орын

Омирбеков Самир,
Нұр-Сұлтан қ. Халықаралық
мектебі

1-6 сынып қыздары арасында

1-орын

Қайрат Айнель,
Талдықорған қ. НЗМ

2-орын

Сарсенбай Ажар,
Көкшетау қ. НЗМ

3-орын

Тулегенова Нурсара,
Нұр-Сұлтан қ. Халықаралық
мектебі

7-9 сынып ұлдары арасында

1-орын

Әділжаппар Бекжан,
Семей қ. НЗМ

2-орын

Маметан Абылай,
Орал қ. НЗМ

3-орын

Тұрғанбаев Әлібек,
Ақтөбе қ. НЗМ

7-9 сынып қыздары арасында

1-орын

Мұнайтбасова Жұлдызай,
Семей қ. НЗМ

2-орын

Рысбай Әсел,
Шымкент қ. ХББ НЗМ

3-орын

Нұрсәлім Санида,
Орал қ. НЗМ

10-12 сынып ұлдары арасында

1-орын

Жортабаев Бекарыс,
Орал қ. НЗМ

2-орын

Райымбек Досымжан,
Қызылорда қ. НЗМ

3-орын

Сайтахмет Ильяс,
Қостанай қ. НЗМ

10-12 сынып қыздары арасында:

1-орын

Садықбек Жұлдыз,
Қызылорда қ. НЗМ

2-орын

Оралбекова Аружан,
Семей қ. НЗМ

3-орын

Рымбаева Назерке,
Талдықорған қ. НЗМ

Жалпы командалық орындар
1-6 сынып оқушылары арасында

1-орын

Талдықорған қ. НЗМ

2-орын

Көкшетау қ. НЗМ

3-орын

Нұр-Сұлтан қ.
Халықаралық мектебі

7-9 сынып оқушылары арасында

1-орын

Қызылорда қ. НЗМ

2-орын

Орал қ. НЗМ

3-орын

Шымкент қ. ХББ НЗМ

10-12 сынып оқушылары арасында

1-орын

Қызылорда қ. НЗМ

2-орын

Орал қ. НЗМ

3-орын

Семей қ. НЗМ

3.4. Қосымша білім беру

Сырттай оқитын элективті курстар

Қосымша білім беру Зияткерлік мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру, ғылымға, техникаға деген қызығушылықтарын нығайту үшін неғұрлым талантты және дарынды жас өнертапқыштарды іріктеу және қолдау мақсатында элективті курстар арқылы іске асырылады.

Еліміздегі және әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты сырттай оқитын элективті курстар жазғы демалыс уақытында қашықтан, онлайн форматта ұйымдастырылды.

Стэнфорд университетінің оқытушыларымен қашықтан ұйымдастырылған элективті курстар

Stanford University (Стэнфорд университеті) – АҚШ пен әлемдегі ең беделді және рейтингісі жоғары университеттердің бірі болып табылады, жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингісінде 2-ші орын алады (QS World University Ranking 2020), Кремний алқабында орналасқан. Университет түлектері Google, Yahoo!, Hewlett-Packard, Cisco Systems сияқты әлемнің жетекші компанияларының негізін қалады.

Зияткерлік мектептердің 60 оқушысы Стэнфорд университетінің жазғы онлайн

мектебінің курстарына 4 бағыт бойынша қатысты:

- Жасанды зият;
- Биомедициналық инженерия;
- Биология ғылымдары саласындағы зерттеулер: Нейроғылым;
- Материалтану және инженерия.

Стэнфорд оқытушылары өткізген курс қорытындыларына сәйкес оқушылар басқа Зияткерлік мектептердің оқушыларымен оқу барысында командалық жұмыс дағдыларын дамытып, шетелдік білім алушылармен бірлескен жобалар жасады, тілдік құзыреттіліктерін жетілдірді, шығармашылық, сыни және аналитикалық ойлау дағдыларын дамытты, ғылыми-зерттеу дағдыларын нығайтты, сондай-ақ таңдап алынған курсқа байланысты биомедициналық инженерия, нейроғылым, материалтану, жасанды зият саласындағы білімдерін тереңдетті.




Доктор Дэвид Хэнсонмен қашықтан ұйымдастырылған элективті курстар

Зияткерлік мектеп оқушыларының робот техникасы және жасанды зият саласындағы білімдерін тереңдету мақсатында 2020 жылғы қарашада алғаш рет Дэвид Хэнсонмен қашықтан оқыту режимінде элективті курстар өтті. Ол интерактивті өнер және технологиялар саласының докторы, Hanson Robotics компаниясының негізін қалаушы болып табылады және София, Pkd, Bina-48 роботтарын жасап шығарды.

Өнер, бағдарламалық және аппараттық жасақтама саласында жұмыс істей отырып, Хэнсон нағыз қамқор машиналарды жасауға тырысады. Осы мақсат үшін ол бейнелеу өнерін когнитивтік ғылыммен және робот техникасымен біріктірумен, тері ретінде қолдану үшін жаңа материалдарды, бет әлпеті механизмдерін және адамдармен натуралистік түрде бетпе-бет әңгімелесе алатын және қазіргі уақытта зерттеулерде, білім беруде, терапияда және ЖЗ-тың басқа да салаларында қолданылып жүрген София роботы сияқты гуманоидты өнер туындысымен байланысты жасанды зият саласындағы бірлескен әзірлемелерді ойлап табумен айналысады.

«Болашақ Жасанды Зият контекстіндегі ғылым, технологиялар, білім» және «Роботтарды адамға айналдыру: адам-машина симбиозы және Игілікке бағытталған Жасанды Зият» тақырыбындағы элективті курстарға техникалық және АТ мамандықтарын таңдауға бел буып отырған және АКТ мен робот техникасы саласындағы жобалармен айналысатын 9-12 сыныптардан 400 оқушы қатысты.

Дәріскер курс қатысушыларын София роботымен интерактивті диалог түрінде таныстырды, жасанды зияттың, роботтардың адам өміріндегі, ғылымдағы, өнердегі рөлі туралы айтты. Жасанды зият, робот техникасы, инженерия саласындағы инновациялар туралы сөз қозғап, Hanson Robotics зертханасына «шынайы» тур жасады, Hanson Robotics компаниясына жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы және жалпы осы саладағы мансап мүмкіндіктері туралы айтып, қатысушылардың ондаған сұрақтарына толық жауап берді.



MITжанындағы Research Science Institute қашықтан оқыту режиміндегі элективті курсы

MIT (Кембридж қ. АҚШ) – әлемдегі ең беделді техникалық жоғары оқу орындарының бірі, жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингісінде жетекші 1-орын алады (QS World University Ranking 2018). Research Science Institute (RSI).

MIT жанындағы зерттеу ғылыми институты STEM-білім беру аясында жыл сайын әлемнің ең үздік 80 оқушысын жазғы мектепке қабылдайды. Жазғы мектептің дәріскерлері – әлемнің әйгілі ғалымдары MIT, Harvard University және АҚШ-тың басқа да беделді университеттерінің профессорлары, Нобель сыйлығының лауреаттары.

Нұр-Сұлтан қ. Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Уркумбаев Эльдар биология пәнінен республикалық олимпиаданың алтын және күміс медальдарының иегері, RSI жазғы мектебінде оқу кезінде Rickover Award беделді марапатына ие болды. Сондай-ақ олимпиадаларға және ғылыми жобалар конкурстарына белсенді қатысып, орын алған Алматы қ. ФМБ Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Камалова Дильназ жазғы мектепке қатысты.

6 апталық RSI курстарының бағдарламасында MIT және басқа да беделді университет профессорларының дәрістеріне қатысу,

тағайындалған ғылыми жетекшімен ғылыми жоба бойынша бірге жұмыс істеу, семинарлар мен тренингтерге қатысу, сондай-ақ мәдени іс-шараларға қатысу жоспарланған.

Новосібір мемлекеттік университетінің Мамандандырылған оқу және ғылыми орталығының (СУНЦ НГУ) оқытушыларымен қашықтан өткізілген курстар

Новосібір мемлекеттік университетінің Мамандандырылған оқу және ғылыми орталығы (бұдан әрі – СУНЦ НГУ) – Ресей Федерациясындағы физика және математика саласындағы ежелгі оқыту орталықтарының бірі болып табылады және оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, математика, физика, химия, биология, информатика пәндерін тереңдетіп оқытатын мектепте білім беру бағдарламаларын іске асырады. СУНЦ НГУ математика, физика және болашақта химия және биология пәндерін оқып-зерделеуге бейімділігі мен қабілеті бар оқушыларды өз орталығына іріктеп алады және олардың әлеуетін, дербестігін, ғылыми қызметке қызығушылығын одан әрі дамытуға жағдай жасайды.

2020 жылы «Физика», «Химия», «Биология» пәндерінен тереңдетілген олимпиадалық дайындыққа бағытталған элективті курстарға жаратылыстану және математика бағытындағы пәндерден Республикалық олимпиаданың қатысушылары, халықаралық пәндік олимпиадалардың жүлдегерлері және республикалық құраманың мүшелері болып табылатын Зияткерлік мектептердің 27 оқушысы қатысты.

«Талант және сәттілік» қорының білім беру бағдарламасы бойынша қашықтан оқыту режиміндегі элективті курстар

«Талант және сәттілік» білім беру қоры өнер, спорт, жаратылыстану пәндері саласында үздік қабілеттерін, сондай-ақ техникалық және гуманитарлық шығармашылыққа бейімділігін көрсеткен дарынды балаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асырады. Осы мақсатта Қор Сочи қаласындағы олимпиадалық нысандар базасында жыл бойы жұмыс істейтін «Сириус» білім беру орталығын ашты. Орталықтың педагог мамандары көрнекті ғылым, мәдениет және спорт қайраткерлері, ал білім алушылардың қатарында – хоккей, мәнерлеп сырғанау,

жаратылыстану ғылымдары, академиялық музыка, хореография және көркем сурет салаларында жоғары жетістік көрсеткен 10 жастан 17 жасқа дейінгі оқушылар бар.

2020 жылдың жазында бір ай бойы Зияткерлік мектептердің 80 оқушысы жалпы және шағын топтарда онлайн оқуға қатысып, «Олимпиадалық және қолданбалы математика», «Олимпиадалық физика», «3D-модельдеу негіздері» және «Phyton-да бағдарламалау негіздері» білім беру бағдарламалары аясында тапсырмаларды, жобаларды орындады.

Жобалық бағдарламалар қатысушыларға Қазақстан мен Ресей Федерациясының ғылым және техника саласын дамытудағы басым бағыттарының кросс-технологиялық жобаларын әзірлеу форматында өзекті технологиялық және өндірістік міндеттерді шешу тәжірибесімен бөлісу мақсатында іске асырылды. Міндеттерді шешу үшін: дарынды оқушыларды ғылым мен бизнестің шынайы өмірде орын алатын ғылыми, өндірістік және технологиялық міндеттерді орындауға тарту; қолданбалы ғылыми-зерттеу және инженерлік-техникалық жобаларды әзірлеу, білім беру жүйесінен тыс құнды жаңа білім мен нәтижеге қол жеткізу; оқушыларды шынайы өмірдегі кейстер негізінде заманауи өндірістің озық технологияларымен және үздік практикаларымен таныстыру; Junior Skills әдістемесімен жарыстарға дайындау; инженерлік-техникалық және АТ жобаларын әзірлеу түрінде жобалау-зерттеу қызметі саласында практикалық құзыреттіліктерді игеру – инженерлік прототиптер немесе АТ-өнімдер (3-5 оқушыға 1 жоба); инженерлік және техникалық жобалар мен/немесе Junior Skills қозғалысының жарыстарына қатысу.

«Екінші шет тілін үйрену» жобасы

Зияткерлік мектеп оқушыларының екінші шет тілін үйренуі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Қазақстандық үздік дәстүрлерді, халықаралық тәжірибе мен практиканы үйлестіретін жаратылыстану және математика бағытындағы мектепте білім берудің инновациялық, көптілді жүйесінің моделін әзірлеу және енгізу арқылы Қазақстанның зияткерлік әлеуетін арттыру» миссиясына сәйкес келеді.

Екінші шет тілін үйрену қажеттілігі әлемде және елімізде орын алып жатқан

жаһандық өзгерістерге байланысты. Осының нәтижесінде шет тілдерінің рөлі күннен-күнге артып келеді.


Зияткерлік мектептерде екінші шет тілі ретінде неміс, француз, қытай, кәріс, жапон тілдері белгіленді. Сондай-ақ аймақтың ерекшеліктеріне, оқушылардың қажеттіліктері мен кадрлардың болуына байланысты ита-

льян, испан және т. б. тілдерді таңдау мүмкіндігі бар.

2019-2020 және 2020-2021 оқу жылдары 7-12 сыныптарда «Екінші шет тілі» пәнін оқыту оқушылардың қызығушылықтарына қарай қашықтан оқытылатын элективті курстар ретінде ұйымдастырылды.

2020 жылғы 10 желтоқсандағы жағдай бойынша 3 073 оқушы екінші шет тілін оқып жатыр

Екінші шет тілін оқып жатқан оқушылар саны



Екінші шет тілін үйрену оқушыларға зияткерлік, жеке, кәсіби тұрғыдан дамуға және әлемнің үздік университеттерінде оқуларын жалғастыруға қосымша мүмкіндіктер береді.

ЖАЗҒЫ МЕКТЕП-2020

Оқушылардың жобалық зерттеу жұмыстарын жүргізу қабілеттерін дамыту, пәндік білімдерін тереңдету және еліміздің, сондай-ақ шет елдердің жетекші университеттеріне оқуға түсуге даярлау үшін Зияткерлік және жалпы білім беретін мектептердің оқушылары үшін 20 Зияткерлік мектеп негізінде Жазғы мектептер ұйымдастырылды.

Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты 2020 жылы Зияткерлік мектептердің 8 824 оқушысы және жалпы білім беретін мектептердің 150 оқушысы жазғы мектепке ақысыз негізде қашықтан қатысты.



Бағдарламаны Зияткерлік мектеп мұғалімдері (қазақстандық және шетелдік педагогтер) келесі бағыттар бойынша әзірледі:

- Жалпы білім беретін пәндерден олимпиадалық даярлау;
- Бағдарламалау, web-design, робот техникасы;
- STEM, 3D модельдеу, дизайндық ойлау, кәсіпкерлік;
- Қазақ, ағылшын, орыс тілдері мен

әдебиетті тереңдетіп оқу;

- Жаратылыстану және математика бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқу;
- Гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқу;
- Халықаралық емтихандарға және ЖОО-на түсуге дайындық;
- және т. б.

Жазғы мектеп курсы туралы ақпарат www.summerschool.nis.edu.kz онлайн-порталында берілген.

Жазғы мектеп зерттеу жұмысын, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға және академиялық білімдерін тереңдетуге арналған тиімді платформа болып табылады.

Жазғы мектеп оқушыларының пікірлері

Жазғы мектеп, сен маған қаншама естен кетпес ерекше сәттер сыйладың. Сенің арқаңда көптеген дос таптым. Өзім үшін пайдалы тәжірибе жинадым. Қысқасын айтқанда, сіздермен өткізген екі апта үшін алғысымды білдіргім келеді.

Атырау қ, НЗМ оқушысы

Екі апта бойы сіздер сыйлаған керемет көңіл-күй, ынтымақ пен бірлікке және пайдалы өткізген уақыт үшін алғыс айтамын.

Өскемен қ, НЗМ оқушысы

ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ СЕРІКТЕС МЕКТЕПТЕРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

ДББҰ-ның 2030 жылға² дейінгі даму стратегиясында «Қазақстандағы және шетелдегі серіктес мектептер саны» индикаторы бекітілген, оған сәйкес әрбір мектепте кемінде 5 серіктес мектеп болуы тиіс.

Зияткерлік мектептер Халықаралық Бакалавриат, Халықаралық мектептер кеңесі (CIS), Lesson Study (WALS) жөнінде Дүниежүзілік ұйымы, IAEA білім берудегі халықаралық бағалау қауымдастығы және АЕА-Eurore білім берудегі Еуропалық бағалау қауымдастығы және т.б. халықаралық ұйымдардың мүшесі бола отырып, серіктес халықаралық мектептермен ынтымақтастығын дамытуда және ТМД, Орта Азия және т.б. елдердің ұйымдарының мүшесі болып табылады.

«Серіктес мектептер» жобасының басты мақсаты оқушыларға келесі үш бағытта мәдениетаралық коммуникация, жаһандық ойлау және төзімділік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді:

- «Оқушыларды серіктес мектептің білім беру бағдарламасы бойынша оқыту»;
- «Бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру және халықаралық ғылыми басылымдарда нәтижелерді жариялау»;
- «Қабылдаушы елдің мәдениетін, тарихын және өнерін жан-жақты зерттеу».

Оқушылар алмасу арқылы серіктес мектепте академиялық дайындық деңгейлерін арттырады, серіктес мектеп оқушыларымен тәжірибе алмасады, зерттеу және талдау дағдыларын дамытады, заманауи зертханаларда тәжірибелер мен эксперименттер жасап үйренеді, өз бетінше оқу мен өзін-өзі тәрбиелеудегі жаңа тәсілдермен танысады және қабылдаушы мектептің оқыту тілін тереңдетіп оқып, үйренеді.

2020 жылы әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты іс-шаралардың негізгі бөлігі мен ынтымақтастық қашықтан ұйымдастырылды, оқушылармен алмасу аясындағы іс-шаралар тек 2020 жылдың бірінші тоқсанында орын алды.

² 2018 жылғы 1 желтоқсанда «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» дербес білім беру ұйымдарының Жоғары қамқоршылық кеңесімен бекітілген

International School of Lyon мектебімен серіктестік

Ақтау қаласындағы Зияткерлік мектептің 10 оқушысы мен 2 мұғалімі Францияның Лион қаласындағы «International School of Lyon мектебіндегі Біріккен ұлттар ұйымының модельдері» конференциясына қатысты.

Лион мектебі 2004 жылы құрылған және «Әлемдік мектеп» Халықаралық бакалавриат ұйымына кіреді. Жоғары мектеп 9-12 сыныптарды қамтиды, 9-10 сыныптарда оқыту IGCSE бағдарламасы негізінде, ал 11-12 сыныптарда - Халықаралық бакалавриат бағдарламасы негізінде жүргізіледі. Ол сондай-ақ Кембридж Халықаралық Бағалау үшін аккредиттелген орталық және халықаралық мектептердің Еуропалық кеңесінің және Ағылшын тілді мектептер қауымдастығының мүшесі болып табылады.



Серіктестік шеңберінде:

- бірлескен ғылыми және әлеуметтік жобалар арқылы жобалық қызметті жүргізу дағдылары жетілдірілді;
- екінші шет тілі ретінде француз тілін меңгеру деңгейі артты;
- педагогикалық тәжірибемен алмасу жүзеге асырылды;
- мектепті интернационалдандыру аясында «Мектеп серіктестігі» бағыты жүзеге асырылды;
- Халықаралық мектептер кеңесінің (CIS) Зияткерлік мектептің халықаралық және мәдениетаралық өзара қарым-қатынастар мен жаһандық азаматтық үдерістерін тереңдетіп түсіну жөніндегі негізгі ұсыныстары жүзеге асырылды.

Genius@Pintar Дарынды жастарға арналған ұлттық орталықпен серіктестік

2015 жылдан бастап Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектеп (ФМБ) оқушылармен алмасу аясында Genius@Pintar (Банги қ., Малайзия) Дарынды жастарға арналған ұлттық орталығымен (бұдан әрі қарай - Genius@Pintar) тығыз ынтымақтастық жасайды.

2020 жылы Genius@Pintar 6 оқушысы Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектепте (ФМБ) білім алды.

Genius@Pintar 2011 жылдың қаңтарында құрылды, оның негізгі қызметі Малайзиядағы дарынды және кемеңгер оқушыларды анықтау, дайындау және оларға қолдау көрсету болып табылады. Бұл бағытты Малайзия үкіметі жаңғырту-2020 мемлекеттік бағдарламасы аясында, оның ішінде мемлекет премьер-министрінің жұбайы Сери Росма Мансор ханымның қолдауымен мемлекеттік білім беру жүйесін реформалау жүзеге асырылуда. Үкіметтің тапсырмасы бойынша Малайзия Ұлттық Университеті Genius@Pintar үшін баланың шығармашылық әлеуеті мен дарындылығын толыққанды ашуға мүмкіндік беретін оқу куррикулумын әзірледі. Орталықта жалпы дамыту және университет алдындағы бағдарлама негізінде орта және жоғары мектептен 1220 бала оқиды.



Қашықтан серіктестік орнату аясында мектептер онлайн форматта жаһандық жобаларға қатысты: Pen Pal (Хат алмасатын

дос); Global Classroom Project: Sustainability in schools (мектеп ортасын бес бағыт бойынша зерттеу жобасы: Biodiversity, Energy, Global Citizenship, Health, Waste Management, Transport and Water). Бұл жобаларға әлемнің түпкір-түпкіріндегі көптеген мектептер қатысты.

3.5. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Зияткерлік мектептердің психологиялық қызметтерінің жұмысы оқушылардың психологиялық денсаулығы мен әл-ауқатын нығайтуға, оқушылардың қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, балаларды тәрбиелеу мәселелері жөнінде ата-аналар арасында психологиялық ағартушылықты насихаттауға бағытталған.

Эпидемиологиялық жағдайға және қашықтан оқытуға (ҚО) көшуге байланысты педагог-психологтардың тәжірибесіне өзгерістер енгізілді және жұмыстың бағыты індеттің психологиялық салдарын жұмсартуға ауыстырылды. Өзгерістер педагог-психологтардың оқушылармен, олардың ата-аналарымен/қамқоршыларымен, мектеп қызметкерлерімен қашықтық форматта өзара іс-әрекет алгоритмін құруды қамтыды.

Қашықтан жұмыс істеу форматына қарамастан, психологиялық кеңес беру оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер арасында сұранысқа ие болды. Есеп беру кезеңінде **4 181** жеке кеңес өткізілді: **2 254** - оқушылар үшін, **1 309** - педагог мамандар үшін, **618** - ата-аналар үшін.

Оқушыларды мазалаған мәселелердің қатарында:

- қашықтан оқытуға байланысты қиындықтар (оқу материалын игерудегі және зейін қоюдағы қиындықтар, оқуға деген уәждеменің төмендеуі, барлығын кейінге қалдыру, бейнені, микрофонды қосудан бас тарту және т. б.);
- індеттің таралуына және шектеу шараларының енгізілуіне байланысты алаңдаушылық (достармен және сыныптас-тармен кездесе алмау, қоғамнан оқшаулану, өзінің және жақындарының ауруға шалдығып қалуынан қорқу);
- эмоциялық жағдай (күйзеліс, енжарлық және т. б.);
- бала мен ата-ана арасындағы

қарым-қатынас (ата-аналар тарапынан бақылаудың күшейюі, жанжалдар мен келіспеушіліктер);

- мұғалімдермен өзара әрекеттесу.

Кейбір жағдайларды талқылау үшін офлайн түрде кеңес беру қажет болды. Оқушыларға офлайн кеңес беру Қашықтан оқыту жағдайында санитариялық-профилактикалық, санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу және білім беру қызметін жүзеге асыратын ДББҰ филиалдарында бастауыш мектепте оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылды. Барлығы 191 офлайн кеңес берілді.


Мектеп пен отбасы арасында байланыс орнату, ата-аналар мен жасөспірімдердің өзара түсіністігі мен өзара іс-әрекетін жақсарту, кәмелетке толмағандарға қолдау көрсету мақсатында 2020 жылдың қаңтар-наурыз аралығында «Мықты отбасы» бағдарламасы аясында 7-сыныптың 514 оқушысы және 528 ата-ана/қамқоршы үшін 279 іс-шара өткізілді.

Бағдарламаға фасилитатор ретінде 105 педагог-ұйымдастырушы-кураторлар (89), жатақхана тәрбиешілері (15) және педагог мамандар (1) қатысты.

Сонымен қатар халықаралық тренерлерден білім алған педагог-психологтар тағы 50 педагог-психологты, педагог-ұйымдастырушы-кураторлар мен жатақхана тәрбиешілерін оқытты.


Қашықтан оқыту кезеңінде жаңадан келген 7-сынып оқушыларының бейімделуіне бағытталған іс-шаралар оқу мен жұмыстың өзгерген жағдайларына сәйкес жүргізілді. Қашықтан оқыту жағдайында «Мықты отбасы» бағдарламасын жүзеге асыру мүмкін болмағандықтан, педагог-психологтар тобы ДББҰ қызметкерлерімен бірлесіп «Біз жай ғана отбасымыз» онлайн-курс бағдарламасын әзірледі. Онлайн курс бағдарламасы ата-аналар мен оқушылардың 40 минуттық 7 бірлескен сессиясынан тұрады және ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған.

Бағдарламаны апробациялау Ақтөбе, Алматы (ХББ), Нұр-Сұлтан, Павлодар, Семей, Орал, Шымкент қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 24 сыныптарында жүргізілді. Бағдарлама 576 оқушыны және 602 ата-ананы/қамқоршыны қамтыды.



³ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2020 жылғы 24 тамыздағы шешімімен бекітілген (№38 хаттама).

Сондай-ақ, 7-сынып оқушыларының бейімделуі аясында педагог-психологтар оқушылардың сәтті бейімделуіне жағдай жасауға және оқу үдерісі барысында туындауы мүмкін қиындықтардың алдын алуға, оқушылардың тұлғалық ерекшеліктеріне психикалық диагностика жасауға бағытталған 114 вебинар өткізді.



ДББҰ қызметкерлері 7-сынып оқушылары мен олардың ата-аналарына арналған «Оқушы кітапшасы» және «Ата-аналарға арналған анықтамалықты» әзірлеп, басып шығарды және Зияткерлік мектептерге жіберді. Бұл материалдар «Өзгермелі әлемдегі мектеп және отбасы» диалогтық алаң аясында ата-аналарға ұсынылды.

1-кесте. «Өзгермелі әлемдегі мектеп және отбасы» диалогтық алаңы аясында ата-аналарға арналған вебинарлар

№	Іс-шара тақырыбы	Мақсатты топ	Жауапты ұйым
1	«НЗМ-гі жол бағыттаушы» (брошюраны ұсыну)	1, 6-7 сынып оқушыларының ата-аналары	Тараз, Павлодар, Алматы ХББ, Шымкент ФМБ, Орал қалаларындағы НЗМ
2	«Бір шаңырақ астында. Қашықтан оқыту жағдайында ата-аналарға қандай әрекет жасау керек және қандай әрекеттен аулақ болу қажет?»	2-3, 8-9 сынып оқушыларының ата-аналары	Тараз, Павлодар, Алматы ХББ, Шымкент ФМБ, Орал қалаларындағы НЗМ
3	«5 языков любви. Как понимать своего ребенка»	4-5 сынып оқушыларының ата-аналары	Көкшетау қ. НЗМ, Шымкент, Ақтау қалаларындағы ХББ НЗМ
4	«Мен жасөспірімнің ата-анасымын. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас орнатуға және осы қарым-қатынастан қалай рахаттану сезіміне бөленуге болады?»	10-11 сынып оқушыларының ата-аналары	Семей, Өскемен қ. НЗМ, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе қ. ФМБ НЗМ
5	«Заманауи түлек. Сұрақтар мен жауаптар»	12-сынып оқушыларының ата-аналары	Тараз, Павлодар, Алматы ХББ, Шымкент ФМБ, Орал қалаларындағы НЗМ

Психологиялық қызмет өкілдері ата-аналарға арналған онлайн-марафондар мен онлайн кездесулер өткізді.

Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға жағдай жасау, ата-аналардың балалар психологиясы туралы білімін тереңдету мақсатында 2020 жылғы 18-24 сәуірде 628 қатысушыны

қамтыған «Домашний апрель» немесе «Тәуір-сәуір» онлайн-марафоны өткізілді.

Ата-аналармен онлайн кездесулер «Балалық шағы болмаған адамдарға арналған әңгімелер» тақырыбында «психологиялық проекция» түрінде өткізілді. Бұл кездесулер мінез-құлқында ашу мен ыза сезімі басым, үйдегі зорлық-зомбылыққа

бейім, балалық шағында зорлық-зомбылық пен қатыгездікке ұшыраған ата-аналарға бағытталған.

Сабақтарға қатысты оң пікірлер басым болды және осындай кездесулерді жалғастыру туралы өтініш түсті.

«Біз бір отбасымыз» бағдарламасына, вебинарлар мен марафондарға қатысқан ата-аналардың пікірінше, осындай іс-шараларды ұйымдастырудың пайдасы көп екенін айтты.

Жалпы есеп беру кезеңінде оқушылардың ата-аналарымен жұмыс күшейтілді. Келесі негізгі бағыттарды атап өтуге болады:

- қашықтан оқыту кезеңінде ата-аналар тарапынан оқушыларға қолдау көрсету;
- 7-сынып оқушыларының оқытудың жаңа жағдайына бейімделудегі ата-ананың рөлі;
- 10, 12-сынып оқушыларына ата-аналар тарапынан қолдау көрсету;
- індеттің психологиялық салдарымен жұмыс істеу кезінде қолдау көрсету;
- отбасылық-тұрмыстық жанжалдардың, зорлық-зомбылықтың алдын алудағы ата-аналардың рөлі;
- интернетті шамадан тыс пайдаланудың алдын алудағы ата-аналардың рөлі;
- «тәуекел тобына» жататын оқушыларға қолдау көрсету.

Сонымен қатар Зияткерлік мектептердің педагог-психологтары ДББҰ қызметкерлерімен бірлесіп оқушыларға арналған түрлі өзекті тақырыптарды қамтитын вебинарлар әзірледі. Мысалы, 12-сынып оқушылары үшін мансаптық даму бойынша 2 элективті курс әзірленді және тәжірибеге енгізілді: «Болашақты басқару: өзгерістерге оңай және тез бейімделу жолдары» және «Жетістіктің психотехнологиясы: менің 5 жылға арналған жоспарым». Вебинарлар түлектердің жоғары оқу орнын, болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына көмектесуге бағытталған және түлектер тарапынан оң пікір туғызды.

Карантин жағдайлары нәтижесінде жасөспірімдердің интернеттегі қауіпсіз мінез-құлқы мәселелерінің өзектілігі арта түсті, өйткені балалар компьютердің

алдында шексіз уақыт өткізуге мүмкіндік алды. Интернетті шамадан тыс пайдаланудың салдарынан балалар интернет-қудалау, теріс және жыныстық, қаржылық алаяқтық және жеке деректерді ұрлаумен байланысты контентке тап болуы мүмкін, сондай-ақ қайғы мен өлімді, тамақтану тәртібінің бұзылуын (анорексия және булимия), психикалық белсенді заттарды қолдануды насихаттайтын топтарға кіріп кетуі мүмкін. Жоғарыда аталған жағымсыз салдардың алдын алу мақсатында оқушыларға «Интернет-тәуелділік», «Кибербуллинг» вебинарлары әзірленді. Сондай-ақ ата-аналарға жадынама-презентациялар, оқушыларға интернетті қауіпсіз пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірленді, психологтарға оқыту жүргізілді және олар ата-аналар мен оқушыларға осы мәселелер бойынша хабарларды бірден жеткізіп отырды.

Сонымен қатар тәуекел тобына жататын оқушыларға қолдау көрсету мақсатында оқушылардың мұғалімдерімен 99 кеңес және тәуекел тобындағы оқушылардың ата-аналарымен 189 кеңес өткізілді. Жұмыстың негізгі бөлігі қашықтан өткізілді. Осы жұмыс барысында педагог-психологтар бірқатар қиындықтармен кездесті:

– оқушылардың офлайн кезінде мінез-құлықтарын, көңіл-күйін, олардың сыныптастарымен өзара әрекеттесу сипатын бақылау мүмкін болмады;

– сабақтарда оқушыларды бақылаудың ақпараты аз болды, өйткені оқушылар сабақ кезінде камераларды қоспады, олардың жауаптары тек микрофон арқылы естіліп, жауаптары чатта қаралды;

– қарым-қатынаста қиындықтары бар оқушыларды, отбасындағы психологиялық проблемалары бар оқушыларды байланысқа шақыру қиын болды. Бұл балаларда психологпен байланысқа шығу мүмкіндігі болмады (көбінесе ата-аналарымен бір бөлмеде болды).

Сонымен қатар педагог-психологтар тәуекел тобындағы оқушылармен 540 жеке кеңес өткізді. Тәуекел тобындағы оқушылардың тақырыптары:

- эмоционалды күй: үрей, қорқынш, ашуланшақтық, мазасыздық, апатия, шеттетілгендік;

- ББЖ бойынша қанағаттанғысыз бағаларға уайымдау, ККХЕ туралы уайымдау;
- балалар мен ата-аналар қарым-қатынасы;
- ата-аналармен тұлғааралық қақтығыстар;
- құрдастармен тұлғааралық қақтығыстар;
- ата-ананың ажырасуына байланысты отбасыдағы қолайсыз жағдай;
- туыстардың коронавирусты жұқтыруына байланысты уайымдар;
- жақын туысының қайтыс болуы;
- сыныптағы буллинг (қудалау);
- отбасындағы зорлық-зомбылық;
- ұйқысыздық;
- сынға сезімталдық;
- зейін қою мәселесі;
- оқуға деген ынтаның төмендеуі;
- өзін-өзі бағалаудың төмендеуі;
- белгісіздікке қатысты уайымдар;
- сыныптастармен қарым-қатынас орнатудағы мәселелер;
- қызбен/жігітпен қарым-қатынас орнатудағы.

Тәуекел тобындағы оқушылардың даму динамикасы келесі индикаторлармен анықталады: когнитивті, эмоционалды, медициналық, жағдайлық-өмірбаяндық, сыртқы/ішкі ресурстар. Сондықтан педагог-психологтар қауіпті бағалау хаттамасын қолданады, ол арқылы аутодеструктивті мінез-құлық қаупі жоғары және орташа оқушыларға динамикалық бақылау жүргізіледі.

Сондай-ақ динамика жеке психокоррекциялық бағыттарды талдау арқылы бақыланады, олар әр оқушыға жасалып, мектептің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумында (ПМПк) бекітіледі. Есепті кезеңде зияткерлік мектептерде 19 ПМПк өткізілді.

Сонымен қатар педагог-психологтар қиын өмірлік жағдайларға тап болған оқушыларды сүйемелдеу және қолдау бойынша жұмыс жүргізді. Осылайша, педагог-психологтар мен мектеп қызметкерлері тарапынан ерекше көңіл бөлуді қажет ететін оқушылар тобы құрылды. Осы санаттағы оқушылардың жалпы саны 185 адамды құрады. Олардың 35%-ы академиялық қиындықтарға тап болды, оқушылардың 26,5%-ында ата-аналарымен қарым-қатынаста қиындықтар туындады.

Оқушылардың басым бөлігі тап болған қиын өмірлік жағдайлар



Тәуекел тобындағы оқушыларды және ерекше көңіл бөлуді талап ететін оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мультидисциплинарлық тәсілді және командалық жұмысты талап етеді. Осыған байланысты педагог-психологтер оқушылар мен олардың ата-аналарына, сондай-ақ пән мұғалімдері мен педагог-ұйымдастырушы-кураторларға вебинарлар өткізді.

Педагог-психологтердің кәсіби дамуы онлайн режимінде өтті және 110 педагог-психологты қамти отырып, біліктілікті арттырудың 2 курсы ұсынды.

Осылайша, есепті кезеңде білім беру үдерісінде медициналық және психологиялық қызметтердің рөлі оқушылар мен ата-аналар үшін де, мектеп мұғалімдері үшін де маңызды болды.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Есеп беру кезеңінде Зияткерлік мектептердің медициналық қызметтері келесі жұмыстарды атқарды:

- оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету;
- профилактикалық іс-шаралар өткізу;
- аурулардың алдын алуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын қамтамасыз ету.

Сонымен қатар COVID-19 індетіне және шектеу шараларын енгізуге байланысты медициналық қызметтер мектептерде санитарлық-профилактикалық және санитарлық-эпидемияға қарсы іс-шаралар өткізді.

Жалпы Зияткерлік мектептердің медициналық пункттері 2020 жылы 14,5 мыңға жуық өтініш тіркеді. Өтініштердің басым көпшілігі ағымдағы жылдың I тоқсанында, оқушылардың мектепте күндізгі оқу кезеңінде тіркелген. Оның ішінде 129 өтініш Нұр-Сұлтан қаласындағы халықаралық мектептің медициналық пунктінде 2020 жылдың IV тоқсанында кезекші топтардың оқушылары арасында тіркелген.

Көбінесе оқушылар тыныс алу, ас қорыту, жүйке жүйесінің аурулары, жарақаттар, зақымданулар, тері жарақаты және басқа да ауруларға шағымданған.

Профилактикалық егулер және оқушыларды медициналық тексеру

2020 жылдың I жартыжылдығында 7,6 мыңға жуық оқушы алдын ала профила-

тикалық медициналық тексеруден өтуі тиіс болды, олардың 43%-ы алдын ала профилактикалық медициналық тексеруден өтті.

2020 жылдың II жартыжылдығында 7,6 мыңнан астам оқушы медициналық тексеруден өтуі тиіс болды, оның ішінде есеп беру кезінде 31,1%-ы медициналық тексеруден өтті.

Бұдан басқа, есеп беру кезеңінде 2,7 мың оқушы флюорографиялық зерттеуден өтуі тиіс болды, оның ішінде оқушылардың 83,2%-ы зерттеуден өтті.

Профилактикалық егудің Ұлттық күнтізбесіне сәйкес мектеп оқушылары жасына қарай дифтерия, көкжөтел және сіреспе, туберкулез, қызылша, қызамық және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы егілуі тиіс.

2020 жылы жасына қарай 2,3 мың оқушы дифтерияға қарсы вакцинациялауға тиіс болды, олардың 59,7%-дан астамы вакцина алды. 1,2 мың оқушы туберкулиндік тексеруден өтуі тиіс болды, олардың 26,2%-ы тексеруден өтті. Сондай-ақ Алматы, Қостанай, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Петропавл қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 382 қызметкері мен оқушысына тұмауға қарсы вакцина салынды.

Қашықтан оқытуға байланысты оқушылардың мектепке бармауы, COVID-19 ауруына қатысты шектеу шаралары мен эпидемиологиялық жағдайға байланысты алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарының жоғарыда аталған қызметтерді көрсетуін тоқтатуы, адамдар көп жиналатын жерлерде ауруды жұқтыру қаупіне байланысты заңды өкілдердің бас тартуы вакцинациямен, алдын ала профилактикалық медициналық тексерумен толық қамтылмауының негізгі себептері болып табылады.

Зияткерлік мектептердегі санитариялық-ағарту жұмыстары

Санитариялық ағарту және салауатты өмір салтын насихаттау мектептердің медициналық қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Санитариялық-ағартушылық жұмыс аясында ұйымдастырылатын іс-шараларға дәрістер, әңгімелесулер, тренингтер, семинарлар, роликтер, ақпараттық бюллетендерді және т.б. дайындау жатады.

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына, мектептердегі білім беру ұйымдарына


қойылатын санитариялық талаптарға сәйкес медицина қызметкерлері санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына жауапты тұлғалар болып тағайындалды (температураны жанаспайтын термометрмен өлшеу, персоналға нұсқамалық беру, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау құралдарының қажетті қорын қадағалау және басқа да іс-шаралар). Бұдан басқа, мектептердің медицина қызметкерлері оқушылардың қорытынды және халықаралық емтихандарын өткізу, аттестаттарды беру, 7-сыныпқа конкурстық іріктеу және басқа да іс-шаралар кезінде санитариялық-профилактикалық талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асырды.



Есеп беру кезеңінде мектептерде санитариялық-ағарту жұмыстары аясындағы негізгі бағыттардың бірі - COVID-19 ерекшеліктерін, осы аурудың тұмаудан, жіті респираторлық жұқпалы аурулардан айырмашылығын түсіндіру іс-шаралары, сондай-ақ алдын алу шаралары болды. Мектептерде тәлімгер-

лік сағаттар, оқушылар, қызметкерлер үшін дәрістер өткізілді, ата-аналарға ақпарат жіберілді, техникалық қызметкерлер мен асхана, жатақхана қызметкерлері арасында дезинфекциялық режимді сақтау, желдету және басқа да іс-шараларды өткізу бойынша жұмыстар жүргізілді. Сондай-ақ мектептердің медицина қызметкерлері қолды дұрыс жуу дағдыларын және респираторлық этикетті сақтау бойынша жеке іс-шаралар өткізді.

Оқушылардың қашықтан оқытуға көшуіне, электрондық құрылғылармен қолдану және жұмыс істеу уақытының ұлғаюына байланысты мектептердің медицина қызметкерлері көзге арналған гимнастика, компьютердің алдында дұрыс отыру және онымен жұмыс істеу, миопия мен сколиоздың алдын алу, гиподинамия, тыныс алу гимнастикасы сипатталатын роликтер мен басқа да ақпараттық материалдар дайындады.



Сонымен қатар басқа да әлеуметтік тұрғыдан маңызды аурулардың (туберкулез, АИТВ/ЖИТС) алдын алу жұмыстары өз жалғасын тапты. Мәселен, Павлодар қаласындағы Зияткерлік мектепте Дүниежүзілік

психикалық денсаулық күні аясында (2020 жылғы 10 қазан) MS Teams платформасында мектептің медицина қызметкерлерімен бірге «сұрақ-жауап» түрінде оқушылармен кездесу өткізілді.

Қарағанды, Ақтөбе, Орал, Қостанай қалаларындағы Зияткерлік мектептерде қысқы уақытта жарақаттанудың алдын алу, оның ішінде ауа температурасы төмен болғанда көшеде үсік шалған кезде, сондай-ақ өзендер мен суқоймаларда мұзға түсіп кеткен немесе суға батқан кезде алғашқы көмек көрсету іс-шаралары өткізілді.

Медициналық қызмет жұмысының сапасын арттыру мақсатында жаңа НҚА әзірленді және қолданыстағы НҚА жетілдірілді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі жобалары

Есеп беру кезеңінде ДББҰ сарапшылары мектептерде балалардың жарақаттануын мониторингілеу және алдын алу құралын әзірлеу бойынша жұмыс істеді. Осы жоба шеңберінде:

- жарақаттануды мониторингілеу құралы әзірленді және бейімделді;

- әзірленген құрал Павлодар қ. Зияткерлік мектебі мен Нұр-Сұлтан қ. Халықаралық мектебінде сынақтамадан өтті;

- сынақтама нәтижелерінің негізінде мониторинг құралына бағалау жүргізілді.

2020 жылғы 26-28 тамыз аралығында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы тренерлерінің қатысуымен Зияткерлік мектептер мен Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектебінің педагогикалық және медициналық қызметкерлері үшін балалар арасында жарақаттанудың алдын алу бойынша тренинг ұйымдастырылды.

Бұдан бөлек, репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша ақпараттандыру және оқыту бөлігінде Қазақстан Республикасында 2021-2025 жылдарға арналған жаңа елдік бағдарлама шеңберінде БҰҰ-ның Халықтың қоныстануы саласындағы қорымен (ЮНФПА) серіктестік келісім жасалды.

⁴ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мен БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) арасындағы ынтымақтастық туралы 04.12.2019 жылғы №РСА/KZ/2019/001/169 Шартқа сәйкес



ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ

Зерттеу ұйымды үнемі жетілдірудің маңызды құралы болып табылады. 2020 жылы пандемияға және қашықтықтан оқытуға көшуге байланысты бүкіл әлемде белгісіздік жағдайында басқарушылық шешімдер қабылдау үшін осы өзгерістердің сипаты мен әсерін зерттеу қажеттілігі өсті.

ДББҰ тұрақты негізде ұйымның зерттеу әлеуетін нығайтуға қатысты келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді:


- ДББҰ және филиалдарда өткізілетін зерттеулерді үйлестіру;
- Зияткерлік мектептердің тәжірибесін жариялау және жинақталған біліммен алмасу;
- Мұғалімдердің зерттеулері (Педагогикалық кадрлар бөлімін қараңыз);
- Елдің орта білім беру жүйесінде зерттеулерді іске асыру (Жылдық есептің 2-бөлімін қараңыз).

ДББҰ және филиалдарда өткізілетін зерттеулерді үйлестіру

ДББҰ-да тұрақты негізде жүргізілетін зерттеулер мен сауалнамаларға мониторинг жүргізіледі. ДББҰ-ның зерттеу қызметі кезеңінде барлығы 41 зерттеу аяқталды және тағы 21 зерттеу жалғасуда. Соның ішінде 2020 жылдың өзінде 16 жоба аяқталып, тағы 5 жоба қолға алынып, жалғасуда (Қосымша – ДББҰ зерттеу жобаларының тізбесі).

Сондай-ақ 2020 жылы сыртқы зерттеушілерден бес өтінім қаралды, олардың екеуі өткізуге мақұлданды.

2020 жылдан бастап өтінімдерді беру үдерісі автоматтандырылып, research.nis.edu.kz.электрондық портал арқылы іске асырылады research.nis.edu.kz.



2020 жылы ДББҰ-ның research.nis.edu.kz. жаңа зерттеу сайты құрылды. Сайт екі негізгі қызметпен нығайтылды:

- зерттеу жүргізуге өтінімді автоматты түрде беру;
- ДББҰ-ның зерттеулер каталогы.

Зерттеулер каталогы ДББҰ-ның «білім базасы» ретінде қызмет етеді, онда ДББҰ мен филиалдардың аяқталған зерттеу жобаларының қорытындылары бойынша барлық есептер мен басқа да материалдар, сондай-ақ қызметкерлердің ғылыми мақалалары біріктірілетін болады. Каталогты құру зерттеу нәтижелері бойынша жиналған **негізделген деректердің бірыңғай көзіне** қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сайт пайдаланушыларына каталогтың екі нұсқасы ұсынылады – жалпыға қолжетімді және құпия, құпияны қарау тек ДББҰ және филиалдардың уәкілетті қызметкерлері үшін қолжетімді болады.

Сайтта сондай-ақ ДББҰ-да зерттеулер жүргізуді реттейтін негізгі құжаттар және ДББҰ ғылыми-консультациялық кеңесінің (ҒКК) мүшелері туралы ақпарат орналастырылған.

Сонымен қатар зерттеу сайты **тоқсан сайынғы дайджесттерді** таратудың негізгі алаңы ретінде қолданылады. 2020 жылы ДББҰ-да білім беру мен зерттеудің ең өзекті мәселелеріне арналған төрт дайджест дайындалды:

- Қазақстандық мұғалімдердің ЭЫДҰ TALIS мұғалімдер корпусын зерттеуге қатысуы;
- «Ауыл мектебі» жобасы – зерттеу арқылы тең мүмкіндіктерге;
- Зияткерлік мектептердегі дербестендірілген оқыту;
- Пандемия кезіндегі қашықтықтан оқыту;
- Адами капитал индексі (Дүниежүзілік Банк, 2020): қазақстандық балаларға арналған болжамдар;
- Білім беру болашағына оралу: ЭЫДҰ-ның мектептегі білімге арналған төрт сценарийі (ЭЫДҰ, 2020);
- COVID-19 пандемиясының білімге қалай әсер еткені: ғылыми зерттеулерге шолу;
- Бейімделген оқытудың оқушылардың үлгеріміне әсері;
- ЗСЗ қорытындысы бойынша қайталама зерттеулердің нәтижелері;

- Білім беру ортасының оқушылардың үлгеріміне әсерін зерттеу.

ДББҰ-ның зерттеу жобалары

2020 жылы Зияткерлік мектептердің қызметін жетілдіру шеңберінде өзекті трендтерді зерттеу бойынша тұрақты жұмыс жүргізілді.

Сонымен **TALIS халықаралық зерттеуіне қазақстандық мұғалімдердің қатысу нәтижелеріне талдау жасалды.** 2020 жылғы наурызда ЭЫДҰ «Мұғалімдер мен мектеп басшылары құнды кәсіпқойлар ретінде» халықаралық есебінің екінші томын жариялады, онда мұғалім кәсібінің беделі мен мәртебесі, олардың жұмыс жағдайлары, мектептегі кәсіби өзара іс-қимыл және алқалылық, мұғалімдердің көшбасшылығы мен дербестігі мәселелеріне баса назар аударылды. Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің қатысуының талдау нәтижелері ДББҰ-ның тамыз конференциясында ұсынылды.

Коронавирус індетінен туындаған бүкіл әлемде қашықтықтан оқытуға көшу мұғалімдер мен зерттеушілерді оның тиімділігін терең талдау және жаңа шындықтағы педагогикалық тәжірибені үнемі жақсартуды ойлануға мәжбүр етті. 2020 жылы ДББҰ Қашықтықтан оқытудың тиімділігі, білім алудың сапасы және оқу үдерісіне жалпы қанағаттану туралы оқушылардың, ата-аналардың және мұғалімдердің пікірлерін зерделеу үшін екі циклден тұратын мектептер желісінде **қашықтықтан оқытуды іске асыруды зерттеуді** бастады.

Зерттеудің **алғашқы циклі** 2019-2020 оқу жылының соңында өтті. Зерттеу аясында **2 200 мұғалім, 10 607 оқушы және 9 340 ата-ананың сауалнама нәтижелеріне талдау жасалды.** Зерттеудің мақсаты қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру барысы, оқушылар мен мұғалімдердің осы режимге бейімделуі, сондай-ақ одан әрі басқару бойынша шешімдерді қабылдау және жаңа оқу жылына дайындық үшін қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы мәліметтер жинау болды.

Деректерді жинаудың **екінші циклі** 2020-2021 оқу жылының 1-тоқсанында өтті. Бұл кезеңде зерттеу мұғалімдердің тәжірибесіндегі сапалы өзгерістерді және респонденттердің қашықтықтан оқытудың тиімділігін бағалау динамикасын зерттеуге бағытталған. Деректерді жинаудың барлық құралдарын жүйелеу жүргізілді және зерттеу нәтижелері бойынша жиынтық есеп дайындалды. Есепке мұғалімдердің (2 087 адам), оқушылардың (9 697 адам), ата-аналардың (9 833 адам) онлайн-сауалнама нәтижелері, оқу үдерісінде MS Teams платформасын пайдалану талдауы, психологтардың сауалнама нәтижелері (56 адам), сондай-ақ мұғалімдердің қатысуымен фокус-топтардың қорытындылары және онлайн-сабақтарды бақылау енгізілген.

Алынған мәліметтерге жүгініп, ДББҰ басшылығы 2020-2021 оқу жылында қашықтан оқытуды ұйымдастыру сапасын жақсарту жөнінде бірқатар шешімдер қабылдады.

2020 жылдың наурыз айында **Зияткерлік мектептердің асханаларында тамақтану сапасына талдау жүргізілді.** Зерттеу Зияткерлік мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарына мектеп асханаларында оқушылардың тамақтануына және үйдің тамақтану сапасына қанағаттануын анықтау үшін сауалнама өткізу арқылы жүргізілді. Респонденттердің жалпы саны 5 882 оқушы мен 18 Зияткерлік мектептің 5 583 ата-анасын құрады. Зерттеу нәтижелері бойынша есеп дайындалды, онда негізгі тұжырымдар мен ұсынымдар айтылды.

2020 жылғы қаңтар-мамыр аралығында **Зияткерлік мектептерде жеке тұлғаға бағытталған оқытуды іске асырудан зерттеу жүргізілді.** Сапалы мәліметтер 10 Зияткерлік мектепте (фокус-топ және мұғалімдермен, оқушылармен және олардың ата-аналарымен жеке сұхбат) жиналды. Сұхбат пен фокус топтарға қатысқан 62 мұғалімнің, 61 оқушының және 26 ата-ананың пікірлері зерттелді, 10 сабақ бақылауға алынды. Сондай-ақ сауалнамаға Зияткерлік мектептің 13 директоры мен 16 директор орынбасары қатысты.

Осылайша, зерттеу балалар, олардың ата-аналары, мұғалімдер және мектеп әкімшілігі тұрғысынан жеке тұлғаға бағытталған оқыту бағдарламасының артықшылықтарын зерделеді. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес есепте жеке тұлғаға бағытталған оқытуды іске асыру үдерісінің мүмкіндіктері мен тәуекелдерінің талдауы ұсынылған.

ДББҰ беделін көтеру және танымалдығын арттыру жұмысы

ДББҰ-ның имиджін және шетелде танымалдығын арттыру үшін және қазақстандық аудиторияға сапалы әрі танымдық контентке тегін қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін конференция спикерлерімен бірге «Intellectual Podcast» Зияткерлік мектептерінің подкасты іске қосылды.



Intellectual Podcast Зияткерлік мектептері подкастының алғашқы спикері ЭЫДҰ Білім беру және дағдылар департаментінің басшысы **Андреас Шляйхер** болды.

Андреас Шляйхер «Білім беруде үйреншікті нәрседен бас тарту – білім беруді қайта ойластыру» (Education disrupted – education rethought) тақырыбындағы өзінің подкастында әлемдегі және Қазақстандағы білім беру үшін індеттің салдары, жаңа тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы әңгімелейді. Сондай-ақ подкаст білім берудегі технологияларды дамыту келешегі, енді бұрынғыдай болмайтын әлемдегі этика мен құндылықтар туралы айтады.

Келесі спикер ретінде Вильнюс қалалық Кеңесінің депутаты, Білім және Мәдениет комитетінің мүшесі, Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің (Литва) сарапшысы Дарюс Радкявичюс сөз сөйледі. **Дарюс Радкявичюс** «Мектеп қауымның жүрегі ретінде» тақырыбындағы подкасты адам өміріндегі экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістермен байланысты білім берудің негізгі идеяларын тарихи шолудан бастайды. Спикер оқыту әдіснамасы, сәулет және өнер бір-бірімен тығыз байланысты екенін көрсетеді және нақты мектептер үлгісінде табиғат пен эстетика балаларды оқытуда неге маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Энди Коуп – қызметкерлерді тарту, адамдардың әл-ауқаты мен өркендеуі саласындағы сарапшы (Ұлыбритания), «бақыт дәрігері» өзінің подкастында білім беру саласындағы жұмыс физикалық және эмоционалды жағынан да қалжыратуы мүмкін дейді, сондықтан әр адам өз эмоцияларына және әл-ауқатына жауап береді. «Бақыт дәрігері» біздің эмоцияларымызға, мінез-құлқымызға және жалпы өмірімізге әсер ететін ойлау тәсілін өзгерту арқылы өмірдің мәнін қалай ашуға болатындығын және бақытқа қалай қол жеткізуге болатынын айтады.

Лондон Университеттік колледжінің білім беру институтының мектепке дейінгі және бастауыш білім беру профессоры, Британдық Білім беру саласындағы зерттеулер қауымдастығының президенті **Доминик Уайз** «Педагогикалық түйсік: үйде және мектепте балаларға арналған тиімді педагогика» тақырыбына баяндама жасап, балаларды тәрбиелеу мен оқытуда 12 қағидатты атап өтті.

Бостон колледжінің Линч білім беру мектебінің профессоры, ЭЫДҰ және Дүниежүзілік Банктің кеңесшісі **Эндрю Харгривс** өзінің подкастында алдағы жұмысты жоспарлауда ескеруді қажет ететін пандемияның білім беру саласына қатысты алты сабағы туралы сөз қозғады.

2021 жылы халықаралық және қазақстандық сарапшылардың қатысуымен бейне подкасттарды шығаруды жалғастыру жоспарлануда.

Ғылыми мақалаларды жариялау

ДББҰ-ның ғылыми-зерттеу ортасындағы танымалдығын арттыру мақсатында жүргізілген зерттеулердің қорытындылары келтірілген ғылыми мақалаларды жариялау жұмысы өз жалғасын табуда. 2020 жылы нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда екі ғылыми мақала жарияланды.

«Экономика жоғары мектебі» F3Y (Ресей Федерациясы) қызметкерімен бірлескен жұмыс нәтижесінде «Білім беру мәселелері/ Educational Studies» журналында «TALIS 2018 зерттеуі бойынша Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасында мұғалімдердің кәсіби дамуы» тақырыбында мақала жарияланды (Е. В Чернобай, Д. Н. Ташибаева).

Сондай-ақ ДББҰ және Педагогикалық өлшеулер орталығының қызметкерлері «Updated content of education in Kazakhstan: Longitudinal trajectories of learning performance in Mathematics and Science» атты мақаланы Journal of Education and Human Development (JEHD)» журналында Джордж Мейсон университетінің (Вирджиния, АҚШ) Жоғары білім беру мектебінің білім берудегі өлшеу және сандық зерттеу әдістері кафедрасының құрметті профессоры Д.М. Димитровпен бірге жариялады (Димитров Д.М., Можеева О.И., Шілібекова А.С., Зиеденнова Д.Б., Рахымбаева З.К.).

Зерттеу департаменті қызметкерлерінің «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында жарияланған «Экранның арғы жағында: Назарбаев Зияткерлік мектептерінде қашықтан оқытуды жүзеге асыру» мақаласында (К. Сайлау, А. Рамазанова) 2019-2020 жылдың төртінші тоқсанында Зияткерлік мектептерде қашықтан оқытуды зерттеу нәтижелері көрініс тапты.

Зерттеу қорытындысы бойынша үш мақала «Педагогикалық диалог» ақпараттық-педагогикалық журналында жарияланды. «Әлеуметтік және эмоциялық дағдылар - табысқа жету жолында дамытуды қажет ететін буындар» мақаласы (Д. Тәшібаева), «Қазақстан орта білім беру жүйесіндегі білім беру инновацияларының таратылуы және үздіксіздігі» зерттеуі негізінде қазақ және ағылшын тілдерінде әзірленген «Білім беру жүйесіндегі өзгерістер туралы ойлар» мақаласы (К. МакЛафлин, Н. Аюбаева, О. Фимьяр, Дж. Хэлмер, К. Малоун, Н. Якавец, К. Турсунбаева, Л. Уинтер, Л. Абдимананова, З. Хамидулина, Ж. Жонтаева). Сондай-ақ, «Ауыл мектебі» жобасы аясындағы зерттеу нәтижелері бойынша Басқарма Төрайымының орынбасары С.Испусинова мен зерттеу департаменті директорының орынбасары А. Көпееваның авторлығымен «Мектеп климаты: оқушылардың, ата-аналардың және мұғалімдердің дауысы» тақырыбында мақала жарияланды.



БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ

5.1

Оқушылардың
оқу жетістік-
теріне монито-
ринг жүргізу

5.2

Критериалды
бағалау жүйесі

5.3

5, 10, 12-сынып
оқушыларын
сырттай жиын-
тық бағалау

5.4

Зияткерлік
мектептерді
аккредиттеу

5.5

NIS-PROGRAMME
білім беру бағдар-
ламасын және NIS
сертификатын
тану

5.1. Оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу

Зияткерлік мектептер оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу – бұл оқушылардың өзекті білім деңгейлері туралы шынайы ақпаратты бағалаудың, жинаудың, өңдеудің және ұсынудың жүйелі үдерісі, бұл бағдарлама мақсаттарына қол жеткізудегі прогресті қадағалауға, жеке білім беру траекториясын түзетуге және әрбір оқушыға атаулы педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кездегі эпидемиологиялық жағдайда UNESCO оқушылардың білімі мен дағдыларындағы мүмкін олқылықтарды уақтылы анықтау үшін оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізудің ерекше өзектілігін атап өтуде. Мәселен, 2020 жылы Зияткерлік мектептер желісінде мынадай мониторингтік рәсімдер жүргізілді:

- «Математика» пәнінен оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу;
- қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білімі мен дағдыларындағы олқылықтарды анықтаудан мониторинг жүргізу;
- 14 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалауға арналған тест.

«Математика» пәнінен оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу

2020 жылы оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг 19 Зияткерлік мектептің 7-11 сынып оқушылары үшін оқу бағдарламасының бес бөлімі бойынша жүргізілді: «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдық теориясы», «Математикалық модельдеу және талдау».

Оның қорытындысы бойынша мониторинг нәтижелерін талқылау, бағалау стандарттарын белгілеу және оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейлерін сипаттаудан семинар өткізілді.


Мониторингке жалпы 7-11 сыныптардың 11 035 оқушысы қатысты, оның ішінде 2 844 – 7-сынып, 2 079 – 8-сынып, 1 564 – 9-сынып, 2 439 – 10-сынып және 2 109 – 11-сынып.

Мониторинг нәтижелерінен кейін оқушылардың жауаптары статистикалық өңдеуден және психометриялық талдаудан өтті, оның нәтижелеріне сәйкес оқушылар мен барлық мүдделі тараптарға келесі деректер берілді:

- 43 311 жеке егжей-тегжейлі есеп;
- Оқытудағы динамика туралы 43 311 жеке есеп;
- Сыныптар мен параллельдер деңгейіндегі 722 егжей-тегжейлі есеп;
- Зияткерлік мектептер желісінен талдамалық есеп.

Оқу жетістіктерінің төрт деңгейі бөлінісіндегі 7 және 8-сыныптың мысалында мониторинг нәтижелері төменде келтірілген.

Диаграмма. 2019 жылғы қыркүйек пен 2020 жылғы қаңтарда жүргізілген мониторинг нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері



2019 жылғы қыркүйек пен 2020 жылғы қаңтарда жүргізілген мониторинг нәтижелерін салыстырмалы талдау оқу бағдарламасының бөлімдері бөлінісінде оқу жетістіктерінің «Жақсы» және «Жоғары» деңгейлерін көрсететін оқушылар үлесінің өскенін анықтады:

- 7-сынып - «Математикалық модельдеу және талдау»;
- 8-сынып - «Алгебра» және «Геометрия»;
- 9-сынып - «Алгебра», «Геометрия» және «Статистика және ықтималдық теориясы»;
- 10-сынып - «Статистика және ықтималдық теориясы»;
- 11-сынып - «Геометрия» және «Математикалық модельдеу және талдау».

Тапсырмалар банкін толықтыру мақсатында жыл сайын тест тапсырмаларын әзірлеу жүргізіледі, кейін оларды сынақтан өткізеді. Есепті кезеңде 200 тапсырма әзірленіп, сараптамадан өтті. Апробацияға арналған тапсырмалардың соңғы нұсқаларын дайындау үшін қашықтықтан тест тапсырмаларын

сараптау нәтижелерін талқылаудан семинар өткізілді.

Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білімі мен дағдыларындағы олқылықтарды анықтаудан мониторинг жүргізу

Қашықтықтан оқыту режиміне көшу шеңберінде және оқушылардың білімдері мен дағдыларындағы олқылықтарды уақтылы анықтау мақсатында ДББҰ мониторинг жүргізудің балама түрін әзірлеу және жүргізу туралы шешім қабылдады.

Осыған байланысты рәсімнің әдіснамасы айқындалды, 14 929 оқушының тест платформасына қашықтықтан қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін серверді баптау жүзеге асырылды, 2 782 жаңа тапсырма әзірленіп, сараптамадан өтті, мектеп әкімшілігіне әдістемелік қолдау көрсетілді, онлайн-консультациялар жүргізілді және мониторингті ұйымдастыру және жүргізуден нұсқаулықтар ұсынылды.

Мониторинг 2020-2021 оқу жылының басында 20 Зияткерлік мектептің 7-12 сынып оқушылары үшін 13 пәннен жүргізілді.

1-кесте. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білімі мен дағдыларындағы олқылықтарды анықтау бойынша мониторинг құрылымы

№	Пән	Сынып						
		7	8	ЖТАО М1*	9	10	11	12
1	Математика	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
2	Қазақ тілі және әдебиеті (Т1)	✗	✓	✓	✓	✓	✓	✓
3	Қазақ тілі және әдебиеті (Т2)	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✗
4	Орыс тілі және әдебиеті (Т1)	✗	✓	✓	✓	✓	✓	✓
5	Орыс тілі және әдебиеті (Т2)	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✗
6	Ағылшын тілі	✓	✓	✓	✓	✓	✗	✗
7	Қазақстан тарихы	✗	✗	✗	✗	✓	✗	✗
8	Қазіргі әлемдегі Қазақстан	✗	✗	✗	✗	✗	✗	✓
9	Физика	✗	✓	✓	✓	✓	✓	✓
10	Химия	✗	✓	✓	✓	✓	✓	✓
11	Биология	✗	✓	✓	✓	✓	✓	✓
12	Информатика	✗	✗	✗	✗	✓	✗	✓
13	География	✗	✗	✗	✗	✗	✗	✓

* ДО - жеке тұлғаға бағытталған оқыту бағдарламасы бойынша оқитын оқушылар (1 үлгі)

Пәндер, сыныптар және тапсырмаларды орындау пайызы бөлінісіндегі мониторинг нәтижелері кестеде көрсетілген.

2-кесте. Мониторинг тапсырмаларын орындаудың пайыздық көрсеткіштері

№	Пән	Сынып						
		7	8	ЖТАО М1*	9	10	11	12
1	Математика	73.0	60.4	56.0	53.0	50.2	57.0	72.9
2	Қазақ тілі және әдебиеті (Т1)		70.0	86.5	70.1	72.0	79.0	55.4
3	Қазақ тілі және әдебиеті (Т2)	56.0	56.5	72.0	56.0	56.7	48.9	
4	Орыс тілі және әдебиеті (Т1)		75.4	76.7	77.0	69.6	71.3	72.3
5	Орыс тілі және әдебиеті (Т2)	68.7	77.5	79.0	74.8	81.0	83.7	
6	Ағылшын тілі	67.9	60.8	73.0	58.3	62.0		
7	Қазақстан тарихы					67.8		
8	Қазіргі әлемдегі Қазақстан							79.2
9	Физика		52.0	52.7	51.9	59.5	54.1	59.5
10	Химия		72.0	54.1	58.0	61.9	58.0	66.8
11	Биология		56.4	66.7	56.2	63.0	56.7	76.8
12	Информатика					58.5		78.8
13	География							78.5

* Д0 - жеке тұлғаға бағытталған оқыту бағдарламасы бойынша оқитын оқушылар (1 үлгі)

Мониторинг нәтижелерінен кейін оқушылардың жауаптары статистикалық өңдеуден өтті, оның нәтижелеріне сәйкес оқушылар мен барлық мүдделі тараптарға келесі деректер берілді:

- 228 113 жеке егжей-тегжейлі есеп;
- сыныптар мен параллельдер деңгейінде 1007 егжей-тегжейлі есеп.

14 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалауға арналған тест


Күнделікті өмірден алынған білім мен дағдыларды экстраполяциялау бөлігінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және қадағалау мақсатында 14 жастағы оқушыларды математикалық, жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығы атты үш бағыттан бағалау үшін тест әдіснамасы әзірленді.

Тест әдіснамасын жасау кезінде PISA (ЭЫДҰ) халықаралық мониторингтік зерттеу тәсілі қолданылды.

Тестті өткізу үшін түрлі контекстер шеңберінде функционалдық сауаттылықты тексеруге бағытталған 500 тапсырма әзірленіп, сараптамадан өтті.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша тапсырма

Төмендегі графикте қоқыс дағы (Within GPGP) және қоқыс дағының айналасында (Around GPGP) пластмассаның концентрациясы көрсетілген. Сіз әр онжылдықта қоқыс дағында микропластик концентрациясының экспоненциалды өсуін байқай аласыз.




Жоғарыдағы графикте тәуелді айнымалыны көрсетіңіз.

- ☐ Микропластик концентрациясы
- ☐ Уақыт аралығы

Математикалық сауаттылық бойынша тапсырма

Айдос үш ара ұясындағы алтыбұрыштарды белгілі бір заңдылықпен сары және көк түстермен бояды, олар төмендегі суретте көрсетілген. Осы заңдылықпен Айдос ара ұяларын әрі қарай бояуды жалғастырды. Реттік саны 2021 болатын ара ұясында қай түсті алтыбұрыштар саны көп болатынын анықтаңыз.



№1

№2

№3

Көк

Сары

Тестілеу оқушылардың бір іріктемесі үшін екі рет өткізілді, бұл функционалдық сауаттылық деңгейлерінің өзгеру үрдісін қарастыруға мүмкіндік берді:

- 2020 ж. сәуір айында - 2 070 оқушы үшін;
- 2020 ж. қараша айында - 1 974 оқушы үшін.



Тест нәтижелерінен кейін оқушылардың жауаптары статистикалық өңдеуден өтті, оның нәтижелеріне сәйкес оқушылар мен барлық мүдделі тараптарға келесі деректер берілді:

- 11 943 жеке егжей-тегжейлі есеп;
- Сыныптар мен параллельдер деңгейінде 168 егжей-тегжейлі есеп.

Сонымен қатар ДББҰ қызметкерлеріне тест құрылымын түсіндіру, бағалау құралдарын жіктеу, оқу және білім алу барысында

есептерді қолданудан вебинарлар сериясы өткізілді.

Сонымен қатар тестілеуден өткеннен кейін мұғалімдер мен оқушыларға үйрену мақсатында онлайн-тренажерге ашық қолжетімділік берілді.

«Ағылшын тілі» пәнінен CEFR деңгейіне сәйкес бағалау стандарттарын белгілеу жөніндегі Симпозиум

Стратегиялық әріптес Cito педагогикалық өлшемдер институтымен (Нидерланды) бірлесіп жүзеге асырылған оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу жүйесін әзірлеудегі қорытынды кезең «Қазақ тілі екінші тіл», «Орыс тілі екінші тіл», «Ағылшын тілі» пәндерінен CEFR деңгейлеріне сәйкес бағалау стандарттарын белгілеуден симпозиумдарды өткізу болып табылады.

2020 жылғы ақпанда Арнем қаласында (Нидерланды) Нидерланды мен Қазақстанның тәуелсіз сарапшылар тобының қатысуымен «Оқу», «Тыңдау», «Сөйлеу» және «Жазу» дағдылары үшін «Ағылшын тілі» пәнінен бағалау стандарттарын белгілеу бойынша симпозиум өткізілді.

Бағалау стандарттарын белгілеу барысында тәуелсіз сарапшылардың халықаралық тобы тест тапсырмалары 12-ден 18 жасқа дейінгі оқушылардың когнитивтік ерекшеліктерін ескере отырып, тестология талаптарына сәйкес әзірленгенін және A1-ден C1-ге дейінгі CEFR дескрипторларына сәйкес келетінін растады.



Келесі жылы осы тіл салаларының халықаралық тәуелсіз сарапшыларын тарта отырып, Нұр-Сұлтан қаласында «Қазақ тілі екінші тіл», «Орыс тілі екінші тіл» CEFR деңгейлеріне сәйкес бағалау стандарттарын белгілеуден симпозиумдар өткізу жоспарланған.

5.2. Критериалды бағалау жүйесі

Қашықтықтан оқыту форматына көшуге байланысты оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі жаңа жағдайларға бейімделді. Ол үшін мұғалімдерге әдістемелік және консультациялық қолдау ұйымдастырылды, қалыптастырушы және жиынтық бағалау рәсімдері қайта қаралды, тиісті әдістемелік-нұсқаулық құжаттар дайындалды:

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының оқушыларын қашықтықтан оқыту жағдайында білім беру қызметінің қағидалары шеңберінде қалыптастырушы және жиынтық бағалау рәсімдерін реттейтін нормалар;

- қалыптастырушы және жиынтық бағалауды ұйымдастыру және өткізуден ұсынымдар (MS Teams платформасында);

- Жұмыстың орындалу мазмұны, уақыты және шарттары бөлігінде қысқартуды болжайтын жиынтық бағалаудың 377 сипаттамасы;

- сыртқы жиынтық бағалау емтихандары тоқтатылған пәндерден 5, 10, 11-сыныптар үшін 4-тоқсанға жиынтық бағалау сипаттамалары;

- MS Teams платформасында бағалаудан үйлестірушілерге арналған кеңес беру алаңдары;

- тілдік пәндерге арналған тыңдау тапсырмаларын дайындауға арналған аудио жазбалары бар сайттарға қосымша сілтемелер.

Қашықтықтан оқыту форматында қалыптастырушы бағалау тәжірибесінің және оқушыларға кері байланыс берудің рөлі арта түскенін атап өткен жөн, бұл 2019-2020 оқу жылының 4-тоқсанының қорытындысы бойынша оқушылардың нәтижелерімен расталады (6-тарау. Оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері).

Сонымен қатар 2020-2021 оқу жылында кезең-кезеңмен көшу кестесіне сәйкес критериалды бағалаудың жетілдірілген жүйесі Зияткерлік мектептердің барлық сыныптарында жұмыс істей бастады.

Жоспарланған іс-шараларға сәйкес пәндер, сыныптар және оқыту тілдерінен бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындалып, жаңартылды:

- 12-сынып пәндерінен бөлім үшін

жиынтық бағалаудан әдістемелік ұсынымдар (17 құжат);

- 1-4, 7 және 12-сынып пәндерінен тоқсандық жиынтық бағалау сипаттамалары (54 құжат);

- жеке тұлғаға бағытталған оқытудың оқу бағдарламаларынан жиынтық бағалау сипаттамалары (43 құжат).

5.3. 5, 10-12-сынып оқушыларын сырттай жиынтық бағалау

Қашықтықтан оқытуға көшумен Дүниежүзілік банк (2020) бүкіл әлемдегі білім беру жүйесінің алдында жоғары мөлшерлеммен емтихандарды ұйымдастыру және өткізу мәселесі тұрғанын атап өтті. 2020 жылдың сәуірінде өткізілген UNESCO-ның жаһандық экспресс-талдауы елдердің әртүрлі шешім әдістерін қолданғанын көрсетті: емтихандарды өткізді (22 ел), емтихандарды шегерді (58 ел), емтихандарды өткізуден бас тартты (11 ел), онлайн емтихандар немесе қашықтықтан тестілеу сияқты балама әдістерді ұсынды (23 ел).

Зияткерлік мектептердің оқушылары 12-сыныпты аяқтағаннан кейін халықаралық білім беруден Кембридж бағалау Кеңесінің (бұдан әрі – ХББКБКС) сертификатын алу үшін сыртқы жиынтық бағалауды (бұдан әрі – ЖБ) тапсырады.

Қалыптасқан эпидемиологиялық жағдай жағдайында ХББКБКС сертификатының жоғары маңыздылығына байланысты ХББКБКС 2020 жылғы түлектерге өткен жылдар түлектерінің сертификатымен салыстырмалылықты сақтай отырып және зияткерлік мектептердің түлектері үшін елдің жоғары оқу орындарында және шетелде білімін жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, барлық елдерде AS/A-Level деңгейіндегі емтихандарды өткізбей сертификаттарды беру туралы шешім қабылдады.

Осыған байланысты ХББКБКС олардың үлгерімі туралы көптеген дәлелдерге, сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби пікірлеріне негізделген ЖБ бағалау моделін жасады. Бұл модель бірегей және алғаш рет қолданылды. Деректерді жинау мен өңдеудің төрт кезеңінің арқасында ол ағымдағы жылғы бағалардың өткен жылдардың нәтижелерімен салыстырылуын, сондай-ақ бағалаудың сенімділігі мен әділдігін, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сурет. Сыртқы ЖБ бағаларын қоядан ХББКБКС моделін іске асыру




Жалпы, Зияткерлік мектептер желісінде 2020 жылғы ЖБ нәтижелерін 2019 жылғы ЖБ нәтижелерімен салыстыруға болады.

2020 жылдың қорытындысына сәйкес 112 оқушы барлық пәндерден А* және А («Өте жақсы») және 995 оқушы А*, А («Өте


жақсы») және В, С («Жақсы») бағаларын алды. 112 үміткер «Алтын белгі» белгісін растап, 214 оқушы - үздік аттестатын алды.

Пәндер мен біріктірілген әріптік бағалар бөлінісінде оқушылардың нәтижелері төменде келтірілген.


Диаграмма. 12-сынып оқушыларының нәтижелері



Сонымен қатар емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін қашықтықтан ҰБТ сертификатына прокторинг жүйесі әзірленіп, сынақтан өткізілді.



Should be streaming videos of this room




Should be streaming videos of this room



Бұл жүйе 106 үміткерге арналған емтихандарды өткізу кезінде сәтті қолданылды, бұл рәсімнің толық құпиялылығын қамтамасыз етіп, нақты режимде әр үміткердің тапсыру барысын бақылауға мүмкіндік берді.

Сурет. WeaveEducation платформасының скриншоты



5.4. Зияткерлік мектептерді аккредиттеу

2020 жылы Талдықорған, Орал, Павлодар, Қарағанды және Тараз қалаларының 5 Назарбаев Зияткерлік мектебі Халықаралық Мектептер кеңесіне (CIS) халықаралық аккредиттеуді (FRPP) алғаннан кейін мектептің прогресі туралы Алғашқы аралық есепті дайындап, ұсынды. Мектептер халықаралық аккредиттеуден өтудің келесі циклына кіргенге дейін бұл есепті ұсыну міндетті болып табылады.

CIS сарапшыларының есептерін бағалау нәтижелеріне сәйкес Зияткерлік мектептер аккредиттеудің жоғары халықаралық стандарттарын қолдайтындығы және қолда бар тәжірибені жақсартуды жалғастыратыны туралы оң қорытынды алды.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектеп бастапқы аккредитация алу сатысында тұр және аккредитациялық циклде екінші сапар болып табылатын дайындық бағалауын (Preparatory Evaluation) өткізуге дайындық жүргізуде. Индетке байланысты сапар виртуалды форматта өтеді. Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектебін бағалау халықаралық аккредиттеудің жаңартылған стандарттарына сәйкес жүргізіледі, сондай-ақ осы жұмысқа қатысты есеп беру WeaveEducation платформасында электрондық форматта жүзеге асырылады.

CIS-пен ынтымақтастық шеңберінде ДББҰ өкілдері жыл сайынғы халықаралық білім берудің өзекті мәселелері мен болып жатқан өзгерістерді талқылау алаңы болып табылатын мектептер мен жоғары оқу орындарының (CIS School and University Summit) саммитіне қатысты. Саммитке әлемнің 10 мектебі мен 10 университетінің өкілдері қатысты.

Сондай-ақ CIS жыл сайын әлемнің 20-дан астам елінен 500-ден артық үздік университеттер қатысатын әлемнің жоғары оқу орындары мен халықаралық мектептерінің жаһандық форумын (CIS Global Forum on International Admission) өткізеді.

2020 жылы коронавирустық инфекцияның індетіне байланысты бұл іс-шара арнайы платформада онлайн өткізілді. NIS Grade 12 Certificate халықаралық кеңістікте тану және үздік шетелдік жоғары оқу орындары желісіне қол жеткізу шеңберінде осы форумға 2020 жылғы 17-19 қарашада ДББҰ қызметкерлері қатысты. Форум форма-


тында әлемнің жетекші білім беру ұйымдарының, мектептердің, университеттер мен колледждердің тану мәселелері жөніндегі баяндамалары, мектептер мен университеттер арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған интерактивті виртуалды алаңдары ұсынылды.

5.5. NIS-PROGRAMME білім беру бағдарламасын және NIS сертификатын тану

– 2020 жылы 12-сынып түлегінің сертификатын танудан одан әрі жұмыс істеу мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Қорытындысы бойынша Зияткерлік мектептердің түлектерін Қазақстанның келесі жоғары оқу орындарының бакалавриаттың қысқартылған бағдарламаларына қабылдау туралы келісімге қол жеткізілді:

- Халықаралық Бизнес Университеті,
- «Тұран» университеті,
- С. Өтебаев атындағы Атырау Мұнай және газ университеті,
- Азаматтық авиация академиясы.

Бакалавриаттың қысқартылған бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарына түскен түлектердің саны



Зияткерлік мектеп түлектерінің нәтижелерін мойындайтын университеттер санының жалпы саны 17-ні құрайды.

2019-2020 жылғы 2170 түлектің жартысынан астамы (52%) аталған жоғары оқу орындарына сәтті оқуға түсті.

Халықаралық жоғары оқу орындарымен жұмыс істеу аясында есепті жылы

Токио халықаралық университетімен (ТХУ) меморандумға қол қойылды, ол бүгінгі күні Жапонияның ең үздік зерттеу университеттерінің бірі болып табылады.

ЖОО-ны тану аясында жыл сайын Зияткерлік мектептердің үздік екі түлегіне ағылшын тілінде бағдарламалардан оқуға толық грант беретінін атап өту қажет.

Шетелдік жоғары оқу орындарына түскен түлектердің саны



Сондай-ақ 12-сынып түлегінің сертификатын тану мәселелері жөнінде тәжірибе алмасу мақсатында ДББҰ қызметкерлері «Қазақстандағы инновациялық орта білім беру: Назарбаев Зияткерлік мектептерінің келешегі» атты баяндамамен білім туралы халықаралық құжаттарды Бағалау қауымдастығының (TAICER) жыл сайынғы конференциясына қатысты. Конференция онлайн режимінде өтіп, «Инклюзивтілік», «Цифрлық технологиялар», «Қолжетімділік» тақырыбына арналды.

Осылайша:

- Қазақстанның 17 жоғары оқу орны бакалавриаттың 3 жылдық жеделдетілген бағдарламасын ұсынады;
- Қазақстанның 7 жоғары оқу орны түлектердің оқу нәтижелерін жекелеген пәндер бойынша ЖОО-ның Академиялық кредиттеріне ауыстырады;
- 10 шетелдік ЖОО түлектерді Foundation-нан өткеннен кейін, 1 курсқа қабылдайды;
- 4 халықаралық ұйым (UK NARIC, Kultusministerkonferenz, NUFFIC, Swiss Education Group) NIS-Programme және NIS Grade 12 Certificate таниды;
- 2 халықаралық мәліметтер базасына NIS Grade 12 Certificate кірді.



ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

6.1

Үлгерім және
білім сапасы

6.2

Халықаралық және респу-
бликалық олимпиадалар,
конкурстар, конференция-
лар және ғылыми-зерттеу
жұмыстары

6.3

Халықаралық
емтихан
нәтижелері

6.4

Жоғарғы оқу
орындарына
түсу

6.1. Үлгерім және білім сапасы


2019-2020 оқу жылының соңында Зияткерлік мектептерде 14785 оқушы оқыды, оның ішінде 9382 (63,5%) қазақ тілінде және 5403 (36,5%) орыс тілінде оқыды.

2019-2020 оқу жылының қорытындысына сәйкес оқушылардың үлгерімі 100%, білім сапасы 95,0% құрады.

Оқыту тілі бөлінісіндегі талдауға сәйкес қазақ тілінде оқитын оқушылардың көрсеткіштері орыс тілінде оқитын оқушылардың нәтижелерінен 2,6%-ға жоғары болып келеді.


Оқыту сатылары бөлінісінде оқушылардың білім сапасы бастауыш мектепте - 90%, негізгі мектепте - 70%, жоғары мектепте - 80% құрайды.

Диаграмма. Зияткерлік мектеп оқушыларының оқу сатылары бөлінісінде білім сапасы (2019-20 оқу жылы), %



Төрт тоқсандағы деректер бойынша Зияткерлік мектеп оқушыларының білім сапасының көрсеткіштері жоғары болып, оң нәтиже көрсетті (оқу жылының соңына қарай 24,6%-ға көтерілген). Бұл көбінесе қашықтықтан оқыту жағдайында сапалы оқытуға, бейімделген бағалауға және қосымша ресурстарға тең қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін жасалған күш-жігермен байланысты болып келеді.

Сурет. Зияткерлік мектеп оқушыларының тоқсан бөлінісіндегі білім сапасы (2019-2020 оқу жылы), %



2019-2020 оқу жылында **267 оқушы** (10,3%) негізгі мектепті үздік бітіргені туралы куәлік алды. 12-сыныпта жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестат **алуға үміткерлер саны 224 оқушыны құрады**, олардың 224-і (100%) аттестатты растады. **«Алтын белгі» белгісін 112 (100%) үміткер растады.**


6.2. Халықаралық және республикалық олимпиадалар, конкурстар, конференциялар және ғылыми-зерттеу жұмыстары

Білім беру сапасының көрсеткіштерінің бірі оқушылардың олимпиадаларға, байқауларға, түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысуының жоғары нәтижелері болып табылады.



Әр жылдың басында Зияткерлік мектептерде жалпы білім беретін пәндерден дәстүрлі желілік олимпиада өткізіледі, ол өз кезегінде жалпы білім беретін пәндерден республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне теңестіріледі.

2020 жылы олимпиада Нұр-Сұлтан (ІВ), Алматы (ХББ), Шымкент (ФМБ) қалаларының Зияткерлік мектептері базасында өткізілді.



Олимпиадаға 695 оқушы қатысып, 219 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Үздік олимпиадалық командалар ретінде Алматы (ФМБ) және Павлодар қалаларының Зияткерлік мектептері танылды.

Кесте. Олимпиадалар, байқаулар және жарыстардағы қатысушылар саны

	Олимпиада		Инновациялық идеялардың ғылыми сайыстары мен байқаулары		Барлығы		
	ҚР	Халықар.	ҚР	Халықар.	ҚР	Халықар.	Барлығы
Қатысушылар	1 868	1 190	494	461	2 362	1 651	4 013
Жүлдегерлер	1 445	860	390	372	1 835	1 232	3 067

Оқушылар келесі беделді халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларына қатысты:

- Математика, физика, информатика пәндерінен Халықаралық Жәутіков олимпиадасы;

- «Жібек жолы» Халықаралық математикалық олимпиадасы;

- Халықаралық Азия-Тынық мұхит математикалық олимпиадасы;

- «Математика және жобалау» Халықаралық ғылыми байқауы;

- «Ғылым әлемін ашамыз» атты ғарыштық зерттеулерден халықаралық сайыстары;

- Химия пәнінен оқушылардың 54-ші Халықаралық Менделеев олимпиадасы;

- Физика пәнінен Халықаралық олимпиада (IPhO));

- Оқушылардың «Туймаада» Халықаралық олимпиадасы;

- Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Еуропа географиясынан Халықаралық олимпиада;

- Химия пәнінен Халықаралық олимпиада (Icho);

- Математикадан Халықаралық олимпиада (IMO);

- Халықаралық Балқан математикалық олимпиадасы (BMO);

- «Жас ғалым» Халықаралық ғылыми жобалар байқауы;

- Биологиядан халықаралық олимпиада (IBO).





Химия және математика пәндерінен халықаралық олимпиадалардағы жетістіктері үшін Алматы (ФМБ), Павлодар, Нұр-Сұлтан (ФМБ), Талдықорған қалаларының Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері, түлектері мен оқушылары «El Maqtanushy» сыйлығының лауреаты атанды:

Асылбек Оразбай (Павлодар қ. ХББ НЗМ химия пәнінің мұғалімі);

Хаджимуратов Нурсултан (Алматы қ. ФМБ НЗМ математика пәнінің мұғалімі);

Сатубалдин Таир (Алматы қ. ФМБ НЗМ оқушысы);

Бектемисов Тамирлан (Алматы қ. ФМБ НЗМ оқушысы);

Мужубаев Әбілмансұр (ФМБ НЗМ түлегі, Нұр-Сұлтан қаласы);

Қайырбек Хайдар (Павлодар қ. ХББ НЗМ оқушысы);

Моргунов Антон (Талдықорған қаласындағы ФМБ НЗМ түлегі).

2020 жыл олимпиадалар, байқаулар мен оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыруға өз түзетулерін енгізді.

Есепті жылы отандық және шетелдік жаттықтырушыларды тарта отырып, Зияткерлік мектептердің 7-8 және 9-12 сынып оқушылары үшін қашықтықтан **оқу-жаттығу жиындары** екі рет ұйымдастырылды, олардың ішінде Зияткерлік мектептердің түлектері – республикалық және халықаралық олимпиадалардың бұрынғы жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар.

Қашықтық форматында ұйымдастырылған тағы бір маңызды іс-шара – **ғылыми жобалардың желілік байқауы**.

Желілік байқау республикалық ғылыми жобалар байқауының кезеңдерінің бірі болып табылады. 2020 жылы байқау алғаш рет Microsoft Teams платформасында қашықтықтан өтті.

Еліміздің барлық Зияткерлік мектептерінен **270** оқушы ғылымның 4 бағытынан **200** жобаны ұсынды:

- «Ғылыми-техникалық прогресс - экономикалық өсудің негізгі буыны ретінде»,
- «Экономикалық және әлеуметтік үдерістерді математикалық модельдеу»,
- «Салауатты табиғи орта - «Қазақстан - 2020» стратегиясын жүзеге асырудың негізі,
- «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және болашағы зор туристік бағыттар».

95 жобаның 131 авторы жүлделі орындарға ие болды: 21 жобамен 28 оқушы бірінші орынға, 28 жобамен 42 оқушы екінші орынға, 45 жобамен 61 оқушы үшінші орынға ие болды.

2020 жылы Қызылорда қаласының Зияткерлік мектебі желілік ғылыми жобалар байқауының үздік командасы болып танылды.

Жобалық ғылыми-зерттеу қызметі Зияткерлік мектептердің білім беру қызметінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан ғылыми жобалардың желілік байқауын өткізу дәстүрге айналды, ал оған қатысу жас зерттеушілер үшін құнды тәжірибе болып табылады.

2020 жылы белгілі ғалымдармен, дәрігерлермен, спортшылармен, мәдениет қайраткерлерімен 256 кездесу өткізілді.

6.3 Халықаралық емтихан нәтижелері

Ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында жоғары мектеп оқушылары жыл сайын халықаралық IELTS емтиханын тапсырады, бұл сондай-ақ «Ағылшын тілі» пәнінен сыртқы бағалау болып табылады. 2020 жылы 20 зияткерлік мектептің 12 сыныбының 2 306 оқушысы IELTS тапсырды. Алғаш рет емтихан компьютерлік форматта ұйымдастырылды (Computer Based IELTS). Желіде IELTS-тан орташа балл – 6,7 құрады, бұл 2019 жылға қарағанда 0,2 балға жоғары.

Мәлімет үшін:


Әртүрлі елдердің нәтижелерін талдау негізінде Қазақстандағы орташа балл 6,1 балды, ал әлемдегі орташа балл 6,2 балды құрайтыны анықталды. Бұл ретте Зияткерлік мектептердің орташа балы Түркия (6,3), Корея (6,0), Қытай (5,8), Жапония (5,8), Сауд Арабиясы (5,4), БАӘ (5,1) сияқты елдердің орташа балынан жоғары және Франция мен Ресей секілді елдердің нәтижелерімен деңгейлес болып келеді (дереккөз www.ielts.org).

Кесте. IELTS нәтижелері

№	Мектеп атауы	Саны	Жалпы орташа балл
1	Ақтау	105	6,4
2	Павлодар	101	6,8
3	Талдықорған	67	6,7
4	Көкшетау	62	6,7
5	Петропавл	129	6,3
6	Ақтөбе	113	6,8
7	Алматы қ. ФМБ	141	7,2
8	Семей	111	6,7
9	Алматы қ. ХБН	136	6,8
10	Тараз	119	6,9
11	Атырау	112	6,3
12	Орал	112	6,7
13	Өскемен	100	6,8
14	Қарағанды	130	6,8
15	Қостанай	125	6,5
16	Шымкент қ. ФМБ	94	6,5
17	Қызылорда	95	6,4
18	Шымкент қ. ХБН	92	6,5
19	Нұр-Сұлтан қ. ХБ	165	7,2
20	Нұр-Сұлтан қ. ФМБ	197	6,8
	БАРЛЫҒЫ	2 306	6,7

Соңғы жылдары Зияткерлік мектептерде IELTS орташа балының өсуінің тұрақты серпіні байқалады.

Диаграмма. IELTS-тан жылдар бойынша орташа балл




2020 жылғы нәтижелерге сәйкес зияткерлік мектеп оқушыларының 70,2%-ы 6,5 және одан жоғары балл жинаса, 48,6%-ы 7,0 және одан жоғары балл жинады.

Мәлімет үшін:


40 елдің нәтижелерін талдау барысында әлемде IELTS тапсырғандардың тек 16%-ы 6,5 және 7 баллдан жоғары балл жинайтынын көруге болады.

5 балдан төмен жинаған оқушылардың үлесі 0,5% (11 адам) құрады.



IELTS нәтижелерін талдау сөйлеу қызметінің төрт түрінен орташа балл жылдар бойынша динамикасы жақсарғанын көрсетті.

Диаграмма. Сөйлеу қызметінің дағдыларынан орташа балл



6 Зияткерлік мектептің 7 оқушысы **8,5 балл** жоғары нәтиже көрсетті:

- Алматы қ. ФМБ - Садуова Анель
- Қостанай қ. - Шегенов Жандос
- Нұр-Сұлтан қ. ФМБ - Аликбаев Айдархан
- Нұр-Сұлтан қ. - Несіпбай Хадия, Ануарбеков Мақсат
- Семей қ. - Сұлтанбеков Асанәлі
- Өскемен қ. - Нурқасова Диана.

Олардың алтауы «Тыңдалым» және бесеуі «Оқылым» дағдылары бойынша ең жоғары балл (9,0) көрсетті.

Scholastic Assessment test (SAT) Халықаралық емтиханы

Зияткерлік мектептердің оқушылары жыл сайын SAT Reasoning Test (SAT 1) және SAT Subject Test (SAT 2) халықаралық емтихандарын ерікті негізде тапсырады.

Емтихан нәтижелері белгілі бір жоғары оқу орындарына түсу кезінде талап етіледі.

SAT 1 дәлелдерге негізделген математика, оқу және жазу пәндерінен емтихандарды қамтиды және максималды балл 1600 құрайды.

SAT 2-де әр таңдалған пәннен максималды балл 800 құрайды.

2019-2020 оқу жылында **SAT 1** тестін 12-сынып оқушыларының 39%-ы (847 адам) тапсырды. 20 Зияткерлік мектепте орташа балл **1 334** құрады.


Зияткерлік мектеп оқушылары бүкіл әлемдегі оқушылардың 81%-нан жоғары нәтиже көрсетті.

Оқушылардың 8%-ы (824-тен 65) 1 450 және одан жоғары балл жинады. Мұндай нәтижені әлемдегі оқушылардың тек 4%-ы көрсетеді.

847 оқушының 475-і 1 240 балдан жоғары жинады, бұл Назарбаев Университетінің бакалавриатына түсу үшін жеткілікті болып келеді, ал 10 оқушы 1 520 және одан жоғары балл жинады, бұл әлемнің ең үздік 10 ЖОО-на құжаттарды тапсыру үшін жеткілікті болып табылады.

2019-2020 оқу жылында **SAT 2** тестін Зияткерлік мектептердің 291 оқушысы «Математика 1», «Математика 2» (тереңдетілген), «Физика», «Химия» және «Биология» пәндерінен тапсырып, орташа балл құрады:

Диаграмма. Пәндер кесіндісінде SAT 2 бойынша орташа балл




Зияткерлік мектептердің 19 түлегі SAT пәндік тестінде екі және одан да көп пәннен ең жоғары балл (800) жинады. Осылайша, Зияткерлік мектеп оқушылары жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер мен ағылшын тілінен жоғары білім деңгейін көрсетті.

6.4 Жоғарғы оқу орындарына түсу

2019-2020 оқу жылында Зияткерлік мектептердің 2 170 түлегі еліміздің және шетелдің түрлі жоғары оқу орындарына түсті. Олардың ішінде, түлектердің 92,8%-ы (2 015 адам) білім беру гранттарында оқиды: 1651 адам – Қазақстанда, 364 адам – шетелде.)


Диаграмма. Оқу бөліміне қарай түлектердің оқуға түсуі



2019-2020 оқу жылының түлектері арасында Қазақстанның ең танымал жоғары оқу орындарына Назарбаев Университеті, Қазақстан-Британ техникалық университеті (ҚБТУ), Astana IT университеті, Сүлеймен

Демирел атындағы Университет (СДУ), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) және С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті (ҚазҰМУ) жатады.

Диаграмма. Түлектерді Қазақстанның жоғары оқу орындарына бөлу



2019-2020 оқу жылында түлектерінің 20% (427) алыс және жақын шетелдердің түрлі жоғары оқу орындарына оқуға түсті. Олардың ішіндегі түлектердің 85%-ы (364) грантта оқиды.


QS рейтингі бойынша Топ-50 жоғары оқу орындарына 34 түлек және QS бойынша Топ-100-ге 15 түлек түсті. 2019-2020 оқу жылының 3 түлегі Айви лигасының (АҚШ) университеттеріне оқуға түсті:

- Нұрманұлы Сұлтанали - Алматы қ. ФМБ Зияткерлік мектебінің түлегі, Гарвард университетіне оқуға түсті;

- Изимова Ардана Айбекқызы - Алматы қ. ФМБ Зияткерлік мектебінің түлегі Пенсильвания университетіне оқуға түсті;
- Елемесова Аделина Думанқызы - Нұр-Сұлтан қаласының Зияткерлік мектебінің түлегі Колумбия университетіне оқуға түсті.

Түлектердің басым бөлігі Ресей, Венгрия, Италия, Германия, Оңтүстік Корея, АҚШ, Қытай және Канада университеттеріне оқуға түсті.

Диаграмма. Зияткерлік мектептер түлектерінің арасында оқуға түсуге ең танымал елдер



Анықтама үшін:

2010-2020 жылдар аралығында 12 түлек Айви лигасының (АҚШ) университеттеріне және 354 түлек QS Top-100 университеттеріне оқуға түсті (оның ішінде 267 адам білім грантын ұтып алды).

Кәсіби бағдарлау жұмысы

Есепті кезеңде Зияткерлік мектептердің кәсіптік бағдар беру кеңесшілеріне кәсіби бағдарлау жұмысын одан әрі жетілдіру және әдістемелік көмек көрсету мақсатында онлайн форматта семинар-тренинг ұйымдастырылып, өткізілді.

Іс-шара шеңберінде Назарбаев Университеті, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ, Neupusti.net және Joо.kz электрондық порталдар өкілдерінің қатысуымен 12 сессия өткізілді.

Сонымен қатар арнайы шақырумен семинарға Кембридж университетінің түлегі, қазіргі Оксфорд университетінің магистранты сөз сөйледі, ол әлемнің үздік жоғары оқу орнына түсудің жеке тәжірибесі туралы айтып, Зияткерлік мектеп оқушыларын оқуға түсуге дайындау үшін пайдалы кеңестер беріп, ұсыныстармен бөлісті.

Сондай-ақ АҚШ-тың ең көне жоғары оқу орындарының бірі Charleston College-дің халықаралық мәселелер жөніндегі департа-

ментінің директоры Орталық Азия елдерінің талапкерлеріне берілетін арнайы шәкіртақы туралы сөз сөйледі.

Сонымен қатар шәкіртақы, грант және жоғары оқу орнына түсу тәртібі туралы ақпарат алу мақсатында ДББҰ және Өскемен қ. Зияткерлік мектебінің қызметкерлері Халықаралық Мектептер Кеңесінің (CIS Global Forum on International Admission and Guidance) жоғары оқу орындарына қабылдау жөніндегі жыл сайынғы Халықаралық жаһандық форумына қатысты (5-бөлімді қараңыз). Қатысу қорытындысына сәйкес Зияткерлік мектептер түлектерінің нәтижелерін мойындау жөнінде жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнату жұмыстары басталды.

Сондай-ақ 2020 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерін кәсіби бағдарлаудан **онлайн платформаны әзірлеу және іске қосу** маңызды оқиға болып табылады <http://schoolcounseling.nis.edu.kz/>. Бұл платформа барлық мүдделі тұлғаларға өзекті және сенімді ақпарат пен материалдармен танысуға және жүктеп алуға, тәжірибе мен пікір алмасуға, сондай-ақ оқушыларға өз кәсіби бағдарлаушысына онлайн консультацияға өз бетінше жазылуға көмектеседі.

Сурет. Кәсіби бағдар беру онлайн платформасының скриншоты



ҚОСЫМШАЛАР

1 Авторлық құқық (куәлік) иегерлері

Хасылбекова Асем, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысына «Екпе-шиырмақтың керемет қасиеттері және космонавтика саласында қолданысы» ғылыми объектісіне (2020 жылғы 6 мамырда, №9848) авторлық куәлік берілді. Жоба жаңалығын ҚР Ұлттық зияткерлік меншік институтының авторлық құқық бөлімі растады. Автор екпе-шиырмақтың немесе бақша сортаңқарасының (*Lepidium sativum*), орамжапырақ тұқымдасының бір жылдық шөптес өсімдігінің (*Brassicaceae*) қасиеттерін зерттеді, тағамдық құндылығын анықтады, екпе-шиырмақтың тағамдық құндылығын тәжірибе жүзінде дәлелдеді.

2

Журунтаева Лейла, Ақтөбе қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысына «Кондоминиумның ақшалай қаражатын есепке алуды автоматтандыру» деп аталатын ЭЕМ-ге арналған авторлық бағдарламасына (2020 жылғы 16 қаңтарда, №7561) авторлық куәлік берілді. Бұл өнертабыстың мақсаты – тұрғындарға, кондоминиум төрағасы және бухгалтерлерге пайдалануға арналған ыңғайлы платформа құру болды. Бағдарламаның өзекті нұсқасы мынадай негізгі қызметтерді орындай алады: коммуналдық қызметтер үшін шоттарды шығару, тарифтерді шығару, тұрғындардың шоттары туралы ақпаратты қосу, тарифтерді өзгерту. Өнертабыс тұрмыстық үдерістерді автоматтандыру, коммуналдық қызметтердің көрсеткіштерін автоматтандыру саласына жатады.

3-4

Киреева Азиза, Исеева Аделя, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев

Зияткерлік мектебінің оқушыларына «Ағылшын грамматикасы және физика заңдары» атты ғылыми объектісіне (2020 жылғы 21 қаңтарда, №7649) авторлық құқық берілді. Авторлар ағылшын тілін басқа пәндермен, атап айтқанда, физикамен кіріктіріп үйрену мүмкіндігін зерттеді, физикалық құбылыстармен (механикалық қозғалыс түрлері) танысу үдерісінде ағылшын тіліндегі етістіктердің кейбір уақыт түрлерін зерттеуді ұсынады. Ағылшын тіліндегі етістіктің уақытша түрлері мен физика заңдары арасындағы сәйкестіктерді анықтау осы пәндердің түйісу нүктелерін табуға, етістіктің қазіргі түрлерін есте сақтауды жақсартуға, ағылшын тілінде физикалық терминдерді қолдануға, етістік түрлерін қолдануды жүйелеуге көмектеседі. Бұл өнертабыс физика пәнінің академиялық ағылшын тілін үйренуге ықпал етеді.

5

Клокова Ксения, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы «Тибет сүт саңырауқұлағы негізіндегі қышқылсүт өнімінің биотехнологиясы» атты ғылыми объектісіне (2020 жылғы 23 қаңтарда, №7700) авторлық құқық алды. Автор тибет сүт саңырауқұлақтары негізінде қышқылсүт сусынын өндірудің биотехнологиясын жасады. Бұл технологияны өндіріске енгізу қышқылсүт өнімдерінің сұрыпталымын кеңейтіп, бұл сусынды барлық жас топтарына қолдануға мүмкіндік береді, өйткені тибет сүт саңырауқұлақтарының тіршілігі сүттің негізгі құрамдастарының құрылымын өзгертіп, оның сіңімділігін жақсартады.

6-7

Якупова Ирина, Смагулова Диана, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары (2020 жылғы 23 қаңтарда, №7709) «Ғарыштық қонақүй концепті» дизайн туын-

дысына авторлық құқық берілді. Жобада авторлар ғарыштық туризмді туризмнің ерекше саласы ретінде оны дамыту мүмкіндігін, оның ерекшелігін, біздің елімізде қалыптасу және даму аспектілерін қарастырады.

8

Нуркасымова Акбота, Өскемен қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы (2020 жылғы 13 ақпанда, №8595) «Гүлдің өсу процесі» аудиовизуалды туындысына авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәлік алды. Автор қазақ тілінде «Гүлдің өсіру процесі» анимациялық бейнеролигін ұсынады. Бұл бейнероликті биология пәнінен өсімдіктердің өсуін зерттеу кезінде білім беретін цифрлық бейнересурс ретінде пайдалануға болады. Ролик өсімдіктердің өсу процесін көрнекі түрде бейнелейді. Автор анимацияның бөлшектері мен құрамдастарын қарапайым қолда бар құралдардан (пластилин, картон, кеңсе қағазы, маркерлер) жасаған.

9

Насиғазин Төрежан Өскемен қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы, «<http://altuntay.kz> веб-сайты» объектісіне (2020 жылғы 01 сәуірде, №9095) авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәлік алды. Веб-сайттың қолданылу саласы – отандық туризм саласы. Веб-сайт Шығыс Қазақстан облысының «Алтын тау» ғылыми-ағартушылық және туристік бағыты туралы ақпарат алу үшін шетелдің және ҚР өңірлерінің интернет-пайдаланушыларына арналған. Әзірленген веб-сайт 2019 жылы «Туған елге тағзым» ДББҰ оқушыларының өлкетану экспедициясы аясында жүргізген зерттеудің нәтижесі болып табылады.

10-11

Кадесов Бек, Рымқан Әлішер, Семей қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушыларына «Онкотерапияда қолдану үшін алтын нанобөлшектерінің құрылымын зерттеу» атты ғылыми туындысына (2020 жылғы 05 ақпанда, №7956) авторлық құқық берілді. Бұл ғылыми зерттеу жобасын авторлар онкологиялық науқастарды емдеуде химиялық және сәулелік терапияның әдеттегі құралдарына балама іздеу мақсатында жасаған. Бірқатар тәжірибелер нәтижесінде медициналық мақсатта қолданылатын сфералық алтын нанобөлшектер алынды. Осы мақсатқа жету үшін Семей қаласы, Шәкәрім атындағы МУ, Өскемен қаласы Серікбаев атындағы ШҚМТУ және «Семей қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ филиалы зертханаларында әртүрлі тұрақтандырғыштарды, алтын нанобөлшектерді алу және анықтау әдістері зерттелді. Алтын нанобөлшектердің құрылымын зерттеу үшін авторлар алтын нанобөлшектердің морфологиясын және олардың мөлшерін анықтау үшін спектроскопия және мөлдір электронды микроскопия арқылы тәжірибелер жүргізді. Алтын нанобөлшектерді қолдану компьютерлік модельдеу арқылы көрсетілді.

12-13

Кадесов Бек, Рымқан Әлішер, Семей қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушыларына «JEM 2100 электронды микроскобының көмегімен алтын нанобөлшектерінің суреттері» объектісіне (2020 жылғы 04 ақпанда №7956) авторлық құқық берілді. Жұмыстың авторлары бұл куәлікті мөлдір электронды микроскопия нәтижесінде алынған алтын нанобөлшектердің суреттері үшін алды.

14-15

Апил Бауржан, Тұрсын Ерсұлтан, Тараз қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушыла-

рына «Сандық – Қарақыстақ туристік маршрутының келешегі» ғылыми туындысы үшін авторлық куәлік (2020 жылғы 20 қаңтарда №7622) берілді. Бұл ғылыми жұмыста Сандық үстіртінің және Қарақыстақ шатқалының туристік ресурстары туралы ақпарат беріледі. Сандық үстіртін және Қарақыстақ жерін зерттеу нәтижесінде осы өңірдің табиғи-географиялық аймағына биологиялық-экологиялық және психологиялық-эстетикалық баға беріліп, балбалдардың орналасқан жері анықталды, «Геотрекер» қолданбасының көмегімен туристік маршрут жасалды. Тарихи және табиғи нысандар картаға түсірілді. Сандық үстіртінің және Қарақыстақ өңірінің ресурстары мен мүмкіндіктері туралы бейнеролик жасалды.

16

Кенешбекова Аружан, Тараз қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы «Имсталькон» Жамбыл металқұрылым зауыты ЖШС қалдықтарынан феррит кобальт (II) негізіндегі магниттік ұнтақ өндірісі» ғылыми объектісіне (2020 жылғы 21 қаңтарда, №7631) авторлық куәлік алды. Феррит кобальт (II) алу тәсілдері алғаш рет зертханада және өндірісте болат жоңқалардан әзірленді.

17

Шолпанбеков Алижан, Тараз қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы «Lora модуляция әдісі негізіндегі Жануарлар мониторингінің автономды құрылғысы» ғылыми объектісіне (2020 жылғы 21 қаңтарда, №7635) авторлық куәлік алды. Автор жануар қозғалыста болған кезде зарядтала алатын, жануардың орналасқан жері туралы деректерді беру үшін ұялы байланыстың болуын қажет етпейтін табиғаттағы жануарларды бақылауға арналған Қазақстандағы ең алғашқы құрылғыны әзірледі.

18-19

Апил Бауржан, Тұрсын Ерсұлтан, Тараз қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушыларына ««Сандық-Қарақыстақ виртуалды туристік бағыты» ЭЕМ-ге арналған бағдарлама» ғылым туындысына (2020 жылғы 24 қаңтарда, №7744) авторлық куәлік берілді. Сандық-Қарақыстақ туристік бағыты түрлі ландшафтарды, Ұлы Жібек жолының бай мәдени-тарихи мұрасын көрсетеді, бұл, өз кезегінде, осы өңірді туризм үшін тартымды етеді. Қолдану саласы: электронды топографиялық карталар, тарих, география, информатика. Мақсаты: көрсетілген бағыттағы киелі объектілерді, географиялық параметрлерді көрсету және әрбір объектілерді сипаттау. Бағдарламалау тілі: C# (Visual Studio 2019).

20

Исеева Дильназ, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы «Орта туралы» теңсіздік көмегімен бір рационалды теңдіктің дәлелі» ғылыми (математика) туындысына авторлық құқық (2020 жылғы 8 қаңтарда, №7436) алды.

21

Зайкинова Дарига, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысына «Қазіргі орыс тіліндегі қазақи сөздер мен англицизмдер» атты ғылыми туындысына (2020 жылғы 20 қаңтарда, №7621) авторлық құқық берілді.

22

Сабыр Қасиет, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы «Ednova мобильді қолданбасы» объектісіне (2020 жылғы 21 қаңтарда, № 7641) авторлық құқық алды. Автор жаратылыстану-ғылыми

пәндерді ағылшын тілінде оқытуға арналған мобильді қолданбаны әзірледі.

/ 23 /

Базилова Дарига, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысына «Шеңберлі көпмүшелер және бөлінгіштік теориясы туралы» ғылым туынды объектісі үшін (2020 жылғы 28 қаңтарда, № 7773) авторлық құқық берілді.

/ 24 /

Ахмет Бояубай, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысына «Сандардың қызықты тізбегі және оларды қолдану» ғылым туынды объектісі үшін (2020 жылғы 31 қаңтарда, №7867) авторлық құқық берілді. Автор әртүрлі сандар тізбегін және олардың күнделікті өмірде қолданылуын зерттеді.

/ 25-26 /

Пархомчук Алина, Казбекова Аружан, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары, 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 7852 өнертабысына «Жергілікті өсімдік шикізаты негізінде жаңа фитошайды әзірлеу» объектісіне авторлық құқық. Автор Rosa spinosissima эндемикалық өсімдігін қолдана отырып, жергілікті өсімдік негізіндегі фитошайдың жаңа құрамын ұсынады.

/ 27 /

Кенжетай Жәмиля, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы, 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 9428 өнертабысқа «Ғарышкерлерді функционалдық тамақтандыру үшін ламинария қосылған жеміс мармеладының рецептурасын әзірлеу» объектісіне авторлық құқық. Автор ғарышкерлерді функционалды тамақтандыру үшін лами-

нария қосылған агар жеміс мармеладының рецептін жасады, бұл жұмыс ғарышта йод тапшылығының алдын-алу мәселесін шешуге бағытталған. Ламинария басқа өнімдермен салыстырғанда йодтың көп мөлшеріне байланысты агар жеміс мармеладына ең қолайлы қоспа болып табылады.

/ 28 /

Жылқыбай Назерке, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысына «Электрондық қолданба жасау «4 сурет – 1 сөз» ағылшын тілінің 7-сыныбының оқу бағдарламасы бойынша» объектісіне (2020 жылғы 20 наурызда, №8966) авторлық құқық берілді. Бұл зерттеудің мақсаты – ағылшын тілі пәнінен 7-сыныпта лексиканы қайталауға арналған смартфондарға арналған Android операциялық жүйесі үшін «4 сурет – 1 сөз» ойын қолданбасын құру. Егер шет тілін үйренушілер өткен материалды ойын түрінде қайталаса, бұл вокабулярдың кеңеюіне ықпал етеді және шет тілін үйренуге деген ынтаны арттырады.

/ 29 /

Турковский Артем, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы «Д.И. Исмоиловтың арифметикалық тепе-теңдігінің көмегімен Пифагор және Герон үшбұрыштарын зерттеу» объектісіне (2020 жылғы 29 қаңтарда, №7832) авторлық құқық алды.

/ 30-31 /

Киреева Азиза, Жанымханов Алихан, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары «Ешкі сүтінен йогурт өндіру технологиясы» өнертабысына (2020 жылғы 28 қаңтарда, № 7793) авторлық құқық алды. Бұл жоба ешкі сүтін қышқылсүт өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдалану мүмкіндіктерін қарастырады.

32-34

Бекболат Азамат, Тоқтағанов Тұрлыхан, Елжан Еркебұлан, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушыларына «GlossChemistry» электрондық глоссарий» өнертабысына авторлық құқық (2020 жылғы 26 наурызда №8995) берілді. Авторлар химия пәнінен ағылшын тілінде 11-12 сынып оқушыларына арналған электронды сөздікті әзірледі.

35

Тамила Рахимбаева, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы (2020 жылғы 10 ақпандағы № 8052) «Графтардағы алгоритм» объектісіне авторлық құқық алды. Бұл зерттеу жұмысы практикалық бағытқа ие, автор құрастырған он қызықты есептің шешімдерін қарастырады, C++ бағдарламасын қолдана отырып, осы есептерді шешу жеделдетілді.

36

Базилова Дариға, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы (2020 жылғы 28 қаңтардағы №7774) «Д.И. Исмоиловтың арифметикалық тепе-теңдік көмегімен екі белгісізбен бірінші дәрежелі сызықтық теңдеулерді шешу» объектісіне авторлық құқық алды. Бұл зерттеудің жаңалығы Евклид алгоритмін Д.И. Исмоиловтың тепе-теңдігімен біріктіруге негізделген екі белгісіз сызықтық теңдеулерді шешу үшін алгоритм алу болып табылады.

37

Утегенова Даяна, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы (2020 жылғы 28 қаңтардағы №7776) «Д.И. Исмоиловтың арифметикалық тепе-теңдігі арқылы трапеция ауданын табу» объектісіне авторлық құқық алды. Жұмыста трапеция ауданы-

ның формуласын дәлелдеудің жаңа әдісі ұсынылған, осы әдіске сүйене отырып, олимпиада деңгейінің бірқатар есептерінің ұтымды шешімдері келтірілген.

38-39

Казез Жасұлан, Сабеш Томирис, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары (2020 жылғы 3 ақпандағы №7906) «Қисық сызықтармен геометриялық модельдер арқылы «жасыл» архитектураны бейнелеу ғылым туындысына авторлық құқық.

40-41

Әміренов Еламан, Владислав Просеков, Петропавл қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары (2020 жылғы 05 наурыздағы №8598) «Үй-жайлардағы температураны тіркеу жүйесі» атты өнертабысына авторлық құқық алды. Жүйе үш негізгі бөліктен тұрады: Arduino Nano тақтасына және дербес компьютердің USB портына қосылған DHT11 немесе DHT22 бергішіне негізделген деректерді жинау құрылғысы; деректерді жинау құрылғысынан тіркеп, сервердегі дерекқорға жіберетін дербес компьютерге арналған қолданба; белгілі бір ұйым, белгілі бір кеңсе үшін температура деректерін белгілі бір күні көрсетуге мүмкіндік беретін веб-қолданба. Жүйе температураны жинайтын көптеген құрылғылармен жұмыс істей алады, осылайша ұйымдағы барлық кабинеттер үшін температураны есепке алуға болады. Қазіргі уақытта жүйе Петропавл қ. ХББ НЗМ базасында апробациядан өтіп, 60 кабинеттен деректерді жинауда. Жүйені жасау кезінде C#, PHP, SQL, C++ сияқты бағдарламалау тілдері қолданылды.

42-43

Хамитов Рахат, Утегенов Жаркен, Көкшетау қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары (2020 жылғы 04 мамырдағы №9601) «Өрт қауіпсіздігі мониторингі жүйесі және адамдар көп жиналатын

ғимараттардан эвакуациялау кезінде көмек» өнертабысына авторлық құқық алды. Жоба Open CV машиналық көру кітапханалары мен Arduino микроконтроллеріне негізделген эвакуация жүйесінің мүмкіндіктерін біріктіретін әзірленген модельді ұсынады. Әзірленген эвакуация жүйесі өртті анықтаған кезде тез әрекет етеді. Еденде орналасқан жарық-диодты жолақтар қатты түтін жағдайында шығу жолын көрсетеді. Түтін сенсорларын қолданатын қарапайым жүйелерден айырмашылығы, жүйе өрт шыққан кезде отты анықтайды. Әлеуетті тұтынушылар ретінде сауда орталықтары, білім беру және медициналық мекемелер, өндірістік кәсіпорындар болуы мүмкін.

/ 44 /

Гиладж Бейбарыс, Атырау қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы (2020 жылдың 31 наурызында №9066) «Android Studio технологиялары негізіндегі «Shanyrak» мобильді қолданбасы» объектісіне авторлық құқық алды. Бұл жоба іс-шараларды жариялау, талқылау және жеке хабарламалар, сондай-ақ еріктілерді іздеу мүмкіндігі бар еріктілікке арналған тегін платформаны ұсынады.

/ 45 /

Мәжит Дана, Талдықорған қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы (2020 жылғы 1 шілдедегі №11220) «Қос жүйедегі фазалық тепе-теңдікті зерттеу» өнертабысына авторлық құқық алды. Жұмыста қос жүйелерді зерттеуде термиялық талдау әдісінің теориялық және практикалық мүмкіндіктері қарастырылған, Шредер-Ле-Шателье теңдеуі негізінде қос жүйелердің күй диаграммалары есептеліп, термодинамикалық параметрлерді есептеу үшін қажетті мәндер нақтыланып, біріктірілген.

/ 46 /

Мукушева Арай, Өскемен қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы (2020 жылғы 12 тамыздағы №11613) «New old friends» объектісіне авторлық куәлік алды.

/ 47 /

Бактиярова Амина, Өскемен қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы (2020 жылғы 17 маусымдағы №11793) «I felt a birth in my brain» объектісіне авторлық куәлік алды.

/ 48 /

Токтарханова Жансая, Өскемен қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы (2020 жылғы 14 тамыздағы №11648) «Destiny» объектісіне авторлық куәлік алды.

/ 49 /

Хасанова Данэлия, Орал қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы (2020 жылғы 24 шілдедегі №11441) авторлық құқықпен қорғалатын құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік алды.

/ 50 /

Асанов Ислам, Павлодар қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы (2020 жылғы 2 қазандағы №12276) «Механикалық тербелістер» атты физика бөлімін өз бетінше зерделеу үшін ЭЕМ-ге арналған бағдарлама» объектісіне авторлық құқықпен қорғалатын құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік алды.

/ 51 /

Айгүл Макетаева, Талдықорған қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы (2020 жылдың 22 қыркүйегіндегі № 12106)

«Тағам қалдықтарынан биополимер алу» объектісіне авторлық құқықпен қорғалатын құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік алды. Зерттеу жобасы банан мен картоптың қабығынан биополимер алу және олардың қасиеттерін химиялық полимерлермен салыстыру болып табылады. Зерттеудің мақсаты биологиялық ыдырайтын полимер әдісін зерттеу және анықтау болды. Биопластмстиканы өндіруге арналған шикізаттың екі көзі қарастырылды: картоп пен бананның қалдықтары. Биополимер 1-2 айда әртүрлі жағдайларда ыдырап, адам ағзасына және қоршаған ортаға зиян келтірмейді, табиғатта оңай сіңіп, топырақ құнарлылығын арттыру қабілетіне ие болады. Жақын арада биопластика қарапайым пластикке айналып, «жасыл» пластмассалардың жаппай өндірісі басталады, ғаламшарымыздың ластануы тоқтайды. Нәтижесінде табиғи қалдықтардан биологиялық ыдырайтын пластик салуатты өмір салтын жақсартуға және экологиялық таза ғаламшарда өмір сүруге балама бола алады.

52-53

Азатбек Арайбек, Қайырбек Олжас, Алматы қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары, 2020 жылғы 04 ақпандағы № 7933 «Комбинаторика элементтері» ғылым туындысы объектісіне авторлық құқықпен қорғалатын құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік алды.

54-55

Кульбаев Алтынбек, Аманкулова Шолпан, Алматы қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары, 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 7878 «Құқық негіздері пәні бойынша олимпиадаларға дайындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулық» объектісіне авторлық құқықпен қорғалатын құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік алды.

56-58

Тоғайбаев Руслан, Кротова Анастасия, Жаулбаев Азат, Алматы қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары, 2020 жылғы «16» шілдедегі № 11377 «Collection Of Research Papers In The Framework of Global Perspectives and Project Work» объектісіне авторлық құқықпен қорғалатын құрама туындыға мәліметтерді мемлекеттік тізілімге енгізу туралы куәлік алды.

59

Құрман Бақытхан, Алматы қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы, 2020 жылғы «31» қаңтардағы № 7877 авторлық құқықпен қорғалатын құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік алды.

60

Толегенова Асель, Алматы қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы, 2020 жылғы 13 ақпандағы № 8143 Абайдың «Қара сөздеріндегі» тағылым ғылым туындысы объектісіне авторлық құқықпен қорғалатын құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік алды. Көмекші құрал. «Learning Abay's "Words of Wisdom". A study guide».

61

Маханов Ерасыл, Шымкент қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы, № 13146 «Artificial ECO-Tree» ғылыми-зерттеу жобасы» объектісіне авторлық құқықпен қорғалатын құрама туындыға мемлекеттік құқық тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік алды. Жоба авторлары ауаны тазарту үшін «Artificial ECO-Tree» жасанды көше ағашын ұсынады, ол ауаны таза етіп қана қоймай, сонымен бірге түнгі уақытта даланы

жарықтандыруға да үлесін қосатын болады, сонымен қатар гаджеттерді зарядтауға, бос уақытты өткізуге арналған электр энергиясының көзі болып, қаланың көрінісіне футуристік эстетика сыйлайтын болады.

/ 62 /

Нурсеит Нурай, Шымкент қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы, №9845 «Ғарыш кеңістігіндегі векторлар» математикалық ойыны» объектісіне авторлық құқықпен қорғалатын құрама туындыға мемлекеттік құқық тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік алды. Математикалық ойын «Стереометрия векторлары» тақырыбын қызықты әрі танымдық түрде бекітуге және астрономияның қызықты фактілерімен танысуға көмектеседі.

/ 63 /

Ильяс Диас, Шымкент қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы, «Codeline программалау онлайн-мектебі» объектісіне №13149 құрама туындысына авторлық құқықпен қорғалатын мемлекеттік құқық реестріне мәліметтер енгізу туралы куәлік алды. Бұл жоба білім беру веб-сайтын ұсынады. Пайдаланушылар өздігінен тіркеліп, авторизациядан өтіп, содан кейін тиісті оқу курсың таңдап, одан өте алады. Үдерістің функциялары көп: оқушы бейнесабактан бастап, қосымша білім беру ресурстарына дейін барлық материалдарды пайдалана алады, веб-сайттың қызметі сапалы әрі икемді оқу үдерісін қамтамасыз ете алады.

/ 64 /

Тян Елена, Шымкент қ. Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы, №11812 «Нұр-Сұлтан қаласында саяхат» математикалық ойыны және кеңістік арасындағы тік бұрыш» объектісіне авторлық құқықпен қорғалатын құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік алды.

/ 65-66 /

Уалибекова Сабина, Калиакпарова Гульжан, Қарағанды қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары, 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №12159 «Ақпаратты қорғау бағдарламаларының демонстрациялық-оқыту кешені» объектісіне авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік алды. Әзірленген «Тіс дәрігерінің АЖО» қолданбасы жоғары деңгейдегі Delphi бағдарламалау тілінде жазылған қолданба болып табылады, ол ақпаратқа жылдам қол жеткізу және әртүрлі құжаттар мен есептерді қалыптастыру уақытын қысқарту есебінен деректермен жедел алмасу негізінде стоматологиялық қызмет көрсету деңгейін арттыруға бағытталған.

/ 67 /

Жұмаділдә Алдияр, Қарағанды қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы, «Мандала» геометриялық суреттері негізінде психологиялық жеңілдеу бағдарламасы» объектісіне 2020 жылғы 08 қазандағы №12437 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік алды. Бағдарлама психологиялық жағдайды тұрақтандыруға көмектесетін «Мандала» сызбалары арқылы арт-терапия бағытына сәйкес геометриялық өрнектер негізінде күйзелісті азайтуға арналған. Сондай-ақ бағдарлама арқылы психологтан кеңес алуға болады. Бағдарламаны қолдану саласы – арт-терапия, психологиялық жағдайды бағалау.

/ 68 /

